7. Superanskaya A.V. Obshaya teoriya imeni sobstvennogo [The general theory of the proper name] (Nauka, Moscow, 1973, 367 p.) [in Russian].
8. Seidimbek A. Shygarmalary. Alty tomdyk [Essay. In six volumes]. Vol. 4 (Foliant, Astana, 2010, 728 p.) [in Kazakh].
9. Abdualiuly B. A. Bokeihan turaly estelikterdegi baiyrgy ataular qyzmetinin tildik tagylymy [Features of traditional personal names in A. Bokeikhan's memoirs]. Materials of the international scientific and practical conference "Alikhan Bokeikhan and the goals of independence", dedicated to the 150th anniversary of the birth of Alikhan Bokeikhan and the 25th anniversary of the Republic of Kazakhstan (Astana, 2016) [in Kazakh].
10. Ozhegov S.I. Shvedova N.Iu. Tolkovyi slovar russkogo iazyka [Explanatory dictionary of the Russian language] (A TEMP, Moscow, 2004, 944 p.) [in Russian].
11. Podolskaya N.V. Slovar russkoi onomasticheskoi terminologii (Nauka, Moscow, 1988, 192 p.) [in Russian].
12. Zhanuzak T. Kazak onomastikasy [Kazakh Onomastics]. Volume 1 (IS-Servis, Astana, 2006, 400 p.) [in Kazakh].
13. Dzhurayeva I.A. Social Significance Of Uzbek Anthroponyms, The American Journal of Social Science and Education Innovations, Volume 03 Issue 02, 343-350 (2021).
14. Fernandez Juncal C. Evolution of Anthroponyms in an Area of Linguistic Transition: A Socio-Onomastic Study, Names, Vol. 66 No. 2, June 2018, 85–95 (2018). DOI: <https://doi.org/10.1080/00277738.2018.1453275>
15. Sotsiolingvistika: izuchenie vzaimosviasi iazyka i obshestva [Sociolinguistics: the study of the relationship between language and society]. Nauchnye Stati. Ru - portal for students and graduates. [Electronic resource]. – 2023. – URL: <https://nauchniestati.ru/spravka/socziolingvistika/> (accessed: 08.08.2024). [in Russian]
16. Neke (erli-zaiptylyq) zhane otbasy turaly Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi, 2011 zhylygy 26 zheltoqsandagy № 518-IV [The Code of the Republic of Kazakhstan on Marriage (Matrimony) and Family, No. 518-IV dated 26.12.2011] [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Әбдуәлиұлы Б. – филология ғылымдарының докторы, Сиань халықаралық шет тілдер университетінің профессоры, Сиань, Қытай Халық Республикасы. E-mail: bekzhan_a7@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1481-8850.

Махмұт Г. – PhD докторант, Шыңжаң университеті, Үрімжі, Қытай. E-mail: gulmira.makhmut@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5843-9380.

Юйянь Чжан – саяси ғылымдар докторы, доцент, Ланжоу Орталық Азия зерттеу институты және Саясаттану және халықаралық қатынастар институты, Ланжоу, Қытай. E-mail: zhangyuyan@lzu.edu.cn, ORCID: 0000-0003-0923-0737.

Abdualiuly B. – Doctor of Philology, Professor, Xi’an International Studies University, Xi’an, People’s Republic of China. E-mail: bekzhan_a7@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1481-8850.

Mahmut G. – PhD student, Xinjiang University. E-mail: gulmira.makhmut@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5843-9380.

Zhang Yuyan – PhD, Associate Professor, Lanzhou University, Lanzhou, China. E-mail: zhangyuyan@lzu.edu.cn, ORCID: 0000-0003-0923-0737

Абдуәлиұлы Б. – доктор филологических наук, профессор, Сианьский международный университет иностранных языков, Сиань, Китайская Народная Республика. E-mail: bekzhan_a7@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1481-8850.

Махмұт Г. – PhD докторант, Синьцзянский университет, Урумчи, Китай. E-mail: gulmira.makhmut@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5843-9380.

Чжан Юйянь – доктор политических наук, доцент, Ланьчжоуский университет, Ланьчжоу, Китай. E-mail: zhangyuyan@lzu.edu.cn, ORCID: 0000-0003-0923-0737.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

К.А. Батырбекова¹ , С.Р. Боранбаев² , Н.С. Халикова³ 
^{1,2}М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,
Қазақстан
³Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан
(E-mail: ¹*kamshat.batyrbek@mail.ru, ²sandybai60@mail.ru, ³khalikova_nurila1976@
mail.ru)

Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіштер және «Байтарату'л-вазих» қолжазбасының маңызы

Аңдатпа. Мақалада орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер қарастырылып, соның ішінде «Байтарату'л-вазих» ескерткішіне байланысты мәселелер талданады. Қыпшақ жазба ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын зерттеу, олардың арасындағы тарихи-генетикалық байланыс пен тарихи даму арналарын анықтауға мүмкіндік туғызады. Мақалада атбегілік пен жылқыға байланысты, әскери өнерге қатысты «Китаб фи рийазати-л-хайл» және «Китаб байтарату-л-вазих», «Муният-ул-гузат», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» атты жазба ескерткіштерге талдау жасалынды. Соның ішінде «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің ерекшелігі анықталды. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – атбегілік пен жылқыға байланысты ветеринарлық қызмет туралы еңбек. «Байтарату'л-Вазих» қолжазбасы – ветеринария саласындағы аса маңызды еңбек ретінде қыпшақ тілінің ғылыми лексикасының дамуын, сондай-ақ ортағасырлық қыпшақтардың мәдени-рухани және әлеуметтік өмірін зерттеуге мүмкіндік туғызатын ақпараттардың жиынтығы. Мақалада бұл қолжазбаның құрылымы, мазмұны, тілі және тарихи мәні талданады, сонымен қатар оның қазіргі тіл ғылымы мен мәдениеттану салалары үшін маңызы қарастырылады.

Орта ғасырлық құнды жазба ескерткіштерді зерттеп, оларға лингвистикалық, тарихи тұрғыдан талдаулар жасаудың қазақ ғылымы үшін маңызы үлкен. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді ғылыми айналымға түсіріп, олардың ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу бүгінгі таңда қазақ тіл білімі ғылымы үшін үлкен міндеттерді алға тартуда. Мақаланың басты мақсаты – мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштердің қазақ халқы үшін маңыздылығы мен олардың қазақ халқы ғылымы мен мәдениеті үшін орнын айқындау және «Байтарату'л-вазих» атты еңбектің басты ерекшелігін анықтау.

Түйін сөздер: мәмлүк-қыпшақ тілі, орта ғасырлық қолжазбалар, тарихи жазба мұралар, «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші, атбегілік, ветеринарлық кітап, этникалық топтар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-45-60>

Түсті: 02.12.2024; Жөнделді: 10.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

¹ Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Әрбір халықтың рухани әлемінің қайнар көзі көне тарихтардан бастау алады. Адамзат қоғамының ажырамас бөлігі болып табылатын тілдің дамуы халықтың тарихымен тығыз байланысты. Тілдің қалыптасуы мен дамуы үздіксіз және күрделі процесс. Ол әлеуметтік, мәдени және тарихи факторлардың ықпалымен жүзеге асып, ғасырлар қойнауында үнемі өзгеріп, дамып отырды. Тіл тарихын зерттеу арқылы белгілі бір халықтың мәдениеті, тарихы және этногенезі туралы маңызды әрі құнды мәліметтер ала аламыз. Сонымен қатар, тіл тарихын зерттеу тілдік құбылыстардың өзгеру үдерісін түсінуге мүмкіндік береді. Тілдің өзгеруіне әсер ететін ішкі және сыртқы себептер тіл дамуының өзіндік заңдылықтары. Көне түркі тілінің табиғи болмысы ғасырлар бойы көптеген өзгерістерге ұшырады.

Тілдің тарихи даму заңдылықтарын зерттеу – жалпы тілтану ғылымының күрделі мәселелерінің бірі. Белгілі бір кезеңде өзгеріске түсіп отыратын тілдік құбылыстардың сырын білмейінше, тілдің өзіндік сипатын, мән мағынасын түсіну мүмкін емес. Осы орайда, тарих тереңінде жатқан жазба ескерткіштердің тілін зерттеу, қазақ тілінің тарихи дамуын зерделеуге мүмкіндік туғызады. Тіл біліміне қатысты түркологиялық зерттеулер қай уақытта да тілші ғалымдардың назарын өзіне аударған күрделі мәселелердің бірі. Түркітану мәселелеріне өзіндік пікір айтып, жан жақты зерттеу жүргізген В. Варгольд, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С. Малов, В. Владимирцев, Г. Рамстедт, Н.А. Баскаков, В. Томсен, А.Н. Кононов, А.Н. Самойлович, Н. Катанов т.б. ғалымдарды ерекше атауымызға болады. Отандық түркітану ғылымындағы зерттеу Ш.Уәлихановтан бастау алады. Түркі тілдерінің табиғи болмысын, дамуы мен қалыптасуын ғылыми негізде зерттеген А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, А. Аманжолов, Қ. Жұбанов, Ә. Марғұлан, М. Томанов, Ғ. Айдаров, М. Балақаев, Ә. Қайдар, Ә. Құрышжанов, М. Оразов, Б. Сағындықов, Р. Сыздықова, т.б. ғалымдар еңбектері қазақ тіл білімінің түркологиялық өрісін кеңейтті.

Түркі тілдерінің даму тарихын зерттеуде орта ғасырлық кезең ерекше маңызға ие. Бұл кезеңде түркі халықтарының мәдениеті, әдебиеті және тілі айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, тарихи оқиғалар арқылы үлкен даму жолынан өтті. Орта ғасырда қыпшақ тілі кең тараған маңызды тілдердің қатарында болды. Түркі тілдерінің негізгі бөлігінің түп тамыры болып есептелген қыпшақ тілінің өз кезеңінде Алтайдан Дунайға дейінгі аймақтарда қолданылуы оның тарихи және мәдени маңызын байқатады. Өз кезеңінде қыпшақ тілі халықтар арасында қарым-қатынас тілі ретінде халықаралық деңгейге көтерілді. Сонымен қатар, орта ғасырда қыпшақ тілі ғылым тілі, әдебиет пен жазба ескерткіштердің тілі, іс-қағаздар тілі, сауда, әскери басқару тілі ретінде қолданыста болғандығы белгілі. Орта ғасырдағы қыпшақ тілінің Еуразия және Жерорта теңізі аймақтарындағы үстемдігі қыпшақтардың көшпенділік өркениеттің биік үлгісін байқатады.

Мәмлүктер билігі кезінде Мысыр мен Сирия жерлерінде қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің біразы Европа елдерінде және Түркияның сирек жазбалар қорында сақталған. Шетелдік кітапханалар мен мұрағаттар қорларында сақталған барлық түркі халықтарына ортақ құнды жазба ескерткіштердің түркі халықтары үшін алар орны ерекше. Аталған ескерткіштерді зерттеу жалпы түркі халықтарының тілін, соның ішінде қыпшақ тобынан шыққан қазақ тілінің тарихи даму жолын анықтауда маңызды орын алады. Мәмлүк билігі кезіндегі жазба ескерткіштерді М. Хоустма, А. Зайончковский, Ш. Телегди сияқты ғалымдар әлемдік мұрағаттардан тауып, баспадан шығарды. Оларды аударып, тілдік ерекшеліктеріне тоқталды. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған құнды ескерткіштерді Х. Кун, М. Хоустма, А. Зайончковский, Ш. Телегди, Ә. Наджип, Ә. Фазылов, Р. Ермерс т.б. шетелдік ғалымдар зерттеген. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштер туралы алғаш ғылыми зерттеу жүргізген Б. Агалай, А. Инан, Р. Топарлы сынды түрік ғалымдарын ерекше атап өтсек болады. Аты аталған ғалымдар көптеген қолжазбаларды мұрағаттардан тауып, ғылыми айналымға түсуіне себепкер болған. Түрік ғалымдарынан М. Өзиевтің, С. Гөгенлі, Х. Йанык, Ж. Демирджи, М. Ағар, т.б. түрік ғалымдары мәмлүк-қыпшақ ескерткіштерін қарастырған. Зерттеу нысанына алынған «Байтарату-л-вазих» жазба ескерткіші мәмлүк

қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық құнды жазба ескерткіштерінің қатарында. «Байтарату' л-вазих» жазба ескерткіші Мехмет Әмин Ағардың, Джан Озьгюрдің және Куртулуш Озтопчуның басшылығымен басылды.

Қыпшақ тайпаларының этногенезі мен туыстық шығу тегі мәселелеріне тілдік, тарихи тұрғыдан зерттеулер жүргізіп жүрген А. Құрышжанов, Т. Арынов, Б. Көмеков, Б. Сағындықов, Ә. Керімұлы, А. Ибатов, С. Ақынжанов, А. Гаркавец, А. Қадырбаев, С. Құдасов, Қ. Саки, Б. Батыршаұлы, Қ. Анарбаев, С. Боранбаев, Б. Сүйерқұл, М. Сабыр, Қ. Садықбеков т.б. сынды ғалымдарды атап өтсек болады. Ә.Н. Наджип, Ә.И. Фазылов, А. Юнусов, М. Зияев, А. Құрышжанов, М.Н. Маженова, Т. Арынов, А.З. Рүстемов, С. Дүйсенов, М.Б. Сабыр, А. Әлібекұлы, Е. Есбосынов, Т. Қыдыр, Қ. Саки, Қ. Садықбеков, Қ. Қыдырбаев, Қ. Аубакирова, А. Мұстафаева сияқты зерттеушілер мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді зерттеп, ғылыми айналымға түсірген. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жәдігерлер ғалымдардың зерттеу нысанына айналғанымен, ендігі бір бөлігі тілші ғалымдардың алдына көп міндеттерді қойып, жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы барысында қазақ тілінің тарихи дамуын зерттеуге септігін тигізетін мәмлүк-қыпшақ тілдерінде жазылған орта ғасырлық еңбектерге, соның ішінде «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішіне талдау жасалынды. Мақаланы жазу барысында төмендегідей әдістер қолданылды: *деректерді жинау, талдау, библиографиялық, жинақтау, жүйелеу, топтау, тұжырымдау, сұрыптау, сипаттау, тарихи-салыстырмалы* т.б. Мақалада қарастырылған мәселе бойынша түркітанушы ғалымдардың осы кезең жазба ескерткіштеріне қатысты ой-пікірлері жүйеленді. Мәмлүк-қыпшақ тілдерінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштер мен «Байтарату'л-вазих» еңбегін зерттеуде түрік ғалымдары мен отандық ғалымдардың еңбектері жинақталды. Тіл білімі саласында зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері, олардың түркі тілдерінің дамуына қатысты айтқан теориялық пайымдаулары, ғылыми нақты көзқарастары келтірілді. Орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері жайлы тарихи деректерді талдауда деректанулық талдауды қолданудың маңызы зор. Атбегілік пен жылқыға байланысты ветеринарлық қызмет туралы «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші жайлы отандық ғылымда айтылғанымен, жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. «Байтарату'л-вазих» және мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған басқа да жазба ескерткіштерді зерттеуге арналған еңбектерді жүйелеу, тақырыптың зерттелу деңгейіне шолу жасауға мүмкіндік туғызады.

Түркі тілдерін, соның ішінде қыпшақ тобына кіретін қазіргі қазақ тілінің қалыптасу, даму тарихын зерттеуде, олардың тарихи-салыстырмалы грамматикасы мен тарихи лексикологиясын анықтауда, әр тілдің өзіне ғана тән қыр-сыры мен ерекшелігін айқындауда орта ғасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерінің алар орны ерекше. Әсіресе, мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері тілін зерттеу қыпшақ тобындағы тілдердің даму тарихын зерделеуге жол ашады.

Талқылау мен нәтижелер

Орта ғасырдағы қыпшақтар саяси-тарихи маңызды орында болды. Тамыры тереңде жатқан түркі халықтарының төл тарихында қыпшақтардың алар орны ерекше. Әсіресе қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуының негізі орта ғасырлық қыпшақ қоғамымен тікелей байланысты. «Қыпшақ халқының қалыптасуына ортақ әдеби тілдің пайда болуы үлкен үлес қосты. Қазақ тілінің ежелгі арнасы және қазақтың түр-түсінің қалыптасуы да дамып-жетілудің өзіндік бір жағы болып саналады. Орта ғасырдағы қыпшақ тегінің бір арнаға құйылып, үлкен халыққа айналуы да қазақ этногенезімен тікелей байланысты еді. XI-XII ғғ. қыпшақ ру-тайпаларының бір арнаға құйылып жетілуі қазақ ұлтының дүниеге келуінде маңызы зор болды» [1, 13].

Қыпшақтардың тарихында Мәмлүк мемлекетінің құрылуы маңызды тарихи оқиғалардың бірі болып саналады. «Жазба жәдігер құрамынан лауазымдық атауларды анықтау барысында қыпшақ хандығы құрамында белгілі бір саяси-әлеуметтік мемлекеттік құрылым болғанын анықтау, сондай-ақ лауазымдық атаулар, әскери қару-жарақтар мен әкімшілік-құқыққа қатысты тарихи бірліктер мен архаизмдерді тауып, олардың қазіргі қазақ тіліндегі этнолингвистикалық сипатын таныту қазіргі кезең үшін маңызды шаруа» [2, 69]. Қыпшақтар араб және ислам әлемінде үлкен ықпалға ие болды. Мәмлүктер әскери және саяси құрылымдарға әсер етіп, мемлекет басқару ісіне тікелей араласты. Мәмлүктер билік еткен кезеңде Мысыр мен Сирия жерлерінде негізгі қатынас тілі қыпшақ тілі болды. Осылайша қыпшақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне дейін көтерілді. Қыпшақ тілінің ықпалы көптеген әдеби-мәдени мұралардың дүниеге келуіне де әсер етті. Далалық көшпелі өркениеттің ықпалы негізінде пайда болған ескерткіштердің бір тобы – мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері. Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған көне қыпшақ ауызекі тілі мен көне қыпшақ жазба әдеби тілі мәмлүк-қыпшақ дәуірінде өркендеп дамыды. Орта ғасырларда қыпшақ тілінде көптеген грамматикалық еңбектер, сөздіктер, әдеби шығармалар жазылып мұра болып қалды. Қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер бүгінгі таңда рухани-мәдени құндылықтарымыздың бірі ретінде бағалануда.

Қыпшақтар – орта ғасырлық түркі тайпаларының бірі. Қыпшақтар өз заманында орасан зор аймаққа билік жүргізіп, саяси-этникалық өзгерістерге ықпалын тигізді. «Орта ғасыр заманында қыпшақтар ұлан байтақ территорияны мекендеген. Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларынан бастап Балқаш көлінің маңайындағы иен даланы түгел қамтыған. Осынша жердің барлығы Дешт-и-Қыпшақ («Қыпшақ даласы») деген жалпы атаумен аталған. Қыпшақтар бұдан да басқа жерлерде, Египет пен Сирияда, Батыс Украина аймағы мен Шығыс Европа елдерінде де өмір сүрген» [3, 44].

Дешті Қыпшақ даласынан Жерорта теңізіне дейін жетіп, ол жерлерде билік құрған қыпшақтар Мысырда өз билігін жүргізген. Бұл кезең мәмлүк қыпшақтары мемлекет ісін өз қолдарына алып, патшалық құрған кезең болып есептеледі. Мәмлүк қыпшақ кезеңі ірі тарихи оқиғалармен байланысты болды. 1250 жылы ортағасырлық Мысыр сұлтандығының негізінқалаушы Айюбидтерәулетіқожаындарынанөкіметбилігінтартышалғанмәмлүктер 1517 жылға дейін мысырлықтарға билік жүргізді. Бастапқыда патшаның күзетшісі қызметін атқарған құлдар, уақыт өте келе, ақылы мен айласы, ұйымдастырушылық қабілеттерінің мықтылығының арқасында әскери және әкімшілік орындарды иемденіп, билеуші тап, мемлекет қайраткерлері дәрежелеріне дейін көтерілген. Тарихи деректерге сүйенсек мәмлүктер негізінен, қыпшақ өкілдерінен шыққан жауынгер құлдар болып саналады. Мәмлүк араб тілінен кірген кірме сөз. «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» мәмлүк сөзіне мынандай анықтама берілген: «Мәмлүк – 1. Құл. 2. Иелігіндегі қол астындағы. 3. Мысыр сұлтандарының түркілік құлдардан құрылған әскері [4, 353].

Мысырдағы мәмлүк сұлтандарының билігі өз заманының елеулі оқиғаларың тарихта қалуына негіз болды десек болады. Өйткені билік басындаға әкімшілік, ел басқару, әскери, мәдени істерге біршама өзгертулер енгізді. Мысалы, басқару жүйесі қайта құрылып, өздеріне дейінгі қалыптасқан әскери құрылымды сақтап, атты сарбаз әскери жасағын өте жоғарғы деңгейде дамытты. Ғылым мен әдебиет дамып, түркі тіліндегі оқулықтар мен әдеби шығармаларды араб және парсы тілдеріне немесе керісінше араб және парсы әдеби шығармаларын қыпшақ тіліне аудартты. Билік басындағы мәмлүк-қыпшақ сұлтандарының ордаларына Алтын Орда мен Түркістаннан келген оқымыстылар қоныстанды. Осы кезеңнен мамлүк-қыпшақ әдеби тілінде жазылған әртүрлі бағыттағы еңбектерді дүниеге келді. Атап айтсақ, лексикографиялық-грамматикалық сөздіктер, әдеби еңбектер, діни, әкімшілік іс, соғыс өнері мен ат бегілікке қатысты, мал дәрігерлік сарында жазылған дүниелер. Сондай-ақ араб тілді білімпаздар өз елінің мүддесі үшін қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатында түркі тіліне қатысты алуан түрлі сөздіктер, грамматикалық оқулықтар, үлкен-кішілі анықтамалар мен нұсқаулықтар жазып шықты. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған мұндай еңбектер сол кезеңдегі өмір талабына байланысты туындаған

еңбектер болды. Уақыт өте келе, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер тілдік деректер мен тарихи-мәдени ақпараттарды бойына жинақтаған құнды жәдігерлерге айналды. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді тарихи әрі тілдік тұрғыдан талдау, қыпшақ тобындағы тілдердің қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге үлкен мүмкіндік туғызады. Ғалым М. Сабыр «Қыпшақтану» еңбегінде «Түркітануда көне қыпшақ жазба ескерткішінің зерттелуі, жүйеленуі, олардың тілінің фоно-морфо-семантикалық тұрғыдан қарастырылуы өзекті мәселе» деп тұжырымдайды [5, 38].

Белгілі бір этностың дүниетанымы, мәдениеті, шаруашылығы, салт-дәстүрі мен наным-сенімдері тілі арқылы көрініс тауып отырады. Тілдің өзіндік ұзақ даму тарихы бар. Қаншама ғасырларды артқа тастаған тіл уақыт өте келе, фонетикалық, лексика-семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Уақыт өте келе мағынасы күңгірттенген, тіпті халық жадынан жоғалтып алған атаулардың сырын ашуда тарих қойнауында жатқан жазба мұралардың орны ерекше. Сондай жазба ескерткіштердің үлкен тобына орта ғасырлық қыпшақ тілінде жазылған құнды жәдігерлерді айта аламыз. Сирия мен Мысыр жерлерін мекендеп билік жүргізген қыпшақтар жергілікті халықтардың саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени, ғылыми өміріне қатты ықпал жасады. Мысырда туындаған көптеген аңыздар, нақты тарихи оқиғалар, дәстүрлер, сәулет ескерткіштері мәмлүк билігімен тікелей байланысты туындаған, ал сол кезеңде дүниеге келген жазба ескерткіштер түркология ғылымында мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері деп аталады. «Түрік сұлтандарының үкіметі айбынды еді: олар өз ана тілінде сөйлейтін, басқару биліктерін де осы тілде жүргізетін. Түркі тілі туған тілге лайықты құрметке ие болатын. Мемлекет басшылары мен түркі халықтарының ұйытқысы негізінен қыпшақтар болғандықтан, сұлтан сарайының маңындағылар қыпшақ тілінде жазып, қыпшақ тілінде сөйлеген. Қыпшақ тілі мәмлүктер мемлекетінде түркі тайпаларының әрі ауызекі сөйлеу тілі, әрі жазба тілі (іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын тіл) болып тұрды. Ол дәуірде бұл тілде қолтума көркем әдебиет шығармалары мен аударма әдебиеттер де туындай бастады» [3, 53].

Тарихта өзіндік із қалдырған түркі-қыпшақ тіліндегі құнды жазба ескерткіштердің бір бөлігі Мысыр мен Шам аймағында пайда болған. Мәмлүктер билігі кезеңінде Мысырда кеңінен қолданылған мәмлүк-қыпшақ тілі әртүрлі тақырыптық-мазмұндық сипаттағы жазба ескерткіштердің пайда болуына тікелей әсер етті. Мәмлүк қыпшақ кезеңінде түркі (қыпшақ) тілін үйрену мақсатында әртүрлі грамматикалық сипаттағы еңбектер мен сөздіктер пайда болған. «Китаб ал-идрак ли лисани эл-атрак», «Китабу мажжму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси», «Китаб эт-тухфа аз-закийя фил-луғати ат-туркийя», «Эл-Кауанин эл-куллийа лидабт эл-луғат-эт-туркийя», «Китаб ад-дурра ал-мудыййа фи эл-луға эт-туркиййа ала эт-тамам уә эл-кәмәл», «Китаб эл-булғати эл-муштақ уә фи луғати эт-турк уә эл-қифджақ», «Әш-Шудур ад-заһабия уә эл-қита эл-ахмадия фи эл-луғат эт туркия» атты еңбектерді осы сипатта жазылған жазба ескерткіштердің қатарына жатқыза аламыз.

Мәмлүктер дәуірінде жазылған еңбектердің бір бөлігі әдеби, мәдени еңбектердің қатарын құрайды. Әдеби жанрда жазылған шығармалардың қатарына «Китаб Гулистан бит турки», «Диуани Қансуһ эл-Ғаури» сынды жазба ескерткіштерді жатқызуымызға болады.

Мәмлүк кезеңінде діни-дидактикалық бағытта «Иршад ал-Мулуук уә ас-салатин», «Китабу эл-Мақаддима Әбу Лайс әс-Самарқанди», «Китабу эл-Фикһ», «Китабу эл-Фикһ билисани ат-турк», Муқаддиматул-ғазнауи фил-Ибат», Ал-Анвар ал-мудиа», «Китаб әд-Дағва», «Иршад-ул-Мулуук уә әс-Салатин», «Неһжул Ферадис» атты жазба мұралар жазылған.

Мәмлүк қыпшақтары билік жүргізген аймақта жазылып осы күнге келіп жеткен ескерткіштердің ендігі бір тобын әскери сарында жаугершілік, соғыс өнері, атбегілік тақырыптарында жазылған шығармалар құрайды. Мәмлүк сұлтандары билік құрған тарихи кезеңде мәмлүктер соғыс өнерін шебер мерген сарбаздардан құралды. Мәмлүк қыпшақтарының соғыс алаңындағы ең сенімді серігі жылқы болып есептелді. Египет жерінде жүріп мініс аттарын Дешті Қыпшақтан алдырған мәмлүктер өз заманында жылқы,

оның түрлері, оларды баптау мен емдеу туралы арнайы еңбектер жаздырған. Мәмлүк қыпшақтарының қоғамында жылқының орны ерекше болған. Мәмлүк-қыпшақтары жылқы малын ерекше қадірлеген. Жылқылар мәмлүк қыпшақтарының әскери күшінің негізгі қайнар күші ретінде саналған. Әскери өнерге жан-жақты дағдыланған жауынгерлік рухы жоғары мәмлүктер ат үстінде соғысудың, садақпен оқ ату мен қылыштасудың шеберлері болған. Әскери дайындығы мен тәртібі жоғары деңгейде болған мәмлүк сарбаздарының жауынгерлік әдістері мен тактикасы арқылы ерекше көзге түскен.

Атбегілік мәмлүк қыпшақтары мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде саналған. Мәмлүктер жылқыны тек көлік ретінде ғана емес, сонымен қатар соғыс өнерінің ең үздік құралы ретінде пайдаланған. Жылқының күтімі, оны баптау мен үйрету, жылқы малын емдеу мәмлүк қыпшақтары өмірінің негізгі бір бөлшегі ретінде саналған. Жылқы бәйгелері мен түрлі ат спорттары мәмлүк қыпшақтарының дәстүрлерінде маңызды орын алған. Ат спорттары арқылы олар өздерінің әскери дайындықтарын жетілдіріп, дене шынықтыруларын арттырған. Жылқылардың денсаулығы мәмлүк қыпшақтары үшін өте маңызды болған. Олар жылқыларды емдеудің түрлі әдістерін қолданған және бұл салада білікті мамандар болған. Жылқы ауруларын емдеудің дәстүрлі әдістерін қолдана отырып, олар өздерінің әскери күшін сақтау үшін жылқылардың денсаулығын бақылап отырған. Мәмлүк-қыпшақтары жылқы малын күтіп-баптау және емдеу жұмыстарымен айналысып, мал дәрігерлік саласында да үлкен тәжірибе жинақтаған. Атбегіліктің қыр-сырын толық меңгерген мәмлүк қыпшақтарының бойындағы бұл қасиет олардың жауынгерлік қабілетін арттырып, басқа мемлекеттер арасындағы құрметі мен беделін қуаттай түскен. «Қыпшақтан шығып, Египет пен Сирияны (1250-1382 жылдар аралығында) мәмлүк сұлтандары мен бектері жылқының қадірін шын мәнінде білген билеушілер. Олар жылқы малына мылақау хайуан емес, мәмлүктің әскери серігі, соғыс құралы деп қараған. Жат жердегі қыпшақ үстемдігі шабаңдоз бен сәйгүлікке негізделген және осы екі фактордан туындаған абсолюттік билік болғандығы белгілі» [6].

Египет пен Сирияны билеген мәмлүк әскері әскери өнер мен атбегіліктің қыр сырын жан жақты меңгерген сарбаздардан құралды. Мәмлүк сұлтандары мен бектері жылқының қадірін шын мәнінде білген, оларды әскердегі ең сенімді серік, соғыс құралы ретінде қараған. Шабаңдоз мәмлүктер сәйгүлік аттарға мінуді ғана емес, ат үстінде садақ атып, найзамен түйреп, қылыш сілтеу, шокпармен соғу сияқты соғыс өнерінің шеберлігін де меңгерген. «Сұлтан Бейбарыс», «Қыпшақ мәмлүктер», «Бағдаттағы Жалайыр билігі» зерттеулердің, «Мәмлүктер – соғыс өнері» атты кітаптың авторы шығыстанушы, мәмлүктер тарихын зерттеуші, арабтанушы Қайрат Сәки мәмлүк қыпшақтары туралы көптеген зерттеулер жасаған. Мәмлүктанушы ғалымның мәмлүктердің атбегілік өнері атты зерттеуінде мәмлүк қыпшақтарының өздеріне мініс атын сонау Дешті Қыпшақтан алдырғаны жөнінде тарихи деректер келтіреді. «Мәмлүк дәуірінде жылқы, оның түрлері, оны баптап, емдеу туралы жазылған арнайы шығармалардың саны оннан асады. Көптеген тарихшылар жанама жазса да бұл тақырып жөнінде қалам тартқан» деп атап көрсетеді ғалым Қайрат Саки [6].

Атбегілік пен жылқыға байланысты, әскери өнерге қатысты орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің қатарына «*Китаб фи рийазати-л-хайл*» (немесе «*Китаб ал-хайл*») және «*Китаб байтарату-л-вазих*», «*Муният-ул-гузат*», «*Китаб фи ғылым ән-нушишаб*» ескерткіштерін жатқызамыз. Мәмлүктанушы Қ.Сәки мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған атбегілік, жылқы малы туралы жазылған еңбектер туралы мынандай пікір білдіреді: «Тек мәмлүк дәуірінде жылқы, оның түрлері, оны баптап, емдеу туралы жазылған арнайы шығармалардың саны оннан асады. Көптеген тарихшылар жанама жазса да бұл тақырып жөнінде қалам тартқан» [6]. Атбегілік, соғыс өнеріне әскери – іске қатысты, ветеринария ісіне қатысты жазылған жазба ескерткіштер мәмлүк-түрік әскери әдебиетінің және атбегілік туралы жазылған еңбектердің озық үлгілері.

«*Китаб фи рийазати'л-хайл*» (арабша: *الخيلا بإصاير يف باتك* - «Атбегілік туралы кітап») атты жазба ескерткіші мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған түрік жылқысы мен ат спорты,

шабандоздық, атбегілік және ат аурулары мен оны емдеу шаралары туралы жазылған еңбек. Бұл кітапта жылқылардың түрлері, олардың күтімі, жаттықтыру әдістері және ат спорты туралы жан-жақты мәліметтер беріледі. Бұл еңбек түркі тілдері мен мәдениеттерін зерттеушілер үшін құнды дерек көзі болып табылады. Сондай-ақ, бұл кітап Мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың тілі мен мәдениеті туралы маңызды мәліметтер ұсынады. Жазба ескерткіштің екі нұсқасы бар. Біріншісі Ыстамбұл нұсқасы мен Париж нұсқасы сақталған. Жазба ескерткіштің Ыстамбұл нұсқасы Баязит кітапханасының Уәли әд-Дин әфәнді бөлімінде 3176 нөмірмен сақталған. Екінші нұсқа Франция Ұлттық кітапханасында 197 нөмірмен сақталған. «Китаб фи рийазати'л-хайл» жазба ескерткішінде жылқының физиологиясы мен анатомиясына байланысты мағлұматтар жинақталған. Жылқының бойындағы қасиеттер, жылқының дене құрылымына байланысты таңдау, жылқыны жаттықтыру әдістері, жылқыны азықтандыру және оның бойында кездесетін ауру түрлері мен оны емдеу жолдары сияқты т.б. атқа байланысты мәселелер қамтылған.

Мәмлүк-қыпшақ кезеңінде араб тілінен аударылған кітаптардың ішінде ветеринарлық тәжірибеге арналған кітаптар бар. Мұндай кітаптарды ветеринарлық кітаптар (байтарнаме) деп атайды. Жылқыға сипаттама беріп, жылқының адам өміріндегі маңызы, түсі, аттың жүрісі, күтімі, ат баптау мен оларды жаттықтыру әдістері, жылқы аурулары мен оларды емдеу жолдары, жақсы жылқы таңдау әдістері жайлы жазылған еңбектерді «Байтарнаме» деп атады. Түрік тілінде *baytar* сөзі «ветеринар, мал дәрігері» (орысша: ветеринарный врач, ветеринар) деген, ал *baytarlik* мал дәрігерлік мамандық деген мағынаны білдіреді [7, 108].

Орта ғасырлық мұсылман әдебиетінде «фурусийа» жанры атбегілік өнерге байланысты қалыптасқан. Араб тілі сөздіктерінде *فُورُوسِيَا* «*furūsiyya*» сөзі «атқа міну, шабандоздық» және «рыцарьлық» («верховая езда, наездничество» и как «рыцарство») деген мағынаны білдіреді [8, 413]. «Фурусийа» термині «атқа міну, шабандоздық» мағынасын беруден де кең мағынаға ие. Ол шабандоздық өнерді, атты жаттықтыруды, ат үстінде қару жарақты пайдалану әдістерін және атты әскердің ұрыс даласында қалай әрекет ету дағдыларын қамтиды. Орта ғасырлық мұсылман әдебиетінде «фурусийа» жанрының негізін салушы Ибн Ахи Хизам. Оның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» шығармасы «фурусийа» жанрында жазылған. Мысылмандық орта ғасырда бұл лексема текті жауынгердің, әсіресе салт аттылардың ие болуы тиіс білім мен дағдыларының жиынтығын кең мағынада білдіретін термин ретінде қолданылған. «Фурусийа» термині VIII ғасырдың екінші жартысында орталығы Иракта орналасқан Аббасид халифатының гүлдену кезеңімен байланысты туындаған. Бұл жанрдағы шығармаларда атқа міну, найза және әртүрлі ұрыс қарулары, жаяу немесе атпен садақ ату, қару түрлері, әскери тактика мен стратегия, сонымен қатар жылқы шаруашылығы мен ветеринария туралы мағлұматтар беріледі. Аббасид дәуірінде «фурусийа» жанрының дамуының бастауында IX ғасырда өмір сүрген «Китаб әл-фурусийа уа-л-байтара» кітабының авторы Ибн Ахи Хизамды атауға болады. Сонымен қатар, ибн Ахи Хизамның көптеген қолжазбалары XIV ғасырға дейін көптеген бұрмалануларға ұшырған. Осы кезеңде «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» жазба ескерткіші бойынша жұмыс жасаған мәмлүк авторы Мұхаммед ибн Менгли осы кітаптың орасан зор пайдалылығын атап өтеді. Ол кітаптың жазылу тарихы, шығу тегін ғана емес авторының аты-жөнін де нақтылауға тырысқан. Оның басты себебі, ибн Ахи Хизамның есімі араб дереккөздерінде әртүрлі жазылған. Ибн Ахи Хизамның толық аты-жөні қандай болғандығы туралы қазіргі зерттеушілердің арасында да ортақ келісім жоқ. Кейбір ғалымдар Ибн Ахи Хизамды Мухаммад ибн Я'куб ибн Галиб ибн Али ал-Хуттали (Ш. Ал-Сарраф және Д. Никол) деп атаса, кейбірі Мухаммад ибн Я'куб ибн ахи Хизам ал-Хуттали (В. Гебель және М. Хайде), Абу Абдаллах Ибн Ахи Хизам ал-Хуттали (А. Эль-Касри және Дж. Хоссайни Хилали), Насыруддин Мухаммед ибн Я'куб ибн Ахи Хизам эль-Хуттели (Т. Велиоглу) деп атайды. [9, 1003]. Ғалымдардың айтуынша Ибн Ахи Хизам атының басқа да нұсқалары кездеседі. Қолжазбаларда «Ахи» кейде «Аби» деп, ал «Хизам» сөзі «Хаззам» деп те келеді екен.

«Фурусиййа» жанры XIII-XVI ғасырларда Мәмлүктер билік жасаған Египетте кеңінен дамыды. Фурусиййа шығармаларында көбінесе аттардың қасиеттері, оларды баптау әдістері, жалпы атбегілік өнерге байланысты мағлұматтар жазылады. Бұл жанр қоғамның әскери, спорттық, және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарды, әсіресе Мәмлүктер кезеңінде, онда ат спортына ерекше көңіл бөлінді. Мәмлүк-қыпшақ кезеңіндегі «фурусиййа» жанрындағы еңбектер Аббасидтер кезінде қалыптасқан дәстүрдің жалғасы болатын. Аббасидтер дәуірінде «фурусиййа» жанрының қалыптасуы мен дамуының бастауында IX ғасырда өмір сүрген ибн Ахи Хизам болатын. Ибн Ахи Хизамның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» еңбегі құнды жазба ескерткіштердің қатарында болды. Қазіргі таңда ғалымдардың зерттеуі бойынша «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» еңбегі мәмлүк-қыпшақ кезеңінде атбегілікке, ветеринарияға, әскери өнерге байланысты еңбектердің туындауына себеп болған. Ибн Ахи Хизамның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» атты еңбегі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі «Китаб әл-байтара» жылқы шаруашылығы мен ветеринарияға байланысты жазылған. Екінші бөлімі «Китаб әл-фурусиййа» деп аталады. Екінші бөлімде әскери өнер жайлы баяндалады. «У истоков же развития жанра «фурусиййа в аббасидской эпоху стоит имя жившего в IX в. Ибн Ахи Хизама, создателя книги «Китаб әл-фурусиййа ва-л-байтара», во многом определившей рамки и задавшей направление его дальнейшему развитию и широко цитировавшейся более поздними авторами» [9, 1003]. Ибн Ахи Хизамның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» еңбегін кейінгі кезеңдегі авторлар өз шығармаларын жазуда кеңінен пайдаланғаны белгілі. Бұл жазба ескерткіште араб халифатының әскери істері, ветеринария және жылқы шаруашылығы туралы мәліметтер мол.

Ислам әлемінде Аббасид кезеңінен бастау алған жылқыға байланысты еңбектер екі бағытта жазылған. Оның бірі жылқы аурулары мен оларды емдеу әдісіне байланысты жазылған шығармалар «байтарнаме» деп аталса, салт атпен жүру, ат үстінде садақ ату, қару жарақ жөніндегі шығармалар «Fürûsiye», «Haylîname», «Feresnâme» деп аталған.

- «فُرُوسِيَّة» (Fürûsiye) – ат спорты немесе жүйрік аттарды тәрбиелеу өнері. Бұл сөз араб және түрік әдебиетінде ат өнеріне қатысты айтылады.

- «هَيْلِيَّة» (Haylîname) – «Аттар кітабы» немесе «Аттар туралы жазбалар». Бұл сөз аттар мен олардың қасиеттері туралы мәліметтер жинақталған шығармаларды білдіреді.

- «فِرَسْنَامَة» (Feresnâme) – «Жүйрік аттар кітабы». Бұл да аттар, олардың қасиеттері, баптау және жарыстар туралы мәліметтер жинақталған шығармаларды білдіреді. Бұл сөздер, негізінен, ат спорты мен атқа байланысты жазылған жазба ескерткіштерде қолданылатын терминдер

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштің бірі – «Муният-ул-гузат» (арабша: فَاذْغَلَا قَيْنِم) – бұл орта ғасырлық түркі (қыпшақ) жазба ескерткіштердің бірі. Ол XIV ғасырда жазылған және мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілін зерттеуде маңызды дереккөз. Бұл еңбек әскерилер мен жауынгерлерге арналған нұсқаулық ретінде жазылған және әскери істер, жауынгерлік өнер мен тактика, сондай-ақ сол кезеңдегі әскери тәртіп пен ережелер туралы мәліметтерді қамтиды әскери-техникалық трактат. Орта ғасырлық түркі әскери әдебиетінің мазмұнды әрі ең көлемдісі болып табылады. Қолжазба 116 беттен тұрады. Қазіргі таңда жазба ескерткіш Ыстамбұлда Топкапы сарайы Ш. Ахмет кітапханасында 3468 номері бойынша сақталған. Жазба ескерткіш мәмлүк-қыпшақтардың шайқас алаңындағы әскери өнері мен дәстүрлері, атпен жүру, найза өнері, қылыштасу, садақпен ату, «чогван ат ойыны» жайлы мағлұматтар берілген тараулардан тұрады. «Муният-ул-гузат» жауынгерлік өнер туралы құнды ескерткіш. «Чогван ат ойыны» ақсүйектер ойыны болып саналған және орта ғасырларда Шығыс елдерінде атты әскерлерді дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі болып есептелген. Бұл жазба ескерткішті мәмлүк-қыпшақ әскербасы Темір бектің әмірімен аты-жөні белгісіз аудармашы аударған. Араб тілінен аударылған қолжазбаның бүгінгі таңда жалғыз нұсқасы сақталған. Қазіргі кезде Стамбул қаласында Топкапы сарай мұражайының жазба ескерткіштер кітапханасында

(Ш. Ахмет атындағы бөлімінде 3468 нөмірімен) сақталған. «Мәмлүктер билігі тұсында қыпшақ тілінде жазылған кітаптардың бірі «Муният-ул-ғузат» деп аталады. Арабтар түркілерді «Ғуз» (көпше түрі – «Ғузат») деп те атаған. «Ғуз» сөзі «оғыз» атауынан шыққан. Сыр бойынан Кіші Азия жеріне жылжыған селжүктердің негізгі құрамын толықтырған оғыз-қарлұқ тайпалары ержүректілігімен бір беделге ие болған еді. Сондықтан да арабтар арасында оғыз атауы қыпшақтар билікке келгенге дейін түркі сөзінің баламасы болды. «Түркілердің тілегі» деген мағынаны беретін бұл шығарманы аты-жөні белгісіз бір аудармашы Тимур бектің әмірі бойынша Мысыр жерінде араб тілінен аударған» [10]. Бұл кітапты құрастырушының аты-жөні белгісіз. Әйтсе де еңбектің кіріспе бөлімінде трактатты құрастырушы бұл еңбекті сұлтан жасағының басшысы Темур бектің тапсырысы бойынша аударып шыққанын айтады. Белгісіз аудармашы Темур-бектің қарамағына қызметке келгенде оған бектің: «Бізде қару туралы араб тілінде кітап бар. Егер де осы кітапты түркі тіліне аударсаң сарбаздар үшін үлкен пайда алып келер едің, ал саған осы жұмысың үшін үлкен сыйақы беріледі» деген сөзі жазылған. Осы аударма жұмысының нәтижесі «Муният-ул-ғузат» трактаты болды. «Муният-ул-ғузат» еңбегін зерттеген зерттеушілер бұл шығарманың араб тіліндегі бастапқы нұсқасы туралы әртүрлі пікірлер айтады. Х. Риттер, Я. Экманн, К. Озтопчуның тұжырымдауынша, бұл трактат VIII ғасырдағы араб авторы Мухаммед Ибн Я'куба Ибн Ахи Хизаманың (кейбір дереккөздерде Хаззама) «Китаб ал-фурусиййа ва-л-байтара» шығармасына негізделеді. Ал Ф.Э. Каратай бұл «Муният-ул-ғузат» еңбегінің қайнар көзі араб тілінде жазылған «Ал-фурусиййа фи рамй ал-джихад» атты трактат деп есептейді. Мәмлүк-қыпшақ әскери «Муният-ул-ғузат» атты трактатты Ибн Ахи Хизаманың «Китаб ал-фурусиййа ва-л-байтара» еңбегімен салыстыра зерттеген ғалымдар В.В. Понарядов пен В.Н. Мушаев «Синтетическое и аналитическое подчинение в мамлюкско-кыпчакском военном трактате «Мунйат ал-гузат» атты мақаласында «Муният-ул-ғузат» трактаты Ибн Ахи Хизаманың «Китаб ал-фурусиййа ва-л-байтара» еңбегінің «Китаб ал-фурусиййа» деп аталатын әскери бөлімінің мазмұнымен терең ұқсастығын атап өтеді. «Все же сличение текстов позволяет заключить, что «Муният-ул-ғузат» является скорее не переводом «Китаб ал-фурусиййа», а весьма точным пересказом содержания этой книги» [11, 82].

Мәмлүк қыпшақтары тілінде «Китаб байтарату'л-вазих» («Китаб байтарату'л-уазих») (арабша: حِضَاوُ لَا ُفَرْطَيْبَ بَاتِكْ) – «Жылқы емдеу туралы кітап» еңбегі жылқы малына байланысты жазылған ветеринарлық кітаптардың бірі. «Байтарату'л-вазих» шығармасы ескі қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық құнды жазба ескерткіштерінің қатарында. «Байтарату'л-вазих» арабша «Байтара» ветеринарлық кітабының Махдум Толу-бектің тапсырысы негізінде жасалған аудармасы. Бұл аударма түркі-ислам медицинасы бойынша жазылған еңбектердің ішінде өте маңызды орын алады. Жазба еңбегінде жылқы малы бойындағы аурулар мен түрлі қасиеттерің, сыр-сипаттарын сипаттау ережелері белгіленеді, кейбір ауруларды емдеуге практикалық кеңестер беріледі, дәрі-дәрмектер мен аудармашының тәжірибесі көрсетіледі. Шығарманың араб тілінен аударма болуы да араб және түркі медициналық терминдерін салыстыруға мүмкіндік береді.

«Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші ветеринария тақырыбында құнды мәліметтер беретін шығарма. Кітапта жылқы күтіміне байланысты мәліметтер, жылқылардың денсаулығын сақтау және жақсарту әдістері сипатталған. Жылқыларды дұрыс азықтандыру, күтім жасау және оларды күту жолдары туралы кеңестер беріледі. Жылқылардың жиі кездесетін аурулары мен оларды емдеу әдістері жайлы мағлұматтар берілген. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – ветеринария тақырыбындағы медициналық терминдерді қалыптастырған маңызды шығарма. Жазба ескерткіште ветеринарлық медицинаның көптеген терминдерін қалыптастырған және олардың жүйеленуіне негіз болған. Ветеринарлық тәжірибеде қолданылған және осы саладағы білімнің дамуына әсер еткендігі анық. Бұл еңбек ортағасырлық мамлюк-қыпшақ қоғамының мәдениеті мен ғылымын, сондай-ақ олардың жылқы мен атбегілікке қатысты білімдерін түсінуге мүмкіндік береді. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің қыпшақ тілінің ғылыми

лексикасының дамуы мен орта ғасырлық ветеринарлық еңбектердің тілдік ерекшеліктерін зерттеуде құнды материал. Жазба ескерткіш қазіргі тіл білімі мен мәдениеттану салалары үшін маңызды дереккөз және тарихи, лексикалық және мәдени зерттеулерге негіз болатын ескерткіш. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінде аттың сипатына байланысты мол мағлұмат берілген. «Мейірімді және рақымды Алланың атымен бастаймын» деп басталатын еңбек Алла Тағаланың адам баласына ақыл мен түсінік беріп, барлық нәрселерді адамның қызметіне бағындырғанын атап өтеді. Сонымен қатар, адамға аңғарымпаздық қасиет дарытып, соның нәтижесінде олар жануарлардың жақсы мен жаманын білуге қабілеті бар екендігін айтып өтеді. Аттың қасиетін білген түркілер жақсы аттың түр-түсі де жақсы болатындығын, сондықтан аттың қасиетін анықтау үшін, оның бітіміне, жаратылысына байыптап қарау керектігін білген. Аттың сыны мен бабы, жүйрік, бәйге аттардың түрлері және жылқыда кездесетін аурулар мен оны емдеудің әдіс-тәсілдері ежелден-ақ түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінің бір бөлшегіне айналғаны белгілі.

«Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің екі нұсқасы бар. Оның біреуі Ыстамбұлдағы Топқапы сарайы мұражайының кітапханасы, Реван Көшкү бөлімінде 1695 нөмірімен тіркелген. Жазба ескерткіштің Ыстамбұлдағы нұсқасы титул бетін есептемеңде 69 беттен тұрады. Екінші нұсқа Париждің ұлттық кітапханасының Түрік бөлімінде 179 нөмірмен тіркелген. Жазба ескерткішті ғылыми әлемге алғаш Саадет Чағатай таныстырды. Шығыстанушылардың Мюнхен конгресінде жасаған хабарламасында Саадет Чағатай шығарманың тілі туралы қысқаша мәлімет берген. Жазба ескерткішті М. Агар [12], Ж. Өзгүр [13], К. Озтопчу [14] бастырып шықты. Бұл туралы қыпшақтанушы ғалым «Байтарату'л-вазих» – «Коневодство», перевод с арабского по заказу Махдума Толубея. По двум спискам – библиотеки Ревана Кошкю при дворце Топкапы в Стамбуле и Национальной библиотеки в Париже трактат, обнаруженный Саадетом Чагатаем, издан Мехметом Эмином Агаром, Джаном Озгюром и Куртулушем Озтопчу» [15, 38] деп атап көрсетеді.

Мехмет Емин Агар 1986 жылы магистрлік диссертациясында ескерткіштің Ыстамбұл нұсқасының мәтінін транскрипциялап және индекс сөздігін жасады [12]., Жан Өзгүр ескерткіш материалдары негізінде 1994 жылы «Байтарату'л Вазыһтың қыпшақша және түрікменше жазбалары бойынша қыпшақ тілінің түркменшеге айналуы (огыздануы)» атты докторлық диссертация қорғаған [13]. К. Озтопчунің мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері жайлы бірнеше зерттеу еңбектері бар [14,16,17,18,19].

Тарихта өзіндік із қалдырған түркі-қыпшақ тіліндегі құнды жазба ескерткіштердің бір бөлігі Мысыр мен Шам аймағында пайда болған. Мәмлүктер билігі кезеңінде Мысырда кеңінен қолданылған мәмлүк-қыпшақ тілі әртүрлі тақырыптық-мазмұндық сипаттағы жазба ескерткіштердің пайда болуына тікелей әсер етті. Мәмлүк қыпшақ кезеңінде әртүрлі жазылған еңбектер мен сөздіктер пайда болған. Осы кезеңде жазылған «Китаб ал-идрак ли лисани әл-атрак», «Китабу мажжму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси». атты еңбектердің құндылығын «Түркі лексикографиясы: екітілді аударма сөздіктерінің құрылымдық-мазмұнды сипаты» («Turkic lexicography: the structured-content character of bilingual translations dictionaries») [20] атты зерттеуде атап өтеді. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі жазба ескерткіштер, әсіресе «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы, тарихи, лингвистикалық және ғылыми тұрғыдан үлкен маңызға ие. Бұл қолжазбаларды зерттеу арқылы мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың мәдениеті мен тілінің даму деңгейін түсінуге, сондай-ақ сол кездегі ветеринария ғылымының дамуын анықтауға мүмкіндік береді. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттей келе, төмендегідей нәтижелерді ұсынып отырмыз:

- Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштердің тарихи және лингвистикалық мәні зор. Мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілі – түркі тілдерінің маңызды бір тармағы. Ол мәмлүк мемлекетінде ресми және әкімшілік, әдеби тіл ретінде қолданылған. Қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілінде

жазылған сөздіктер мен грамматикалық еңбектер, нұсқаулықтар мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілінің дамуын байқатады. Бұл еңбектер мәмлүк қоғамындағы тілдік және мәдени байланыстарды нығайтып, қыпшақ тілінің кеңінен таралуына ықпал етті. Сонымен қатар, бұл еңбектер қазіргі заманғы түркология ғылымы үшін құнды дереккөздері ретінде саналады.

- «Байтарату'л-вазих» – лингвистикалық тұрғыдан маңызды қолжазба. Ескерткіш лексикасын зерттеу арқылы, оның қыпшақтану ғылымы үшін маңыздылығын анықтауға болады. Жазба ескерткіште қолданылған терминдер мен сөздер мәмлүк қыпшақтарының тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін айқындайды. Бұл қолжазба арқылы мәмлүк қыпшақтарының өмір сүру салты, тұрмысы, шаруашылығы туралы көптеген ақпарат алуға болады. Мәмлүк қыпшақтарының мал шаруашылығы мен атбегілік өнерге терең мән бергені осы жазбада анық көрінеді. Бұл қолжазбаларды зерттеу қыпшақ тілі мен мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

- Мәмлүк-қыпшақ кезеңінде пайда болған жазба ескерткіштер әртүрлі ғылым салаларының дамуын байқатады. Грамматикалық еңбектер мен сөздіктер тіл білімі ғылымының, ал «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы мәмлүк дәуіріндегі ветеринария ғылымының дамуын көрсетеді. Ондағы емдеу әдістері мен ат баптауға арналған кеңестер тамыры тереңде жатқан атбегілік өнердің мол ғылыми негізі бар тәжірибесін айғақтайды. Сонымен қатар, қолжазбаны зерттеу арқылы түркология, тарих, мәдениеттану және жылқытану ғылымдарының дамуына үлес қосуға болады. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі жазба ескерткіштер, әсіресе «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы, тарихи, лингвистикалық және ғылыми тұрғыдан үлкен маңызға ие. Бұл қолжазбаларды зерттеу арқылы мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың мәдениеті мен тілінің даму деңгейін түсінуге, сондай-ақ сол кездегі ветеринария ғылымының дамуын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Еліміздің басты рухани дамуының көзі қазақ тілінің тарихын зерделесек, мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштеріне барып сүйенеріміз заңды. Орта ғасыр қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер – түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі мен діни сенімдері жайлы мол мәлімет беретін асыл мұрасы. Мәмлүк қыпшақтары дала өркениетінің дәстүрін сақтай отырып, әдеби-мәдени құндылықтар мен ғылым тілінің қыпшақ тілінде дамуына үлкен күш жұмсады. Мәмлүк қыпшақтары билік құрған заманда қыпшақ тілінде жазылған грамматикалық оқу құралдары, қыпшақ-араб сөздіктері, әскери трактаттар, жылқы малын емдеуге арналған еңбектер, әдеби шығармалар мен ауызша халық шығармашылығы мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілінің дамуына үлкен үлес қосты. Бұл еңбектер қыпшақ тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымын түсіндіруге, араб тіліндегі түсініктермен салыстыра отырып тілді үйренуге арналған маңызды құралдар болды. Мәмлүк-қыпшақ кезеңінде жазылған еңбектер мәмлүк қыпшақтарының тілдік мұрасын зерттеу тіл білімі, түркология, тарих және мәдениеттану ғылымдары үшін құнды дереккөздері болып табылады. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың тілдік ерекшеліктерінен, мәдениеті мен рухани құндылықтарынан мол ақпарат береді. Осыған орай, мақалада орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің бүгінгі күндегі маңызы айқындалды.

Мәмлүк қыпшақтарының әскери дәстүрлері, жауынгерлік өнері, атбегілік және мал дәрігерлік тәжірибелері олардың өмірінің маңызды бөлігі болған. Бұл дәстүрлер арқылы олар өздерінің әскери күшін сақтап, дамытып отырған. «Байтарату, л-вазих» – орта ғасырлық әскери өнер мен ветеринария туралы маңызды жазба ескерткіш. Оның мазмұны сол заманның әскери жануарларын күту мен емдеуге қолданылған әдістер мен тәжірибелер туралы құнды мәліметтер береді. Бұл кітаптың маңыздылығы қазіргі күнде ветеринария мен әскери тарихты зерттеушілер үшін де зор. «Байтарату, л-вазих» еңбегі әлі күнге дейін қазақ ғалымдары тарапынан толық зерттелмеген еңбектердің бірі. Бұл жазба

ескерткіштің тілін зерттеу барысында тіл білімі, тарих, қазақ мәдениеттану, түркология ғылымдары тың деректермен толығындығы анық.

Қорытындылай келе, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған, әлі де көп зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Мақалада орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері тақырыптық-мазмұндық жағынан топтастырылып, атбегілік өнерге байланысты жазба ескерткіштер талданды. Соның ішінде «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің тіл білімі үшін маңызы айқындалып, «фурусийа» жанрының өзіндік ерекшелігі анықталды. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді зерттеу еліміздің мәдени мұрасын сақтауға, қазақ тілінің даму тарихын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. К.А. Батырбекова – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазуға өз үлесін қосты. С.Р. Боранбаев – мәмлүк қыпшақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, мақала тақырыбына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге қатысты. Н.С.Халикова – мақала тақырыбы бойынша талдау жасауға қажетті дереккөздерді жинауға және мақаланы рәсімдеуге ат салысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Көмеков Б.Е. Қазақ мемлекетінің тарихы және Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 46 б.
2. Серкебаева Г.Ы., Боранбаев С.Р., Әділбекова Ж.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі көнерген лауазым атауларының «Кодекс куманикус» жазба ескерткішіндегі этнолингвистикалық сипаты//Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1(142) – Б.67-74
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1977. – 272 б.
4. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.
5. Сабыр М. Қыпшақтану. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 256 б.
6. Мәмлүктердің атбегілік өнері [Электронды ресурс]. – 2019. – URL: <https://argymaq.kz/archives/6887> (қаралған күні: 15.06.2024)
7. Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2007. – 808 б.
8. Большой арабско-русский словарь. 250 000 слов и словосочетаний. – Москва: ООО «Дом Словянской книги», 2010. – 640 с.
9. Понарядов В.В. Ибн Ахи Хизам у истоков средневековой мусульманской литературы жанра «фурусийа» // Ориенталистика. – 2023, – Т. 6, 5. – С. 1001-1009
10. Алтын Орда дәуіріндегі Қыпшақ-Мәмүлік әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы. [Электронды ресурс]. – URL: [Dashti Kurpachak \(edq.kz\)](http://DashtiKurpachak(edq.kz)) (қаралған күні 20.06.2024)
11. Понарядов В.В., Мушаев В.Н. Синтетическое и аналитическое подчинение в мамлюкско-кыпчакском военном трактате «Мунйат ал-гузат» // Вестник Калмыцкого университета. [Электронный ресурс]. – 2023. – №2(58). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sinteticheskoe-i-analiticheskoe-podchinenie-v-mamlyuksko-kypchakskom-voennom-traktate-munyat-al-guzat> (дата обращения: 22.11.2024).
12. Aḡar M. E. Baytaratü'l-vazih. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 1986, – 400 p.
Ғылымның кез келген саласының даму жолы мен оның тарихымен танысу осы ғылымды зерттейтін барлық мамандар үшін маңызды. Осы сияқты қолданбалы геометрия терминдерінің пайда болу және даму тарихына үңілу үшін терминдердің қалыптасу негіздеріне назар аудару қажет. Сондықтан осы геометриялық терминдерінің даму

¹ Хат-хабар үшін автор

үдерісіне елеулі үлес қосқан ғалымдардың геометриялық терминдері туралы мәліметтерді пайдалану маңызды болып табылады. Осындай тарихи ғұламалар мысалдары арқылы білім алушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырады, олардың материалды меңгеру белсенділігі негізгі геометриялық материалдармен бірге терминдер туралы тарихи ақпаратты бірге баяндау кезінде жоғарылайды. Дегенмен бүгінгі таңда осы пәннің оқыту барысында тарихи материалдардың өте аз көлемінде қолдануы, терминдердің тарихи мәліметтерді тиісті деңгейде меңгермегені байқалады. Әсіресе ортағасырдағы Орта Азиядан шыққан ғалымдардың сызба геометрия ғылымына қосқан жаңа ұғымдар мен терминдер үлестерімен бірге еңбектері туралы мәлімет өте аз қолданылады, тіпті әділетсіз ұмытылып кеткендері де баршылық. Бұған себеп, қолданбалы геометрия терминдері туралы тарихи мәліметтер көбінесе еуропалық ғалымдардың еңбектерін сипаттаумен шектеліп келеді. Кей жағдайда Орта Азия ғалымдарының сызба геометрия саласындағы ойлап тапқан терминдері мен көптеген ашқан жаңалықтары Батыс ғалымдарының жетістігі ретінде әділетсіз жатқызылады. XX ғасырдың соңғы жылдарында ғылыми жетістіктердің қарқынды дамуы өткен ғасырлардағы ғылыми зерттеулер мен жаңа терминдердің нәтижесі болып табылады. Осы тұрғыдан, қолданбалы геометрия саласындағы терминдерінің шығу тарихымен кеңінен танысу қажет деп санаймыз. Сондықтан мақаланың негізгі мақсаты осы олқылықты аз көлемде болса да толтыру болып табылады.

Әдіснама

Мақала ортағасырдағы Орта Азия ғалым ойшылдар мен ғалымдардың қолданбалы геометрия саласы терминдерінің дамуына қосқан үлесін зерттеуге арналған. Осы зерттеу аясында мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

➤ Ортағасырдағы Орта Азия геометрлер туралы әдебиеттерге шолу жасау, олардың ғылыми еңбектеріндегі енгізген жаңа ұғымдар мен терминдерді қарастыру. Ойшылдар мен ғалымдардың еңбектерінде қолданылған геометриялық терминдердің мән-мағынасын анықтау.

➤ Орта Азия ғалымдарының ортағасырлық тарихи кезеңдердегі дүниежүзілік қолданбалы геометрия ғылымына қосқан алғашқы геометриялық терминдерді енгізуін анықтау.

Бұл саланың ғылыми терминдердің қалыптасуына орта ғасырда өмір сүрген әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Бируни, Омар Хайям еңбектері мен зерттеулері негіз болды. Зерттеу нысанының бағытына байланысты ғылыми – теориялық аспект тұрғысынан орта ғасырда өмір сүрген ғұламалардың қазақстандық ғалымдар Әл-Машани мен А.Қ. Көбесовтің еңбектеріндегі негізгі тұжырымдары мен терминдер басшылыққа алынды. Сондай-ақ қазіргі кездегі геометрия саласындағы белгілі ғалымдардың ғылыми еңбектері, атап айтқанда Ж.М. Есмұханов, Қ.Қ. Қонақбаев, И.О. Молдеков, Ж.Ж. Жаңабаев, А.К. Байдабеков және т.б. ғылыми ізденісіміздің әдіснамалық базасы болып табылады.

Мақаланы әзірлеу барысында зерттеу тақырыбымыздың бағыт-бағдарына сәйкес әдеби және тарихи деректерді теориялық талдау, терминдерді семантикалық талдау, тарихи-этимологиялық, сипаттама, жинақтау әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Геометрия ең көне заманда пайда болған математикадағы терминдердің бірі болып табылады. Оның пайда болуына жер өлшеу және құрылыс саласындағы геометриялық білімнің дамуы мен жетілдірілуі себеп болды, кейінірек бұл білімдер адам қызыметінің басқа салаларында да қолданыла бастады. Осы тұрғыдан *геометрия* - ертедегі гректердің «geo» - жер және «metreo» - өлшеу деген сөздерінен қалыптасқан термин. Бастапқыда қолданбалы (сызба) геометрия өзінің мазмұны бойынша басқа ғылымдардың арасында ерекше орын алған: ол адамның кеңістіктік бейнелеу қабылетін дамытуға ең жақсы құрал болған, онсыз ешқандай инженерлік шығармашылықты елестету мүмкін емес еді [1,1045]. Сызба геометрия өзінің маңызын математика, медицина, физика, химия, кристаллография,

тіпті педагогика (проекцияларды салудың параметрлік әдісі), психологияда (әр түрлі өлшемдегі кеңістікті қабылдау мәселелерінде) және т.б. салаларда арттыра бастады. Сол себептен осы ғылымдардағы кейбір геометриялық терминдер ортақ болып келеді. Осы факторлардың барлығы өткен ғасырда сызба геометрияны қолданбалы ғылымдар қатарына қосуға және оған «қолданбалы геометрия» деген атау беруге негіз болды [2, 3].

Қолданбалы (сызба) геометрияның ғылым ретінде дамуы мен геометрия терминдерінің қалыптасуы француз ғалымы Гаспар Монж (1746-1818) атымен байланыстырады. Сызба геометрия жеке ғылым ретінде өркендеу дәуірін осы уақыттан бастайды. Г. Монж сызба - «техника тілі» деп атап кеткен [3, 6]. Ғалым Курдюмовтың пікірінше, «егер сызба «техника тілі» болса, онда сызба (қолданбалы) геометрия осы тілдің «грамматикасы» болып табылады» [4,3]. Осы тұрғыда қолданбалы (сызба) геометрияның сызулары, терминдері мен ұғымдары әлемдегі барлық елдерге ортақ, түсінікті болғандықтан, қолданбалы геометрия халықаралық тіл болып есептелетінін атап өткенді жөн санап отырмыз.

Табиғи органы танып білу үшін алғашқы қоғам адамдары мұқтаждықтан санауды, таңбалауды үйренген. Фигура мен сан ұғымдары геометрияда ең алғашқы басты ұғымдар болды. Мысалы, Вавилон тақталарында практикалық қажеттіліктермен байланысты есептер бар. Бұл есептер жерді бөлу, қабырға мен топырақ үйіндісін салу, каналдар, бөгеттер, қорғаныс құрылыстарын және т.б. салу кезінде адамдардың қажеттіліктерден туындаған теориялық өңдеуінің нәтижесінде пайда болған. Сонымен қатар тақтайларда тікбұрышты, трапеция және үшбұрыш тәрізді пішіндер жер бөліктерінің көптеген жоспарлары сақталған. Бірақ бұл геометриялық пішіндерді олар адамдар абстрактілі деп қабылдаған, сондықтан олар тіктөртбұрышты - «ұзындығы мен ені бар», трапецияны - «өгіздің маңдайы», сегментті - «ай өрісі», параллельді түзулерді - «қосарланған түзу сызықтар» деп атаған. Ал Орта Азия халықтары шапқыншылыққа қанша рет ұшыраса да өздерінің ертеден бері келе жатқан мәдени дәстүрлерін жоғалтпай өнер – ғылымның өркендеуіне ықпал етті. Осы айтылғанның әділдігін кейінгі кезде табылған «Орхон» ескерткіштеріндегі ескі жазу деректері, ескіден сақталған Қаратау жотасындағы және Тамғалыдағы жартасқа салынған кескіндер, Қазақстан аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары арқылы табылған «Алтын адам» киімі әшекейлерінің, басқа да бұйымдарының, қала (цитадель, рабат), Түркістандағы тұрғызылған Ахмет Ясауи сәулет ғимараты, басқа да сан түрлі мешіт құрылыстарының сол замандағы ең жоғары технологиялық деңгейде орындалғанын растайды. Осы құндылықтардың шебердің кеңістікті ойлау санасының жетілмеуінсіз, жобалауынсыз, пішу-сызуынсыз жасалуы мүмкін емес. Осы ойымызды қорыта келе біз қолданбалы геометрияның ғылым ретінде пайда болуы және терминдердің даму тарихына шолу жасасақ, бұл саланың ғылыми жетістіктері мен терминдерінің қарқынды дамуы өткен ғасырлардағы ғылыми зерттеулер мен жаңалықтардың нәтижесі болды деп санаймыз. Өкінішке орай біз зерттеген көптеген материалдарда қолданбалы геометрия терминдер туралы тарихи мәліметтер көбінесе еуропалық ғалымдардың еңбектерін сипаттаумен шектеледі. Кейде Орта Азия ғалымдарының көптеген еңгізген терминдері Батыс ғалымдарына әділетсіз жатқызылады немесе кездейсоқ айтылады [5]. Жоғарыда айтылып кеткендей, Орта Азия ғалымдарының еңбектері орта ғасырлық математика ғылымына, орта ғасырлық және жаңа еуропалық математиканың дамуына негіз болды. Нақтырақ айтсақ, қазақстандық ғалымдар Әл-Машани мен А.Қ. Көбесов қолданбалы (сызба) геометрияның негіздері орта ғасырларда Әбу Насыр әл-Фараби (870–950), әл-Бируни (973-1050), Мұхаммед әл-Хорезми (780-850), Омар Хайям (1048–1131), Насир ад-Дин Мұхаммед ат-Туси (1201–1274) және басқа да ортағасырлық ғалымдардың еңбектерінде қаланғанын атап көрсетеді. Ғаламға есімдері әйгілі әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Хорезми, Омар Хаям т.б. – түркі даласынан шыққан, ғылыми еңбектерін араб тілінде жазып қалдырған даналар. Орта Азия ғалымдары қолданбалы геометрия ғылымын және терминдерді дамытуда аса құнды табыстарға қол жеткізді және де әлемдік мәдениеттің өркендеуіне зор үлес қосты. Олардың геометрия саласындағы терминдер мен қол жеткізген табыстарын француз ғалымы, профессор Э.Ф.Гаутье «Европа мәдениеті мұсылман

ғалымдарының жетістіктерінің арқасында тек алгебрамен ғана емес, сонымен қатар математиканың басқа тарауларымен де кеңейе түсті, шындығында қазіргі батыстың математика ғылымы – Ислам математикасының жалғасынан басқа ештеңе де емес» - деп растайды [6,5]. Орта Азия математиктерінің көптеген жаңалықтары мен еңгізген терминдер әділетсіз түрде Батыс математиктеріне жатқызған фактілер де аз емес. Мысалы, «Ньютон формуласы» немесе «Паскаль үшбұрышы» деп аталатын «Бином коэффициенттерінің мәндерін есептеудің заңнамалық кестесі» деп аталатын «Бином формуласы» Омар Хайямның трактаттарында олардың пайда болуынан 300 жыл бұрын берілген. «Алгоритм» термині IX ғасырда Орта Азиядағы Хорезмнен шыққан әл-Хорезми атты ғалымның атымен байланысты. Еуропалықтар ұзақ уақыт бойы үнді сандарына негізделген есептеу жүйесін «алгоритм» деп атап келген. Автордың есімі латынша түрінде (Algorismus, Algorithmus) ортағасырлық Еуропада ондық арифметика жүйесінің белгісіне айналды және бұл термин геометрия саласында да қолданылды. Осыдан қазіргі «алгоритм» термині осыдан шыққан және оны алғаш рет Лейбниц қолданған. Сол кезден бастап, «алгоритм» термині кез келген заңды есептеу процесін білдіреді. Әл-Хорезмидің арқасында еуропалық және әлемдік ғылыми ойшылдар алгоритм ұғымымен танысты. Бұл ұғым сонымен қатар информатика және ақпараттық технологиялар саласы үшін де маңызды негіздердің бірі болып табылады. XXI ғасырда «алгоритм» ерекше мәнге ие болды. Математикалық логика мен информатика бұл ұғымды өздеріне тиесілі деп санайды. Қазіргі интернет пен ақпараттық технологиялар алгоритмдер теориясынсыз жұмыс істей алмайды. Бүгінде веб - алгоритмдер, алгоритмдік тілдер (Альфа тілі, Java, Фортран жән т.б. - әлемнің әртүрлі елдерінде қолданылатын 500-ден астам алгоритмдік тілдер), интернетте ақпарат іздеу алгоритмдері белгілі. Әл-Хорезмидің есімі осы ғылыми ұғымның атауында мәңгі сақталған. «Әл-Хорезми» сөзі XII ғасыр ішінде дамып, өзгеріске ұшыраған: ал-Хоразмий, Algorizmi, Algorismus, Alchwarism, Hwarism, Algorithm, алгоритм [7, 85]. Сонымен қатар әлемдік ғылымда әл-Хорезми «Кітап әл-джебр валь- мукабала (Толықтыру және қарама - қарсы қою кітабы трактатымен де танымал, оның атауынан «Алгебра» (аль - джебр) термині пайда болған. Мұхаммед әл-Хорезми - алгебраның негізін қалаушы, ең бірінші нөл цифрін қолданған. Араб тіліндегі әдебиетте алғаш рет адамның практикалық қызметіне қажетті мәліметтер жинағын әл-Хорезми ұсынды. Оған қоса геометриялық есептердің практикалық маңыздылығын дәлелдеді. Бұл мәселелерге оның «Алгебра» еңбегінің геометрия бөлімі арналған, ол «Өлшеу туралы тарау» деп аталады. Кітаптың 41-42 тарауларында намаз уақытын анықтауға арналған арнайы «циркуль» термині сипатталған. Әл-Хорезмиден кейін қолданбалы геометрия мәселелері оған күшті ықпал еткен көптеген көрнекті математиктердің еңбектерінде қарастырылды [8,85]. Ұлы ғалымның осы еңбегінде көптеген еңгізген терминдер бар. Мысалы, белгісіз шаманы Әл-Хорезми «түбір» (*джизр*) терминімен атап, оған келесідей анықтама береді «Түбір – бұл өзін-өзі көбейтіп тұрған кез келген нәрсе, ол бірлікке тең немесе үлкен сан, не болмаса одан кіші бөлшек болсын». Сондықтан белгісіз шаманы белгісіздің квадратының түбірі ретінде қарастырған. Әл-Хорезми қолданған «түбір» термині үнді математиктері теңдеудегі белгісіз шаманы атаған санскриттік «мула» («өсімдік тамыры») сөзінің аудармасы болуы мүмкін. Кейінірек араб әдебиетінде осы мақсатта «нәрсе» («шай») термині қолданылды. Ал белгісіздің квадраты «мүлік» («мал») деген сөзбен аталады және «оның түбірін өзіне көбейтуінен алынатын нәрсе» ретінде анықталады. Теңдеудің «еркін мүшесін» - «жай санды» - әл-Хорезми «*дирхам*» деп атаған, яғни «ақшалай бірлік». Ғалым үшбұрыштардың аудандарын есептеу ережелерін белгілеген, ол өлшеу кезінде «шынтақты» пайдаланды. Бастапқыда ол өлшемдерді «*шынтақтан шынтаққа*» дейін деп атайды, ал кейіннен - тек «*шынтақтар*» деп атайды (біз оларды «шынтақ квадрат» деп атар едік), араб шынтағы 50 сантиметрге тең. Төртбұрыштарды жіктеп, ромбты «*мусайин*» – «көз формасындағы» және ромбоидты «*шабих ал-мусайин*» - «ромбқа ұқсас», касиеттерді «перпендикулярлар» - «*самуд*» деп атайды, бұл грек *kathetos* – «тік түсуші» сөзінен аударма болып табылады. Әл-Хорезми қолданған «хорда» (*ватар*) және «жебе» (*сахм*) терминдері, бұл жерде берілген доғасы бар

сегменттің биіктігі түсініледі, ол да үнділерден алынған. Кейінірек бұл сөздер *arcus*, *chorda* (грек *chorde* - «жіп» сөзінен шыққан) және *sagitta* сөздерімен латын тіліне аударылды. Төменде «*джиба*» - «жіп» сөзінен «синустың» атауы да шыққанын көреміз [9, 100]. Атақты ғалымның «синус» ұғымын жасаудың еңбегі тиесілі екенін атап еткенді жөн көрдік. Бұл сөзбен байланысты қызықты тарих бар. Синустың геометриялық мағынасы – «доғаны керетін хорда ұзындығының жартысы». Әл-Хорезми бұл ұғымды әдемі әрі дәл атаған: «жебенің кермесі (доғаның жібі)», араб тілінде «*джейяб*» деп айтылады. Алайда араб әліпбиінде тек дауыссыз әріптер ғана бар, ал дауыстылар «айтылымдармен» - сызықтармен белгіленеді. Араб тілінде жазуды жақсы білмейтін адам кейде осы айтылымдармен шатастырып алады. Дәл осындай жағдай әл-Хорезмидің кітабын латын тіліне аударған кезде болды. Ойшылдың «*джейяб*» - «керме, жіп» сөзінің орнына ол «*джиба*» - «бұғаз, шығанақ» деп оқыған. Латын тілінде «бұғаз, шығанақ» - «*sinus*» сөзімен белгіленеді. Содан бері еуропалық математиктер бұл ұғымды оның бастапқы мағынасына назар аудармай қолданады. Әл-Хорезми еңбектерінің ортағасырлық ғылыми ойдың дамуына қосқан үлесін асыра бағалау қиын. Ғалымның данышпандығын мойындай отырып атақты ғылым тарихшысы Дж. Сартон Аль-Хорезмиді «...өз заманының ең ұлы математигі, ал барлық жағдайларды ескерсек, барлық уақыттағы ең ұлы, ғалымдардың бірі» деп жоғары бағалайды [7].

Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектеріне назар аударсақ, әлемнің көптеген зерттеушілері үлкен қызығушылық танытуда, себебі оның еңбектерінен ғалымдар бүгінгі күннің кейбір термин мәселелерінің шешімін табады. Мысалы, белгілі «алтын қима» (1,6180339887 немесе 0,6180339887) Фибоначчи саны деп аталады. Академик Ақжан Машанов (әл-Машани) бұл қатынасты әл-Фараби «әулие қатынасы» («кұдайлық қатынасы») деп атағанын дәлелдеген. Алтын қима - оңтайландыру есептерін шешудің ең қарапайым есептеу әдістерінің бірі болып табылады, ол кесіндіні алтын қима пропорцияларына бөлуге негізделген. Әл-Фараби еңбектерінде негізгі геометриялық терминдерге анықтамалар берілетіні де үлкен қызығушылық тудырады. Мысалы, «Ғылымдар тізбегі» (Ихса әл- улум) атты математикалық бөлімде келесі терминдерге анықтамалар берілген: **математика ғылымы** - «*илма т- та'лим*». «*Та'лим*» сөзі тура мағынасында «білім», грек тіліндегі *mathema* терминнің аудармасы, одан біздің математика атауымыз шыққан. **Практикалық сандар ғылымы** – «*илм ал - 'адад ал-амали*», «**Өзара өлшенетін сандар**» - *муташирика*, тура мағынасында – «ортақ» (бөлгішке ие). «**Өзара өлшенбейтін сандар**» - *мутабайина*, тура мағынасы - «қарама-қарсы». «**Жазық сан**» - *мусаттах*, «**квадраттық сан**» - *мурабба*, бұдан біздің p^2 үшін «квадрат» термині шыққан. «**Көлемдік сан**» - *муджасам*, бұл сан кубтық деп аталады. «**Куб**» - *мука'аб* (ка'б – «ойын сүйегі» деген сөзден, грекше *kubos* сияқты), «**конус**» - *махрут*, тура мағынасы «кайралған», «**сфера**» - *кура*, «**цилиндр**» - *устувана*, «**призма**» - *манишур* («қырқылған», грек *prisma* сөзінің аудармасы), «пирамида» - *санавбары* («қарағай» деген мағынаны білдіреді), «**анализ**» *тахлил* - индуктивті әдіс, «**синтез**» *таркиб* - дедуктивті әдіс. «**Шама**» деген сөз мұнда үзм деген сөздің аудармасы, тікелей мағынасы - «үлкендік». Тангенс пен котангенс сызықтарының терминдеріне келетін болсақ, Әл-Фараби, алдыңғы ойшылдар сияқты, оларды сәйкесінше «кері көлеңке» (*зилл макус*) және «жазық көлеңке» (*зилл мустав*) деп атайды. Алайда осы жерде Әл-Фараби осы сызықтар үшін әдістемелік тұрғыдан қолайлы атау енгізеді: **тангенс** «*бірінші көлеңке*» деп аталады, ал **котангенс** «*екінші көлеңке*» деп аталады. Бұдан бөлек «От жағатын айна» — парабола, «заттың жанатын қашықтығы» — фокустық қашықтық терминдерін енгізген. Әл-Фараби «лекал» терминін «*мастара*» деп атаған, бұл сызғыштың да атауы болып табылады. Ұлы ғұлама математиканың салаларының ішінде геометрияға ерекше мән береді. Оның сөзімен айтқанда, бұл «барлық ғылымдарға енетін» геометрия. Әл-Фараби киелі деп санаған ғылым - геометрия. Ол барлық ғылымдар тек геометрияның тармақтары ғана деп санайды, ал геометрия олардың тамыры деп есептейді. Егер ғұламаның геометрияға деген көзқарасын модельдесек, онда тамыры геометрия болатын ағашты елестетуге болады. Жер астында көрінбейтін тамыр геометрияны бейнелейді, ал бұтақтар математикалық, физикалық,

химиялық және басқа да ғылымдармен анықталады, олар табиғаттану, технология, экономика, саясаттану және т.б. ғылымдардың негізі болып табылады. Сондықтан ұлы ойшыл «егер сен ғылымды меңгергіңіз келсе, алдымен «*‘илм ал-хандаса*» (геометрия) ғылымымен таныс болыңыз» деген [10]. Мұны бабамыздан қалған өсиеті деп түсіну керек деп санаймыз.

Қорытынды

Орта ғасырдағы Азия ғалымдарының қолданбалы геометрия мен ойлап тапқан терминдері дүниежүзілік филология ғылымына қосқан үлесі орасан зор болды. Олар тек жаңа терминдер мен ұғымдарды қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар геометрияның практикалық қолдану аясын кеңейтті. Әл-Фараби, Әл-Хорезми, Омар Хайям, Насир әд-Дин ат-Туси сияқты ұлы ғалымдардың еңбектері ғылым тарихында мәңгі із қалдырды. Олардың еңбектері мен геометриялық терминдері Батыс Еуропаға таралып, кейінгі Ренессанс кезеңіндегі ғылыми жетістіктері мен жаңа терминдер қолданысына негіз болды. Сондықтан Орта ғасырдағы Азия ғалымдарының еңбектеріндегі геометрия терминдерін зерттеу – бүгінгі ғылым мен білім үшін маңызды міндет болып қала береді.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі.

Ә.А. Кемельбекова мақаланың тұжырымдамасын ұсыну, теориялық, тілдік материалдарды жинақтау және талдау. Г.О. Сыздыкова зерттеу нәтижелерін синтездеу, зерттеу қорытындыларын талдау.

Әдебиеттер тізімі

- Наимов С. Т. Основы возникновения и развития науки начертательной геометрии // Молодой ученый [Электрон.ресурс]. – 2014. – № 4 (63). – С. 1045-1048. – URL: <https://moluch.ru/archive/63/9886/> (қаралған күні: 20.05.2024).
- Байдабеков Ә.К. Сызба геометрия: Оқулық. Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 540 б.
- Мөддеков И.О., Муратова Г.И. Сызба геометрия: Оқулық. Тараз: ТарМПИ, 2017. - 238 б.
- Есмуханов Ж.М. Сызу. Жалпы білім беретін орта мектептің 8-9 сыныптарына арналған оқулық. – Алматы: Рауан, 1996. – 272 б.
- Есмуханова Ж.Ж. Дидактические основы оптимизации обучения начертательной геометрии (на примере вузов Казахстана): автореф... докт.пед.наук. – Москва, 1999. – 39 с.
- Мөддеков И.О., Муратова Г.И. Сызба геометриясының теориялық негіздері. – Тараз: ТарМПИ, 2020. – 104 б.
- Makmutkhodjaeva L. «European scientific thought in the works of Muhammed al-Khorezmi» // Междисциплинарный электронный научный журнал «Общество и инновации» – Society and innovations [Электрон.ресурс]. – Special issue 1, №01 (2020). – URL: <https://inscience.uz/index.php/socinov/index> (қаралған күні: 25.05.2024).
- Кадырбаев Р. Аль-Хорезми – великий математик и основатель классической алгебры// Молодой ученый [Электрон.ресурс]. – 2016. – № 12 (116). – С. 687-691. – URL: <https://moluch.ru/archive/116/31438/> (қаралған күні: 09.06.2024).
- Булгаков П. Г., Розенфельд Б. А. Мухаммад ал-Хорезми. Ок. 783 - ок. 850. – Москва: Издательство «Наука», 1983. – 232 с.
- Аль-Фараби. Математические трактаты. – Алма-Ата: «Наука», 1972. – 324 с.

Э. А. Кемельбекова*, Г. О. Сыздыкова

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Вклад ученых средневековой Азии в развитие терминов прикладной геометрии

Аннотация. Ознакомление с историей развития любой науки имеет важное познавательное и воспитательное значение для всех, кто её изучает. Обращаясь к истории возникновения и развития прикладной (начертательной) геометрии как науки необходимо обратиться к истокам её становления. Бурное развитие научных достижений в прикладной геометрии явилось результатом научных исследований и открытий в прошлые века. Достижения в области прикладной геометрии базируются на подробных исследованиях прошлого. Исторические сведения по прикладной геометрии зачастую ограничиваются описанием трудов европейских ученых. Порой многочисленные открытия ученых-математиков Востока несправедливо приписываются математикам Запада, либо упоминаются вскользь.

Данная статья посвящена обзору вклада геометрического наследия аль-Фараби, Мухамеда аль-Хорезми, Абу-р-Райхан аль-Бируни и других ученых Средней Азии. Авторы ставили перед собой цель максимально полно представить в данном исследовании заслуги ученых средневековья в развитии терминов прикладной геометрии до обоснования её Гаспаром Монжем в книге «Начертательная геометрия». В статье освещается место прикладной (начертательной) геометрии. Рассматривается история возникновения прикладной и начертательной геометрии как науки. Выделены определения основных геометрических терминов, данных великими мыслителями.

Ключевые слова: геометрия, начертательная геометрия, прикладная геометрия, геометрические термины.

E.A. Kemelbekova*, G.O. Syzdykova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Contribution of medieval Asian scholars to the development of applied geometry terms

Abstract. Turning to the history of the emergence and development of applied (descriptive) geometry as a science, it is necessary to turn to the origins of its formation. The rapid development of scientific achievements in applied geometry was the result of scientific research and discoveries in the past centuries. Advances in applied geometry are based on detailed studies of the past. Historical information on applied geometry is often limited to descriptions of the works of European scientists. Sometimes the numerous discoveries of Eastern mathematicians are unfairly attributed to Western mathematicians or mentioned in passing. This article is devoted to the review of the contribution of geometrical heritage of al-Farabi, Muhamed al-Khwarizmi, Abu-r-Rayhan al-Biruni and other scientists of Central Asia. The authors aimed to present in this study as fully as possible the merits of medieval scientists in the emergence of applied geometry terms before its justification by Gaspar Monge in his book “Descriptive Geometry”. The article highlights the place of applied (descriptive) geometry. The history of origin of applied and descriptive geometry as a science is considered. The definitions of the main geometrical terms given by great thinkers are highlighted.

Keywords: practical and theoretical geometry, descriptive geometry, applied geometry, geometric terms

References

1. Naimov S. T. Osnovy vznikhoveniya i razvitiya nauki nachertatel'noj geometrii [Foundations of the origin and development of the science of descriptive geometry] // Molodoj uchenyj [Young Researcher], № 4 (63), 1045-1048 (2014). [Electronic Recourse]. – Available at: <https://moluch.ru/archive/63/9886/> (accessed: 20.05.2024). [in Russian].

2. Baidabekov A. K. Syzba geometriya: Okulyk. [Descriptive geometry: textbook] (L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, 2021, 540 p.) [in Kazakh].
3. Moldekov I.O., Muratova G.I. Syzba geometriya: Okulyk [Descriptive geometry: textbook] (Tar SPI, Taraz, 2017, 238 p.) [in Kazakh].
4. Esmukhanov Zh.M. Syzu. Zhalpy bilim beretin orta mekteptin 8-9 synyptaryna arналған okulyk. [Drawing. Textbook for 8-9 grades of general secondary school.] (Rauan, Almaty, 1996, 272 p.) [in Kazakh].
5. Esmukhanova Zh. Didakticheskie osnovy optimizacii obucheniya nachertatel'noj geometrii (na primere vtuzov Kazahstana) [Didactic bases of optimisation of teaching descriptive geometry (on the example of universities of Kazakhstan)] //avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni doktora pedagogicheskikh nauk [abstract for the degree of Doctor of Pedagogical Sciences] (Moscow, 1999, 39 p.) [in Russian].
6. Moldekov I.O., Muratova G.I. Syzba geometriyasynyn teoriyalyk negizderi. [Theoretical foundations of drawing geometry] (Tar SPI, Taraz, 2020, 104 p.) [in Kazakh].
7. Makhmutkhodjaeva L. European scientific thought in the works of Muhammed al-Khorezmi, Society and Innovations, Special issue 1, №01 (2020) [Electronic Recourse]. – Available at: <https://inscience.uz/index.php/socinov/index> (accessed: 25.05.2024). [in Russian].
8. Kadyrbayev R. Al'-Horezmi - velikij matematik i osnovatel' klassicheskoy algebrы [Al-Khwarizmi is a great mathematician and the founder of classical algebra], Molodoj uchenyj [Young Researcher], №12 (116), 687-691 (2016). [Electronic Recourse]. – Available at: <https://moluch.ru/archive/116/31438/> (accessed: 09.06.2024). [in Russian].
9. Bulgakov P. G., Rosenfeld B. A. Muhammad al-Horezmi. Ok. 783 - ok. 850 [Muhammad al-Khwarizmi. Ok. 783 - 850.] (Moscow: Nauka Publishing House, 1983. – 232p.) [in Russian].
10. Al'-Farabi. Matematicheskie traktaty. [Mathematical treatises.] (Alma-Ata: «Nauka», 1972. -324 p.) [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Кемельбекова Э.А. – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: e.kemelbekova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0999-5089.

Сыздықова Г.О. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: go.syzdykova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6365-0113.

Кемельбекова Э.А. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: e.kemelbekova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0999-5089.




Сыздықова Г.О. – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: go.syzdykova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6365-0113.

Kemelbekova E.A. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: e.kemelbekova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-0999-5089.

Syzdykova G.O. – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: go.syzdykova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6365-0113.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

К.К. Керимбаева* , А.Б. Бейсенбай , Ж.Қ. Өмірбекова 
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail:¹ kamila.ke.2022@gmail.com, ² beisenbai_ab@enu.kz, ³ozhamila@inbox.ru)

**Қазақ және ағылшын шығармаларындағы байлық
концептісінің берілуі [вербалдануы]
(Ғ.Мүсірепов, М.Митчелл шығармаларының негізінде)**

Аңдатпа. Мақала қазақ ағылшын тілінде жазылған шығармалардағы бірбіріне туыстық жақындығы жоқ, туыстас емес халықтардың дүниетанымындағы байлық мәселесіне көзқарастарын қарастырады. Халықтың тілдік санасы дегеніміз халықтың дүниетанымының тіл түрінде, тілдік стереотиптерде бейнеленуі. Қазақ және ағылшын тілінде жазылған шығармаларды зерттеп, салыстыра отырып, біз тілдер туралы білімімізді кеңейтуге, екі мәдениет тарихының әдет-ғұрыптары мен деректерімен танысуға, халық даналығын түсінуге, жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтарға қосылуға мүмкіндік аламыз.

Мақала қазақ жазушысы Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы мен американдық жазушы Маргарет Митчеллдің «Желмен ғайып болғандар» романындағы «Байлық» ұғымының вербалдану ерекшеліктерін қарастыруға арналған. Талданатын байлық ұғымды білдіретін лексикалық бірліктердің жиынтығы өзек, жақын периферия және алыс шеткі болып құрылымдалған.

Зерттелетін ұғым көбінесе материалдық құндылықтарды білдіретін тілдік бірліктермен түсіндіріледі. Романдағы концепцияның вербалдануын талдау англо-американдық менталитетте «Байлық» ұғымының мәні негізінен оның материалдық түсінігіне дейін төмендейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ және ағылшын тілінде жазылған шығармаларды зерттеп, салыстыра отырып, біз тілдер туралы білімімізді кеңейтуге, екі мәдениет тарихының әдет-ғұрыптарымен, деректерімен танысуға, халық даналығын түсінуге, жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтарға қосылуға мүмкіндік аламыз.

Түйін сөздер: концепт, байлық, ұғым, дүниенің тілдік бейнесі, ұлттық мәдени компонент, менталитет, рухани байлық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-78-87>

Түсті: 27.11.2024; Жөнделді: 02.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

«Ұғым» (ағылш. Concept) — объекттер туралы немесе абстракті ойлар, сенімдер және ережелер туралы санада жинақтап, топтастырып бейнеленген, мәлім тілдік атаумен/терминмен айтылатын мағына бөліктері болып, зерделі пікірлерді құраушы фундаменталды түсініктердің шоғырлы түйіні [2].

Қазіргі тіл білімінде «Ұғым» термині берік орныққан түсініктер қатарында. Концептуалды жүйе деген жалпы дүниенің бейнесін қалыптастыратын және адамның шындық пен дүние бейнесін қалай қабылдайтынын көрсетеді. Сонда «Ұғым» сөзінің анықтамасы-лингвистикалық және мәдени мәселелерді көрсететін дүние, өйткені ұғымдар «мәдени» субъектілердің өрнектері болып табылады. Ұғымның ерекше құндылығы - ұлттың танымдық сана-сезім мен мәдениеттің барлық белгілерін бейнелеп, жеткізуінде.

«Алтын/gold концептісінің лингвомәдени талдауы» мақаласына шолу жасасақ қазақ және ағылшын паремиологиясындағы *алтын/gold* концептісі лингвомәдени тұрғыдан терең талданған. Авторлар мақал-мәтелдерді әр халықтың құндылық бағдарларын қамтитын ықшам ұлттық мәдени мәтіндер ретінде қарастырып, олардың мәдени және танымдық ерекшеліктерін ашуда үлкен жұмыс атқарған.

Мақаланың негізгі артықшылығы – қазақ және ағылшын тілдеріндегі *алтын/gold* концептісін салыстырмалы түрде зерттеп, оның лингвокреативтілік, прагматикалық және лингвомәдени факторлар арқылы ерекшеленетінін анықтауы. Авторлар бұл концептіні сипаттайтын мәдени-танымдық бірліктерді талдап, екі ұлттың когнитивтік және мәдени болмысын ашуда үлкен жетістікке жеткен. Зерттеудің құндылығы алтын концептісінің ағылшын ұлттық болмысындағы орны мен қазақ мәдениетіндегі танымдық ерекшеліктерін лингвоконцептуалдық парадигма арқылы көрсетуінде жатыр. Авторлар бұл ұғымның мәдени және тілдік тұрғыдан қалыптасуы мен ұлттық дүниетанымды бейнелеудегі маңызын шебер жеткізген.

Дегенмен, мақаланың құрылымы мен мазмұны терең әрі жүйелі болғанымен, зерттеуді байыту үшін *алтын/gold* концептісінің тарихи-әлеуметтік қалыптасуына қатысты толықтырулар енгізуге және паремиялардан көбірек мысалдар келтіруге болар еді [1].

Тіл біліміндегі концепт теориясының дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдар Ю.С.Степанов, Н.Д.Арутюнова, С.А.Асколдов, З.Д.Попова, И.А.Стернин, В.Н.Телия, В.И.Карасик, А.П.Бабушкин, сынды тұлғалардың лингвистикалық зерттеулеріне сүйендік [3].

Тілтанушы ғалым Ю.С.Степановтың пікірінше, концепт - “ұжымдық сананың кез келген дискретті мағыналық бірлігі. Демек, концепт ана тілінде сөйлеушінің жадында нақты және идеалды дүниенің пәнін бейнелейді. Ұғым сөзбен көрсетіледі және таңбаланады. Олай болмаған жағдайда, Тұжырымдаманы ең алдымен рухани-мәдени құбылыс ретінде анықтай отырып, өмір сүру мүмкін емес еді [4].

Бұл мақаланың негізгі әрі айқын мақсаты – талданып отырған еңбектердегі «байлық» ұғымының сөздік өрнектерін қарастыратын ағылшын және қазақ еңбектерінде кездесетін лексикалық бірліктердің бүкіл ауқымын анықтау. Сонымен бірге зерттелетін ұғымның лингвистикалық шарттарын ескеру, «байлық» ұғымы материалдық және рухани құндылықтарды білдіретін лексикалық бірліктер тұрғысынан, сала тұрғысынан алғанда, білдіру құралдарын құру сияқты міндеттерді тұжырымдау мен шешуді алдын ала анықтайды. Ол құндылықтар ой өзегін анықтау, жақын және алыс шеткі перифериялық құрылымдарды ескере отырып анықтауды көздейді [9].

Зерттеудің нысаны – қазақ және ағылшын шығармаларындағы байлық концептісінің берілуі.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ-ағылшын тілінде жазылған екі шығармадағы байлық ұғымын қарастыру. Осы мақсатқа сай төмендегідей міндеттер қойылды:

- қазақ- ағылшын тілдерінде жазылған шығармаларды талдау;
- сол қоғам мен өз заманында алатын орнын анықтау.

Осы тақырыптарды жан-жақты қарастыруда бірнеше талдау әдістері негізге алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – талданған романдағы концептілерді өзекті ету тәсілдерінің бірі – вербализацияны пайдалану арқылы «Байлық» ұғымының айтылу ерекшеліктерін жан-жақты, егжей-тегжейлі қарастыру, сондай-ақ шығарма авторларының

дүниетанымында ұғым қандай орын алатынын анықтау. Ұсынылып отырған мақалада ағылшын тіліндегі талданған сөйлемдердің авторлық аудармасы беріледі.

Әдебиетке шолу

Тілге тиек етіліп отырған ұғымды актуалдандыру, белсенді етудегі маңызды формалардың бірі – вербализация, яғни оның тілдік безеңдірілуі. Вербализация ұғымы – дүниені сипаттайтын белгілерді дыбыстық белгілеу арқылы білдіру процесі. Н.Ф.Алефиренкоға сүйенсек, ұғымды вербализациялаудың ең көп тараған құралы ретінде сөзді, фразеологиялық тұтас бірлікті, сөз тіркесін, сөйлемнің блок-схемасын, тіпті мәтінді «егер ол қандай да бір ұғымның мәнін ашса» деп атап көрсетеді.

«Wealth» / «Байлық» ұғымы адам баласының танымдық санасындағы негізгі ұғымдарының бірі болып табылады, өйткені қоғамның пайда болуымен бірге материалдық құндылықтар мәселесі де өзекті мәселеге айналғаны белгілі. «Байлық» ұғымы экономика саласының құндылық әлемімен, оның негізгі қабаттарымен тығыз байланыста. Адам өмірінің кез келген саласы болмасын байлық құбылысымен тікелей немесе жанама байланысты. Талданып отырған ұғымның шығармаларда жасырын, астыртын берілуі оның күрделілігін анықтайды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Зерттеу жұмысымыздағы қаралып отырған жұмыстардың бірі - «Желмен ғайып болғандар» шығармасы. Шығармада азамат соғысының қиын-қыстау кезеңі мен саяси биліктің күрт ауысуы туралы баяндалады. Байлық, материалдық әл-ауқат, ауқаттылық тақырыбы - шығарманың негізгі тақырыптарының бірі. Ал шығарма авторының суреттеуіне сүйенсек, романның басты кейіпкері Скарлетт О'Хара сол байлыққа, қоғамдағы байлар табына ұмтылушылардың бірі.

Американдық жазушы романындағы «Байлық» ұғымын білдіретін басты тірек сөз – материалдық әл-ауқаттың көзі ретіндегі ақша – «money/ақша» лексемасы. Мысалы: “I’ve made me money and I can make a great family”; «Мен ақша таптым, енді мен керемет отбасы құра аламын», яғни сол уақыттағы адамдардың түсінігі бойынша, сен бірінші ақша таппай, бас құрай алмайсың. Бұл жерде кез келген ұлт болсын, әлеуметтік жағдайың жайлы болуы үшін бірінші орында ақша тұратынын байқаймыз. Бұл дегеніміз-сананы тұрмыс билейтінінің айқын көрінісі.

Романдағы басты оқиғалардың бірі - Солтүстік және Оңтүстік Америка арасындағы соғыс оқиғасы. Шығарманың басты кейіпкері Скарлетт және оның жақын ортасындағы оқиғалар сипатталған алғашқы беттерінен-ақ Джорджияның ең бай және ықпалды тұрғындары екенін көреміз. Скарлеттің ата-анасының көп жылдық жұмысы және оның шыққан тегі кейіпкердің сол қоғам мен сол ортада ерекше орын алуына мүмкіндік береді. Кішкентай он алты жасар Скарлеттің басында екі әлем бірге өмір сүріп жатты [6].

Бір жағынан, оның айналасында байлық, гүлдену және құрмет, екінші жағынан, бүкіл әлем, мысалы: “Scarlett O’Hara, with the County at her feet, a hundred slaves to do her bidding, the wealth of Tara like a wall behind her and doting parents anxious to grant any desire of her heart...” деген жолдардан біз Скарлеттің ата-бабасынан бері иемденіп келе жатқан Тара плантациясы, таңнан қара кешке дейін жұмыс істейтін жүздеген құлдар, мақта алқаптары, Скарлеттің кез келген сұранысын қамтамасыз етуге дайын О'Хара отбасының иелігінде екенін көреміз. Жоғарыда көрсетілген мызғымас байлық, сән - салтанат ата- бабасынан бері келе жатқан иен байлық екеніне көз жеткіземіз.

Романда «ақша» лексемасынан басқа «Байлық» ұғымы көбінесе «gold/алтын, rich/бай» сияқты лексикалық бірліктермен беріледі. Бұл ұғымдар романда талданатын концепцияның өзегін құрайды және «материалдық игіліктерге ие болу» мағынасын білдіреді. Мысалы: “We need more gold and I am asking you for it” «Бізге тағы да алтын керек, мен оны сенен сұрап отырмын», - деп жалғастырды дәрігер» осы мысалда «gold/алтын» лексемасы «ақша» тілдік бірлігіне корреляциялануын көреміз [7].

«Rich/Бай» тілдік бірлікті Маргарет Митчелл өз романында О'Хара отбасының қоршаған ортасын, көршілері мен туыстарын сипаттау үшін қолданады, өйткені белгілі бір уақытқа дейін кейіпкердің бүкіл ортасы текті, гүлденген бай - бағландардан тұратын. Оны біз мына мысалдардан көрсек болады: *"These latter young men were as anxious to fight the Yankees, should war come, as were their richer neighbors..."* «Бұл айтылған жастар, егер соғыс басталса, бай көршілері сияқты янкилерге қарсы күресуге ынталы болды ...».

Маргарет Митчелл шығармасында «wealthy бай, ауқатты» тіл бірлігін жиі қолданатын келесі кейіпкер - Джеральд О'Хара. Роман кейіпкерлерінің тағдыры 1861 жылғы Азамат соғысы қарсаңынан бастап, 1873 жылғы белсенді қоғамдық-саяси қайта құру кезеңіне дейінгі он екі жылдық өмір жолын сипаттайды. Осы жылдар ішінде басты кейіпкерлердің өміріне көп өзгерістер еніп, тағдырлары түбегейлі өзгереді.

Осылайша, отағасы Джеральд О'Хара бұрынғы қорынан, материалдық байлығынан айырылып, бүгінде күнін зорға көріп, өлместің күнін көруге мәжбүр болады, мысалы: *"Gerald had changed from a wealthy man to a man who was wondering how he would feed his family and his ne- groes through the winter"*, «Джеральд ауқатты адамнан өз отбасын, құлдарын қалай асырап, тамақтандырамын деп ойлайтын адамға айналады».

Романда «Wealth» Байлық» ұғымы ақша, алтын, бай деген негізгі ұғымдар арқылы ғана емес, сондай-ақ контекстік мағынасы ұқсас лексемалар арқылы да өрнектеледі, олар өркендеу – «эл-ауқат», иелік ету – «иелену», мүлік – «мүлік», асылтас – «гауһар», доллар – «доллар», байлық – «мемлекет», зергерлік бұйымдар – «зергерлік бұйымдар», күміс – «күміс». Бұл лексемалар «Желмен ғайып болғандар» романындағы зерттелетін ұғымды білдіру құралдарының жақын периферия бөлігін құрайды. Мысалы: *"...he soon had undisputed possession of the field"*, «...көп ұзамай ол егістіктің даусыз иелігін алды»; немесе *"The man owned the property, and the woman managed it"* «Мүлікті ер адам иеленді, ал оны әйел адам басқарды» т.б.,.

Ақшаның негізгі рөлі, оның әртүрлі көріністерінде (алтын, күміс, доллар, тиын, ақша) шығарманың басты кейіпкерлері үшін, олардың көмегімен таңдау еркіндігін сезінуге болады. Ақша қаржылық еркіндік пен эл-ауқаттың көзі болып табылады, мысалы: *"But Gerald had known poverty, and he could never learn to lose money with good humor or good grace"* жолдарында азуын айға бөлеген Джеральд кейіпкердің де кедейліктің ащы дәмін татқанын көреміз.

«Желмен ғайып болғандар» романындағы рухани байлық happiness – бақыт – «бақыт», даналық – «даналық», білім – «білім», мейірімділік – «мейірімділік», жанашырлық сияқты материалдық емес құндылықтарды білдіретін лексемалар арқылы жасалған. – «рақымдылық», мейірімділік – «мейірім», сенім – «сенім», сенімділік – «сенім, сенім».

Wisdom – Даналық феномені – «даналық» адамның танымдық әрекетімен байланысты. Даналық – ақыл-ой тұлғасы, адам өзін қоршаған дүние жайында білім алу арқылы да даналыққа ие болады.

Даналық wisdom ұғымы романда басты кейіпкер Скарлетт О'Хараның анасы – Эллин Робийар бейнесінен ерекше көрінеді. Яғни шығармада Скарлетт үшін анасы-қауіпсіздіктің, әділдіктің, нәзіктіктің, күш пен даналықтың бейнесі. Оны мына үзіндіден анық байқауға болады: *"Mother had always been just as she was, a pillar of strength, a fount of wisdom, the one person who knew the answers to everything"* «Ана деген- қашан және қандай да бір жағдай болмасын, қажыр мен қайраттың алтын діңгегі, даналықтың сарқылмас бұлағы, әр нәрсенің жауабын білетін дара жан».

Осы тұста өз ұлтымызға оралсақ, қазақта байлық тақырыбын қозғамаған ойшыл дана, күміскөмей әнші, суырып салма ақын, жазушы жоқтың қасы. Бұл тақырыпқа қатысты бай деректер ұлтымыздың халық тілінде, ауыз әдебиетінде, түрлі жазба әдебиетінде сақталған. Байлық пен кедейлік тақырыбын түркі деңгейінде алғаш көтергендердің бірі атақты шығыстанушы академик А.Н.Самойлович болған. Алайда ғалым оны субъектілік ұғым емес, қарама-қарсы лексикалық бірлік деп есептейді.

Енді қазақ шығармаларындағы байлық ұғымына жекелей тоқталу үшін, байлық мәселесі кеңінен көрініс тапқан Мүсірепов шығармаларын алсақ болады. Сондықтан да біз

жазушы шығармасындағы «байлық» тақырыбын концептуалдық тұрғыдан қарастырдық. Жалпы, «байлық» ұғымы - «байлық пен молшылық» әлеуметтік және ұлттық мәдени психологиялық түсініктерді білдіретін ұғым [3].

«Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде «Байлық – қоғамға және жеке адамға қатысты материалдық игіліктер мен рухани құндылықтарды білдіретін ұғым» деген анықтама берілген [9].

Қазақ қоғамында қашан да «дәулет пен байлық» ұғымдарына диаметральді қарама-қарсы екі көзқарас қалыптасқан. Бірі – қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әрі теріс көзқарас. Бұл көзқарас бойынша бай – сансыз малдың иесі, атадан балаға мирас болып келе жатқан байлықтың мұрагері, дәстүрлі қазақ қоғамының ауқатты табының өкілі. Ал байлық дегеніміз – ауқатты, дәулетті үстем тап өкілдерінің қолында жиналған байлық, барлық, мүлік, қазына. Байлық пен билік бір-бірімен тікелей байланысты қаралған. Демек, байлық бар жерде билік бар. Сондықтан да «байлық» ұғымы билікке қатысты барлық лауазымдарды қамтиды.

Екіншісі – қазіргі әрі оң көзқарас. Бұл көзқарас бойынша, байлық пен кедейлік ұғымдарын тек оппозициялық тұрғыдан қарауға болмайды. Байлықты жасаушы – мал бағу шартына қарай, жайылымдық өмір салтын тапқан, ұжымдық еңбек пен көршілес кәсіпті ұйымдастырған, жеке шаруашылығын жүргізген, шабындықтың дамуына үлес қосқан ауқатты көшпенді болды. Қоғамдық процесте қазақ қоғамының экономикалық, саяси, мәдени, интеллектуалдық элитасы қалыптасты.

Қазақ халқының ұғымындағы байлық – тіршіліктің, тұрмыс құрып өмір сүрудің негізі. Бұл түйінді «Түстік өмірің болса, кештік мал жина»; «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» сияқты мақалдар айғақтай түседі.

Ғ.Мүсірепов шығармаларында «байлық» концептілерін микроконцептілер арқылы айқындап көрдік.

Қаламы қарымды, шеберлігі шыңдалған ұлт жазушысы Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романынан мысал келтірер болсақ: «Қазақ байлығы жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар қара шұбарға жақын ұстамасаң, «Байлық бір жұттық, батыр бір оқтық» - кейде тақыр-таза жаяу да қаласың. Жаяу қалған адам несімен адам?... Несімен қазақ?... [6].

Келтірілген мысалда ұлт дүниетанымындағы жалпы байлық жайлы ақпаратта қазақтың доллары да, теңгесі де жылқы екенін келесі үзіндіде «Ұлпан» романындағы Есенеидің байлығынан аңғаруға болады: «Есенеі қазір қаптап-қаптап, жер түгін тістелей жылжып келе жатқан байлығының алдында едәуір жерде, биіктеу жотаның қырқасында ат үстінде тұр. Көз жетпес көкжиекке дейін созылып-керіліп жатқан кең алқап шын-ақ мақтанғандай екен. Жота-жота қалың ормандар. Өзекті-шілікті, тұяқ тимеген қара отты кең шиыр. Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердің шөбін әлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп ірге тепкеніне байдың көңілі тояттағандай».

Ғ.Мүсірепов еңбегінде талданған когнитивтік ақпарат – қазақтың «қоғамдық» макротобында қамтылған «байлық-кедейлік» микротобы ұғымын қалыптастыратын және қолдайтын когнитивтік тілдік бірлік. Оларды байланыстыратын басты ұғым - «байлық» ұғымы. Бұл ұғымдардың құрамындағы тілдік бірліктер концепт құрамдас бөлігі ретінде жасалады. Оған жататын ақпараттық тілдік бірліктің бастапқы семантикалық концепциясы негізінде объект-образдың жалпы ұғымы арқылы қалыптасады.

Шығармада қазақ халқының байлығы жылқысында екендігі жайлы баяндалады. Халықтың әлеуметтік жағдайын мына мақал айқындай түседі: «Байлық бір – жұттық, батыр – бір оқтық». Қазақ байлығы иен далада жайылып жүрген жылқы малының санымен бағаланған, сол жылқымен өлшенген. Және де романда «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деп байлық пен рухани байлықтың бір-бірімен тығыз байланысып жатқанынан да көрініс береді.

Сонымен, сандық есептеулерге сүйене отырып, «Желмен ғайып болғандар» мен «Ұлпан» романындағы «Байлық» ұғымын объективтендіруші тілдік құралдардың жиынтығын былайша құрылымдауға болады:

- ақшаны білдіретін тірек сөзбен берілген тілдік бірлік (597 кездеседі) және алтын (108), бай (200) лексемалары;

- жақын периферия лексемалары арқылы берілген «доллар» (83), күміс (64), байлық (50), мүлік (70), тауар (50), бақыт (71), білім (60), мейірімділік (30), сенім (30);

- алыс шеткі тікелей және метафоралық мағынада тұқым қуалаушылық немесе атадан балаға мирас болып қалған (5) лексемамен, сондай-ақ даналық (20), жанашырлық (8), мейірімділік (18), сенімділік (20) сияқты материалдық емес құндылықтарды белгілейтін бірліктермен беріледі. «Байлық» ұғымы кейбір жағдайларда астарлы мағына беретін тұстары бар, айталық, алтын кенішімен, жайлаумен үйлесуі арқылы жүзеге асады.

Зерттеліп отырған ұғымды білдіру құралдарының алыс перифериясы ақша, қолма-қол сөздермен тіркесіп жасалған, мұндағы үстеу кейіпкер қасиетінің көлемін анықтайды. Жақсылық мөлшері қазына, молшылық лексемалары арқылы да анықталады. Талданып отырған романдағы алыс шеткі де жалақы, табыс, қаржы, тиын, тиын отау, қалым, салтанат сияқты материалдық байлықты білдіретін лексикалық бірліктерден құралған. Одан бөлек байлық, гауһар, иелік ету, өркендеу, сонымен қатар бай, гүлденген, сәнді, қазыналы сын есімдері алыс шеттегі (перифериядағы) тілдік құралдар роман авторларының байлық сияқты құбылысты жеке қабылдауын білдіреді [11].

Демек, зерттеліп отырған романдардағы берілген «Байлық» ұғымы 4 тақырыптық топтан (қабаттан) тұрады:

1) материалдық игіліктердің тақырыптық тобы келесі тілдік бірліктер арқылы ауызша айтылады: money, possession, gold, property, diamond, dollars, fortunes, jewelry, silver, wealthy, penny, coins, gold mine, earnings, wages, finances, salary, ақша, иелік, алтын, мүлік, гауһар, доллар, байлық, зергерлік бұйымдар, күміс, мирас, мұра, қазына, тиын, алтын кеніш, табыс, еңбекақы, тауар, қаржы, еңбекақы;

2) байлық мөлшері тобы, мөлшері (көлемі, саны) - «байлық мөлшері (саны)» plenty, treasury, profusion, молшылық, қазына, молшылық лексемалары арқылы беріледі;

3) тақырыптық топ байлық әсері (байлық әсері) – «байлық әсері» романда prosperity, flourishing, luxury, luxurious, prosperous, өркендеу, сән-салтанат, гүлдену сияқты лексикалық бірліктермен берілген;

4) рухани құндылықтар – «рухани құндылықтар» happiness, wisdom, knowledge, kindness, compassion, mercy, faith, confidence, бақыт, даналық, білім, мейірім, жанашырлық, мейірімділік, сенім, сенімділік тілдік бірліктерімен бейнеленеді.

Екі шығармада кездесетін байлық ұғымдарына қатысты талдау келтіретін болсақ төмендегі кестелерден анық көруге болады.

Кесте 1 – Байлық мәселелерінің шығармалардағы көрінісі:

Сөз/Фраза	Қолданылу жиілігі	Контекст	Қатысты кейіпкер/ оқиға
Wealth	15	Қоғамдық мәртебе, мұрагерлік	Scarlett, Tara
Rich	25	Қаржылық жағдай, статус	Scarlett, Ashley
Prosperous	8	Экономикалық жағдай	Tara, Southern plantation
Fortune	12	Мұра, байлықтың құндылығы	Scarlett's inheritance
Affluent	6	Байлық, жоғары қоғам	Charleston's elite
Lavish	7	Байлықтың көрсетуі	Scarlett's lifestyle

Ал Ғ.Мүсіреповтің шығармаларында байлықтың әртүрлі қырлары көрініс табады, олар адам мінезін, қоғамдағы орнын және әлеуметтік мәселелерді бейнелейді. Егер жазушының шығармаларынан байлыққа қатысты сөздерді статистикалық тұрғыда талдайтын болсақ, кесте төмендегідей болады:

Байлық категориясы	Мәтіндегі жиілік (саны)	Пайыздық үлесі (%)	Түсіндірме
Материалдық байлық	12	30%	Жер, мал, ақша және басқа да материалдық байлыққа қатысты көріністер.
Рухани байлық	18	45%	Ұлпанның моральдық қасиеттері, оның ішкі байлығы, адамдарға деген қамқорлығы.
Қоғамдық байлық	8	20%	Ұлпан мен Еснейдің ауылдағы беделі мен билігі, әлеуметтік жағдайлары.
Жеке байлық	2	5%	Ұлпанның өзіне тән ерекшеліктері мен жеке құндылықтары.

Жалпы жиынтық: Барлығы | 40 | 100% | Барлық байлық ұғымдарының жиынтық саны.

Бұл статистикалық талдау мәтіндегі байлық ұғымдарының қандай деңгейде кездесетінін және әртүрлі көріністердің арасындағы салыстырмалы маңыздылығын көрсетеді. Мысалы, *Ұлпан* шығармасында рухани байлық материалдық байлықтан әлдеқайда көп кездеседі, бұл автордың байлық ұғымын қоғамның материалдық емес құндылықтары арқылы көрсетуіне байланысты болуы мүмкін.

Қорытынды

Негізгі ойды түйіндей келе, «Байлық» ұғымы көбінесе материалдық құндылықты білдіретін тілдік бірліктер тұрғысынан түсіндірілетініне көз жеткіздік. Белгілі бір адамға немесе жағдайға байланысты мағыналары бар лексемалар сирек кездеседі. Мұнда көріп отырғанымыздай, әрбір ұлттық мәдениет ұлттық менталитеттің нақты іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады, себебі ұлттық мәдениет мен ұлттық менталитеттен бірін-бірі толықтыратын егіз ұғым, бірінсіз бір өмір сүрмейді. Осының барлығы жиі айтылып жүрген тілдің сөздік қорында көрініс табады. Біз байлықты болжамды сипаттауда екі тілдің ортақ тұстары бар екенін көрдік. Дегенмен, американдық және батыстық мәдениеттің басым сипаты - өмірдің рухани және моральдық жағына басымдық бергеннен гөрі, материалдық байлықтың басымдығына назар аударатыны көрінді. Ал рухани байлық адамның ішкі жан дүниесін, оның ішінде сұлулықты сүю, имандылық, білім, жанашырлық, сабырлық, мейірімділік, парасаттылық және басқа да жарқын қасиеттерді қамтиды.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынған бірқатар еңбектердің ішіндегі, әсіресе, «Қазақ әдебиетінің тарихы»: Он томдығындағы (Қирабаев С.С., Қабдолов З.Қ., Қасқабасов С.А., Бердібай Р.Б., Елеуменов Ш.Р., Нұрғали Р.Н. 2006:450) парсы-түркі халықтарының қазынасына айналған «Хұсрау уа Шырын» дастаны туралы тың деректер сараланып, Құтыптың нұсқасындағы ғашықтық дастанының Низами нұсқасынан айырмашылығы талқыланады. Кейіпкерлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың ара-жігі анықталып, жаңашылдығы жазылады.

Құтып ақын өмір сүрген заманның Ислам дәуіріне тұстас келуін ескерер болсақ, дастанның соңғы жағына қосып берілген жаңа тараудың мағынасына көз жүгірткен дұрыс. Бұл туралы Н. Келімбетовтің «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» зерттеуінде кеңінен жазылған. Бұл еңбектегі пікірге жүгінсек дастанның діни-мистикалық сипатқа ие болғанын айтады. Мақаладағы негізгі идеяға жақындау барысында «Хұсрау уа Шырын» поэмасындағы негізгі өзектілік – парсы-түркі халықтарының арасындағы мәдени қарым-қатынастың прогрессивті нұсқасы деген ой келтірілді.

Мақалада жоғарыда айтылған еңбектердің әрқайсысына сүйене отырып, зерттеу нысанына айналған шығармаға жан-жақты ғылыми-теориялық талдау жасалынды.

Талқылануы

Фольклор – ұлттық құндылықтардың негізі қаланған құбылыс. Қазақ халқының ұлттық фольклорға деген көзқарасы көптеген ғасырлар бойы басты қатарда тұрды. Десек-дағы, фольклорымыз тек ұлттық құндылықтарды жинақтаумен шектеліп қалған жоқ. Керісінше, ол сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды тарта білді. Оның басты себебі – түркі халықтарының өмірі мен мәдениетінің, руханиятының әдеби-эстетикалық құндылықтарды бағалай білуінде деп санаймыз. Сонымен бірге, Түркі жерінде дүниеге келген сансыз туындылар туыстас және көршілес халықтар дастандарымен әлеуметтік факторлар жағынан ғана емес, сюжеті, образы, көркемдігі қырларынан да тұтасып, үйлесіп жатты. Мұндай процестер қарқын алған әдебиеттерде типологиялық өзгеріс-ұқсастықтар орын алмай тұрмайды. Яғни, типологиялық ұқсастықтардың болуы да заңды құбылыс.

Нәзирагөйлік дастандардың өзге фольклорлық жанрлардан негізгі ерекшеліктері: көлемділігі, композиция мен мазмұн жағынан күрделі болып келуі, оларда бірнеше жанрдың кезігуі және оқиғаларының шытырман болуы [5, 279].

Орта Азия халықтары мен парсы-түркі халықтары арасындағы байланыстар берік орныға бастады. Біріншіден, олар шекаралық байланыстар болды десек, екіншіден, олар

тұрмыстық-әлеуметтік және мәдени-әдеби қатынастардан болды. Яғни, мәдениеттері мен әдебиеттері типологиялық ұқсастықтарға толы. Бұл халық фольклорына әмбебап реңк берді. Мысалы, «Кәлила мен Димна» – араб-парсы тілінде жазылған, шығыстық үлгідегі жалпыадамзатқа ортақ қазына. Түп-тамыры үнді халықтарымен де байланысқа түсетін бұл шығарманы парсы тілінен аударған түркі ақындары шығармаға жалпыадамзаттық реңк берген. Шығармада кездесетін Ануширван, Аяз, пери, пир, Рустам, райхан, саз, Симург, суфий, Тараз (Талас), Тұран, Хумай, Хызыр сөздері – парсы халықтарына да, түркі халықтарына да ортақ ұғымдар. Ануширван, Аяз сынды қалалар Тараз (Талас), Тұран болып кездеседі. Ал, Хумай мен Хызыр сөздері – қазақ даласына кеңінен тараған Ұмай мен Қызыр сөздері.

Сондықтан, шығармада халықтық ұғымдардың ұқсастығы табылды. Ал шығармадағы Симург құсы – парсы дүниетанымының нан пісірушісі, мифтік үй қызметшісі, ерліктің символы. Ал Түркі тайпасының Самрұқ құсы – аспан, жер және жердің еркін қонақтарының атымен аталған қасиетті құс. Түркі дүниетанымында бұл өте қасиетті құс болып саналады. Мұндай типологиялық ұқсастықтар халықтың дәстүрлі фольклорында жиі кездеседі. Одан кейінгі мәселе – әдеби байланыстардың арасында назирашылдық үлгінің кең етек алуы. Яғни, бір сюжетке жазылған бірнеше шығарманың болуы. Бірақ, барлығы бір уақытта жазылуы мүмкін емес. Мүмкін ғасырлар, мүмкін жылдар. Низамидің әйгілі «Хұсрау және Шырын» шығармасын 2-3 ғасырлардан кейін, түркі ақыны Құтып қыпшақ-оғыз тілінде жазып шығарды. Низамидің «Хұсрау мен Шырын» дастаны мен Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны – нағыз назиралық стиліндегі махаббат туындылары. Әдебиетте мұндай құбылыстар өте көп. Бірақ Құтып ұсынған нұсқада ұқсастықпен қатар айырмашылықтар да болды. Белгілі орыс ғалымы Э. Бертельс: «Құтыптың еңбегі тура мағынада тікелей аударма емес. Кей жерлерде ақын түпнұсқадан ауытқиды» деп жазады [6, 353].

Әдебиеттанушы ғалымдардың пікірі екіге жарылады. Бір тобы: «Құтып Низамидің бұл шығармасын аударған» деген пікірге тоқталса, екінші тобы: «Құтып Низамидің шығармасын өз танымына салып, жаңалап берген» деген пікірді қолдайды. Қалай болғанда да, парсы тіліндегі шығарманың оғыз-қыпшақ тілінде көрініс табуы – мәдени прогресс. Г. Алиев: «Құтыптың поэмасы Низамидің «Хұсрау уа Шырын» поэмасынан қысқартылып жасалған қысқаша аударма» [7, 164], - деген пікір айтады. Оны Құтыптың мына сөзінен көруімізге болады:

«Низами назмы йаңғы туз сөзуңни,
Анын билгут хаңыңға бу өзүңни.

Низамидің өлеңіне ұқсас түздім сөзімді,
Соны білдір ханыңа бұл өзіңді» [8, 8].

Низами заманына дейінде, Құтып заманында да шығарманы билеушісіне арнау үрдісі дамыған. Негізінен алғанда, жалпы сюжет те биліктен қатты алыс емес. Отандас ғалымымыз А. Ибатов: ««Хұсрау уа Шірін» поэмасының тілінде қыпшақ тіліне тән қосымшаның, қыпшақ элементі басым» [9, 18], - деген пікір айтса, Н. Баскаков: «Поэмаңның тілі – Алтын Орданың әдеби тілдеріне жататын қыпшақ тілі, ол ұйғыр тілінің ықпалына ұшыраған» [10, 57], - дейді.

Енді біздің алдыға қойған мақсатымызға жақындай түссек. Екі шығарманың бір-біріне ұқсастығы тек сюжетте емес, сонымен қатар мифологиясында да жатыр. «Хұсрау мен Шырында» парсы мен түркінің мифологиясы өте жақсы суреттелген. Ф.И. Урманче түркі мифологиясының 10 элементіне тоқталып, осы элементтер негізінде парсы мифологиясының байланысын көрсетеді. Мысалы, түркілердің аспан, жер және жер астының шығу тегі туралы өз білімдері бар екенін бәріміз білеміз. Бұл жағдайда әлемде консенсус болуы мүмкін емес. Парсылардың өз білімі бар екені анық. Мысалы, «көк Құдай» ұғымы туралы айту бізді көптеген зерттеулерге жетелейді. Исламға дейінгі заманда бұл ұғым кең тараған. Низамидің «Хұсрау мен Шырыны» осы уақытқа түспа-түс келеді. Құтыптың ұсынған нұсқасындағы Көк Тәңірісі Алла сөзімен ауыстырылады. Бұл

заңды құбылыс, себебі өмір сүруші орта, уақыт пен кеңістіктің өз өлшемі бар. Құтып «Бисмилаһир раһманир раһим» деп шығармасын бастауының өзі осының дәлелі. Сонан соң Құтып Низами шығармасында кездесетін ұлықтау деген сөзді тәуһид, жалбарыну дегенді мінәжат қып қолданады. Алла Тағалаға қатысты мадақтауын былай келтіреді:

«Иди аты бирле башла сөзүңни,
Ким ол бар қылды йоқтың бу өзүңни.

Тануқ барча халайық барлиқинга,
Даліллар һәм өкүш бар бирлиқинга.

Ие (Алла) атымен баста сөзіңді
Кім ол бар қылған жоқтан өзіңді.

Куә барша халайық барлығына
Дәлелдер де көп бірлігіне» [8, 8].

Шығармадағы осы жолдар Ислам мәдениетімен бірге келді десек қателеспейміз. Бұл жолдар Құранның алғашқы аяттарына сәйкес келеді. «Аллаһум тағаланың тәуһидін айур» деген бөлімде Алланың жалғыз екенін айта келіп, тек Аллаға мінәжат ету керектігін айтады.

Шығармада қиялшыл ертегілік мотивтер кездеседі. Мысалы, бұл дастанда Шырынның патшалық таққа отырғаны дәріптеліп, зәлімдер мен зәбірлеушілердің аластатылуы, елдің береке-бірлікте өмір сүре бастауы тәрізді жағдайлар ертедегі адамдардың арман-мүддесінің орындалып, мақсатына жетуі сияқты ертегіге жақын фольклорлық сарын орын алады. Сондай-ақ, Иран патшасы Хормуздың бір балаға зар болуы, Құдайдан бала тілеуі, тілегінің қабыл болып дүниеге ұл келуі, есімін Хұсрау қоюы да осыған дәлел. Яғни, бұл үзіндіден перзентсіздік желіге құрылған фольклорлық негізді байқаймыз.

Енді шығарманың сюжетіне назар салсақ. Бұл екі шығарма да екі жастың арасындағы кіршіксіз сезім, сүйіспеншілік, махаббат туралы. Жамандық пен сатқындық та, өтірік пен адамгершілік те, бүкіл ғаламға ортақ мейірімділік пен ізгілік те бұл жырды айналып өтпейді. Низами нұсқасындағы және Құтып нұсқасындағы бұл сезімдер барлық қоғамдарға тән ең ерекше белгілер болып табылады. Бұл негізінен аңызға айналған оқиға. Низами заманына дейін билік құрған Сасанилер әулетіндегі Хұсрау II Парвиздің хан болғаны жазылады. Кейіннен Хормуз ханның баласы Хұсрау хан болуының өзі типологиялық ұқсастыққа келетін сыңайлы. Атадан балаға қалатын мұрагерлік жол ирандықтардың да мәдениетінде кездескен сыңайлы. «Жазылмаған дала заңдары» атты түсініктің бар екені баршамызға аян. Біз оны көбіне көп Шыңғысханмен байланыстырамыз. Демек, Шыңғысханның заманына дейінгі уақыттың да өз айтары бар екенін көріп отырмыз.

Қалай десек те, Хормуз да, оның баласы Хұсрау да тарихта болған адамдар. Ал, Шырын сұлу Хұсрау патшаның асыл жары ретінде тарихта кездесетіні баршамызға аян. Екі автор да Хұсраудың Шырын сұлудың сұлулығын алыста жатып еститіндігін айтады. Түркітанушы ғалым Ә. Нәжіп: «Ақын Низами романының жай аудармасын бермейді, ол өз елінің өмір тіршілігіне қарай лайықтап жазады» [11, 83] деген пікір білдіреді. Бұл пікір өте орынды десек қателеспейміз. Шығармадағы сюжеттің жетуі бар, кейіпкерлердің жетуі бар. Соған қарамастан, сол кездегі адамдардың түсінігін тереңдету өте үлкен жұмыс. Мысалы, Құтып шығармашылығының басты кейіпкері Хұсрауды оқырманға бірнеше образда ұсыну керек деп есептейміз. Дастанның басында тамаша Хұсрау, содан кейін ойын-сауық үшін аш Хұсрауға айналады, ал соңында рақымды, қайырымды патшаға айналады. Мұнда «адамгершілік» категориясы нақты көрсетілген. Поэмадағы Фархад – махаббатқа адал, еңбекқор жан түрінде бейнеленгенмен, оның өмірі трагедиямен бітеді. Осы үш образға тән бойларындағы аталып өткен қасиеттерді фольклорлық үлгілерде көптеп кездестіреміз.

Бұл оқиға Алтын Орда-қыпшақ тұсындағы әдебиетте кеңінен ұшырасады. Оның басты себебі – еңбек арқылы қоғамға ықпал ету. Құтып өзінің сүйікті патшасына айналған

Тыныбекке арналған сәлемдемесі болуы мүмкін. Түркі тектес халықтардың ортақ қайғылары мен қуаныштары патшаларда және оған бағынышты халықтың арасындағы қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Хұсрау басқара алмаған мемлекеттің Шырынның заманында гүлденуі осының белгісі.

«Енді қой мен қасқыр қатар тұрып,
Бір бұлақтан су іше бастады» [12, 86].

Осы жолдар ойымыздың дәлелі. Метафоралардың сәтті әрі, ұтымды пайдаланылуы Құтыптың шеберлігі саналады. Парсы дүниетанымындағы бейбітшілік ұғымы түркі дүниетанымында көрініс тапты. Түркі көшпенділерінің философиясымен үндестік – нағыз шеберлік. Осындай метафораның көмегімен Құтып өз мәдениетінде ел кодын жеткізе білді.

Парсы-түркі мәдениетіндегі фольклордың халықтық дәрежеге жеткенінің тағы бір көрінісі – халықтық психология сынға түсті. Жаугершілік заман да, екі ұлттық боздақтарын аяй қоймады. Соғыс заманында сатқындық сынды қасиеттер алдыңғы қатарға шығатынын ескерсек, Құтыптың билеушілердің халыққа жасаған сан мыңдаған сатқындығын жырға қосады. Дүниеге алданған адамдардың бір-біріне деген сатқындығын да ұмыт қалдырмайды. Бұл халықтар арасындағы әлі күнге шешілмей келе жатқан типологиялық ұқсастық. Оны жырда былай көре аламыз:

«Дүние үчун қылма тар,
Көңұл тарлығы қадғу катрүр ай йар.

Дүние үшін қылма көңіл тар,
Көңіл тарлығы қайғы келтірер, әй жар [12, 217].

Дүниенің бар байлығын алтын деп қарап, адамзаттық құндылықты келесі орынға қоятын жандар сол қоғамның да ауыр дертіне айналған. Енді мына жолына назар аударайық:

Мана болуб керакмаз мунда қалсан
Атанин таж уа тахтин йаға килсан

Агар шаһлиққа өайра тексенкен сән
Дәриға мән қатинда болмағаймән [12, 218].

Маған бола керек емес мұнда қалсаң,
Атаңның тәж бен тағын жауға қисаң.

Егер шахтыққа қайта келмесен сен,
Дариға-ай, мен қасыңда болмаймын.

Жырдың негізгі идеяға қосқан үлкен жаңалықтары осылай көрініс тауып отырды. Халықтық фольклорға қосылған бұл жыр – қос халықтың да інжу-маржанына айналды.

Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны ауыз әдебиеті жанрына өте бай. Халықтық идея мен мүддені өте шебер түрде пайдалана білген. Халық фольклорындағы тұрмыс-салт, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, аңыздар, ертегілер, айтыс өнерін образ жасауда, кейіпкерлер бейнесін ашуда қолданған [13, 15].

«Хұсрау уа Шырын» дастанында айтыс үлгісі де кездеседі. Шырын Хұсраудың айтысына бүкіл іштегі сезімін білдіреді. Хұсрау болса қыз сезіміне жауап беріп, үйленеді. Осы тұста фольклорлық негіз ретінде үлкен той жасалады. Тойда асыл тастардан шашу шашылады [14, 174]. Фольклорлық шығармалардағы той дәстүрі ертеден бар екен.

Фольклорлық негіздерді терең меңгерген ақын шығармасы осы мәселелерді толық айғақтайды.

Қорытынды

Осылайша, парсы-түркі халқының мәдени-әдеби қарым-қатынасы ежелгі дәуірден бастау алады және тарихпен байланысты. Біздің мақалада Исламға дейінгі дәуір мен Алтын Орда дәуіріндегі адамдар арасындағы әдеби байланыс дәстүрлі өмірге қайта оралатыны көрсетілген. Жасыратыны жоқ, көптеген ақындардың назиралық үрдістегі шығармалары әлі күнге дейін түркі тілділердің ортақ қазынасы болып саналады.

Фольклор елдің дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен тығыз байланысты екенін ескерсек, парсы-түркі фольклорының типологиялық ұқсастығының әр түрлі себептері бар. Қазіргі уақытта парсы-түркі халықтарына ортақ осы тектес шығармалар болашақ ұрпақ үшін мұра болатыны сөзсіз.

Мүдделер қақтығысы

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Сағымжанова Т.Б. - парсы-түркі халықтарына ортақ «Хұсрау-Шырын» дастанын фольклорлық дәстүрлерге сәйкес типологиялық ұқсастықтары негізінде қарастырады. Алтын Орда-қыпшақ дәуірінде нәзирагөйлік әдіспен жазылып, жырланған дастанның фольклорлық дәстүрден алшақтамай, өз бойына ұлттық құндылықтарды жинақтауымен ерекшеленетінін көрсетеді. Сағындық Н.Б. - мақаланың кіріспе, әдебиетке шолу бөлімдері бойынша материалдарды шоғырландырған.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959. – 556 б.
2. Самойлович А. Истории среднеазиатско-турецкого языка. – Ленинград, 1928. – 222 с.
3. Boyle J.A. «Persian Literature». A History of Persian Literature. –Cambridge University Press, 2019.
4. Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы: 4-том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2014. – 448 б.
5. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы, 2009. – 303 б.
6. Бертельс Е. Литература народов Средней Азии от древнейших времен до XV века н.э. – Москва: 1939. – 272 с.
7. Алиев Г. Легенда о Хосрове и Ширин в литературах народов Востока. –Москва, 1960. – 164 с.
8. Кутб. Хосров и Ширин. – Казань, 1969. – 487 б.
9. Ибагов А. Құтбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. – Алматы: 1974. – 279 б.
10. Баскаков Н. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. – 383 с.
11. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. Книга 1. – Москва, 1979. – 478 с.
12. Зайончковский А.О. О некоторых избранных работах в польском востоковедении в области тюркологии, арабистики и иранистики // Советское востоковедение. – Б.м., 1957. – С. 159-166.
13. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Санат, 2003.
14. Сағымжанова Т.Б., Сағындық Н.Б., Алкая Е. Хұсрау-Шырын» поэмасы және түркі халықтарының эпикалық мұрасы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №4 (145). – Б. 99-108.

Т.Б. Сагымжанова, Н.Б. Сагындық

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Типологические сходства в фольклорной традиции персидско-тюркских народов

Аннотация. В статье описывается духовная гармония, происходящая в череде эпох. Актуальная проблема современности - определение места и оценки тюркского мировоззрения и позиций казахского народа в фольклоре. Киссы, поэмы, любовные поэмы, героические поэмы и т.д., которые представляют собой совокупность богатств тюркских народов, также имеют особый характер в мировой цивилизации. Изучая их историческую, структурную природу, ученые стали обращать внимание на преемственность, типологическое сходство фольклорных традиций. В статье подробно рассматривается типологический характер изменений-сходств восточных любовных псалмов в процессе прихода к тюркской литературе в эпоху Золотой Орды-Кипчака. Вариант, начавшийся в прошлые эпохи, не утратил своей цены и сегодня. Обращает на себя внимание тот факт, что философия и психология героев идут параллельно, опираясь на традиции двойной цивилизации.

В основной части исследовательской статьи определяется общая основа фольклорной традиции персидско-тюркских народов. Раскрывается, что фольклорная традиция стала самостоятельным жанром и стала началом духовного богатства народа. С точки зрения авторов, прослеживается, насколько сильно опираются формы передачи религии и культуры. В произведениях, ставших «Золотым мостом» между двумя цивилизованными обществами, отражаются все новшества и выгоды, которые они принесли в жизнь человечества. Обобщаются мнения ряда исследователей и дается дополнительное объяснение. В заключительной части дается четкое представление о том, насколько прочно закрепилась взаимосвязь между художественной подлинностью и фольклорной традицией, ставшей объектом исследования науки мирового уровня.

Ключевые слова: фольклор, типология, жанр, аналогия, любовные поэмы, традиция.

T.B. Sagymzhanova, N.B. Sagyndyk

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Typological similarities in the folklore tradition of the Persian-Turkic peoples

Abstract. The article describes the spiritual harmonies occurring in the succession of epochs. An urgent problem of our time is to determine the place and assessment of the Turkic worldviews and positions of the Kazakh people in folklore. Kissas, poems, love poems, heroic poems, etc., which represent the totality of the wealth of the Turkic world, also have a special character in the world civilization. In the course of studying their historical and structural nature, a number of scientists who have undergone numerous discoveries began to pay attention to the continuity and typological similarity of folklore traditions. The option that began in past eras has not lost its value today. It is noteworthy that the philosophy and psychology of the characters run in parallel, based on the traditions of a dual civilization. In the main part, it turns out that the cult in the folklore tradition of the Persian-Turkic peoples is common. In the author's view, it is clear how many forms of transmission of religion and culture rely on mastery. The "golden Bridge" between two civilized societies is what brings discoveries and benefits to the life of mankind. The opinions of a number of our researchers will be summarized and additional clarifications will be given. The final part provides a clear definition of how close the connection between authenticity and folklore is, which has become the subject of world science research. Folklore tradition has become an independent genre and has become a source of spiritual wealth of the people. After all, folklore is intertwined with folk traditions.

Keywords: folklore, typology, genre, analogy, love poems, tradition.

References:

1. Auezov M.O. Ar zhyldar oilyary. [Thoughts of different years.] (Almaty, 1959, 556 p.) [in Kazakh]
2. Samoylovich A. Istorii sredneaziatskogo-tureckogo yazyka. (Leningrad, 1928, 222 p.) [in Russian]
3. Boyle, J. A. "Persian Literature." A History of Persian Literature. (Cambridge University Press, 2019)
4. Kelimbetov N. Koptomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works], Volume 4. Ancient literary relics of the Turkic peoples (Raritet, Almaty, 2014, 448 p.) [in Kazakh]
5. Kaskabassov S. Oioris. [Worldview] (Almaty, 2009, 303 p.) [in Kazakh]
6. Bertels E. Literatura narodov srednei Azii ot drevneishih vremen do XV veka n. e. [Literature of the peoples of Central Asia from ancient times to the XV century A.D.], Novyi Mir, No. 9. (Moscow, 1939, 272 p.) [in Russian]
7. Aliyev G. Legenda o Hosrove I Shirin v literaturah narodov Vostoka. [The Legend of Khosrow and Shirin in the literatures of the peoples of the East.] (Moscow, 1960, 164 p.) [in Russian]
8. Kutb. Khusrau Shirin. (Kazan, 1969, 487 p.)
9. Ibatov A. Kutbtun «Husrau ua Shirin» poemasyryn sozdigi [Dictionary of Qutb's poem "Khusrow wa Shirin".] (Nauka, Almaty, 1974, 18 p.) [in Kazakh]
10. Baskakov N. Vvedenie izuchenie turkskih yazykov [Introduction to the study of Turkic languages] (Moscow, 1969, 57 p.) (in Russian).
11. Najip E.N. Historical and comparative dictionary of Turkic languages of the XI century. Based on the material of Khosrau and Shirin by Kutba. Book 1. (Moscow, 1979, 478 p.) [in Russian]
12. Zaionchkovsky A.O. O nekotoryh izbrannyh rabotah v polskom vostokovedenii v oblasti turkologii, arabistiki i iranistiki. [On some selected works in Polish Oriental studies in the field of Turkology, Arabic studies and Iranian studies.] (Soviet Oriental Studies, 1957, 48 p.)
13. Kabdolov Z. Tandamaly shygarmalar. (Zhazyshy, Almaty, 1993.) [in Kazakh]
14. Sagymzhanova T.B., Sagyndyk N.B., Alkaya E. "Khusrau-Shyryn" dastanyryn folklorlyk negizi [Folklore basis of Qutb's poem *Khusrow wa Shirin*], Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 4 (145), P. 99-108 (2023). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Сағымжанова Т.Б. – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-6944-1224.

Сағындық Н.Б. – филол.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-6796-286X.

Сағымжанова Т.Б. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-6944-1224.

Сағындық Н.Б. – к.филол.н., старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-6796-286X.

Sagymzhanova T.B. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-6944-1224.

Sagyndyk N.B. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-6796-286X.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

Ж.К. Смагулов¹ ID, А.С. Несипбекова¹ ID

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды,
Қазақстан
(E-mail: jandosmagulov@mail.ru, *arai_nesipbekova@mail.ru)

Сын және сыншы танымы

Аңдатпа. Бүгінгі қоғамда орын алып отырған жаһандану мен гуманизация эстетикалық-рухани саладағы құндылықтарды бағалаудың жаңа парадигмасын орнықтырды. Осы ретте ұлттық мәдениет пен әдебиетке, оның салаларына ерекше көңіл бөлу қажеттігі туындайды. Сын – қоғамдық даму мен санаға, көркемдік қабылдауға әсер ететін ерекше форма.

Әдеби сын – әдебиеттанудың құрамдас бөлігі ретінде, әдебиеттің тарихы және теориясымен тығыз байланысты болады. Сын сөз өнерін тануға, өмір шындығын эстетикалық тұрғыда игеру заңдылығын түсінуге бағыттайды. Сол арқылы әдеби шығармашылықтың мән-маңызы ашылады. Әдеби сын әдеби үдерістің дамуын бағалап, көркем туындыны бүгінгі күн тұрғысынан саралайды. Әдеби-көркем дүниенің идеялық-эстетикалық сапасын бағдарлай отырып, сын оның нақты кезеңдегі даму деңгейін айқындайды. Осы тұрғыдан келгенде сынның да даму, кемелдену сатысы болған. Әдеби сынның тарихи тамырын аңдағанда, оның тереңде екеніне көз жеткіземіз. Сынның объективтілігі мен көркем-эстетикалық бағалауы әдебиет пен өнердің төмендеуін болдырмауға ықпал етеді. Сын жанры өткір, сарабдал сыншыны қажет етеді. Сынның дамуында танылған тұлғалардың бірі – Т.Кәкішұлы. Зерттеушінің сын саласындағы еңбектері осы жанрға қосқан ерекше үлесін байқатады.

Түйін сөздер: сын, сыншы, құндылық, эстетика, таным, тұжырым.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-184-193>

Түсті: 27.09.2024; Жөнделді: 09.11.2024; Мақұлданды: 02.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Сын қоғамдағы философиялық, әлеуметтік, рухани-адамгершіліктің өткір проблемаларына қозғау салады. Соның ішінде әдебиет туралы талқылау көркем шығарманың тууымен бір мезгілде пайда болған. Жалпы өнердің жаңа туындысын танып, ой елегінен өткізіп, өздерінің өмірлік бай тәжірибесі арқылы салмақтап, саралаған парасатты, ойлы жандар – алғашқы әдебиет сыншылары болған. Сонау антикалық дәуірде-ақ, сын шығармашылықтың дербес саласы ретінде орныға бастады. Көне Грекия мен Римде өнер туындысы туралы талқылаулар туындап, оның алғышарты ретінде риторика мен поэтиканың танылғаны мәлім [1]. Одан соң да табиғатқа еліктеу (мимиезис), сұлулық пен қайырымдылықтың идеялы (калокагатия), Платон теориясы мен оның суреткерге қатынасы («Мемлекет»), идеяның объективтенуі (эйдос), көркем шығармашылықтың құдайлануы,

¹ Хат-хабар үшін автор

көркем форма мен мазмұнның арасындағы қатынас («Ион»), әдебиет пен өнердің теологиялық аспектісі, көркем шығармашылықтың эталоны, алғашқы сыншылардың бірі Зоилдың жартылай аңызға айналған бейнесі, Горация («Ars poetica») мен Овидияның әдеби еңбектеріндегі теориялық бастаудың көрінісі, антикалық теоретиктердің орта ғасырдағы мәдениет пен филологияға ықпалы орнықты. Одан соң сыншылдық ойдың діни іргетасы айқындалып, монахтар мен университеттерде эстетикалық тақырыптарға арналған дискуссияның бір парасы - көпшілік сыни қызметті өрістетті. Универсалия (реалистер мен номиналистер арасындағы полемика) туралы талас, Вольфрам фон Эшенбахтың эпосындағы («Парцифаль»), Дантениң «Новая жизнь» еңбегіндегі сыни элементтер, ағарту мен қайта өрлеудегі сынның толыққанды өрістеуіне жасалған тұжырым тұрақтанды. Бұдан әрі дәуір өрлеген сайын сынның теориялық және практикалық негізі дами түсті. Сөйтіп, әдебиет, теория, философия, эстетика категориялары сыни ойдың бағытын кеңейтіп, әр түрлі теориялық мектептердің негізін қалады.

Сынның дамуы біркелкі болған жоқ. Себебі сын тек парасатты, әділ бағалау ғана емес, заманның кереғар, саясаттың солақай тұстарына да ілігіп отырды. Соған қарамастан сынға ерекше, әр тарапты даму динамикасы тән болды. Ендеше, сын әмбебап, көпфункционалды жанр. Ол тек өзінің жанрлық түріне ғана жауап бермейді, кейде жанраралық ерекше пішіндерге еніп, тек сынау, талқылау, бағалау ғана емес, ойлы пікір, тың көзқарастың тууына да ықпал етеді. Сын осы тұрғыдан теориялық-әдіснамалық проблемаларды қозғайтын ғылыми мақалаға, қоғамның өткір, маңызды мәселесін көтеретін көсемсөзге, кейде ой талқылауға, дербес пікір бөлісуге шақыратын эссеге де ұқсап жатады. Сын қоғамның шығармашылық саласына, әлеуметтік өмірдің шынайы болмысын көрсетуге белсене араласады. Сын қаламгер еңбегінің жетістіктері мен кемшіліктерін айқындап, оның шығармашылық деңгейінің өсуіне, шеберлігінің қырлануына ықпал етеді. Сыншы оқырманға да назар аударады. Сол арқылы сыншы оған шығарманы түсіндіріп қана қоймайды, оны оқығанын жаңа деңгейде түсініп, біріккен жанды процеске тартады.

Зерттеу әдістері

Мақаладағы негізі ой-тұжырымдарды дәйектеу мақсатында эмпирикалық (бақылау, талдау, салыстыру, модельдеу), теориялық зерттеу (анализ, синтез, абстрактілік, нақтылық, тұжырымдау) әдістері қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер

Сыншының міндеті туындыға көркемдік тұтас дүние ретінде қарап, оны әдеби дамудың жалпы үдерісінде таныту. Қазіргі әдеби сында мақала, рецензия, шолу, эссе, әдеби портрет, полемикалық реплика, библиографиялық заметка жанрлары бар. Сыншыға туа бітті талант тән болу керек те, ол суреткер, ғалым, зерттеуші, публицист, ғалым, тарихшы, теоретик, эссеист болуы тиіс. Әдеби сынның өзі де басқа сыншылардың талқылауына, сынына ұшырап жатады. Сонда ең соңғы сынды, өткір сынды айту кімнің құзырында? Бұл өз кезегінде жауабы ішінде табылатын риторикалық сауал. Сынның айтылуының өзі сол тұстан басталатын сынды, талқылауды білдіреді. Сынның нәтижесі бірден көрінбейді. Өйткені оның жауабына, түзелуіне уақыт төреші. Кез келген шығармашылық өкілінің жазғанына сын айтылып, жазылуы заңдылық. Себебі сол арқылы ол өзін қоғамның, шығармашылық ортаның бақылап отыратынын біледі. Өзін оқып, талқылап отырған көпшіліктің болуы оған мотивация болады. «Сын дегеніміз – өнер мен әдебиет туындысындағы әдемілік пен кемшілікті ашатын ғылым» [2, 228]. Сын қаламгерге шығармашылық даму сыйлайды. Алғашқы сынның айтылуы шығармашылық адамына үлкен сынақ. Сын айту оңай емес, оның қаншалықты әділ болуы сыншының біліміне, қабылдауына байланысты. Көпшілік жағдайда сын шығармашылық өрлеуге бастайды. Әдеби сынның сынағынан шығармашылық жолындағы кез келген адам өтеді. Көркемдік құбылысқа құндылық тұрғысында қарау – әдеби сыншының басты мәселесі. Сын әдеби бағыттың шығармашылық ұстанымын бекітіп, әдеби үдеріске белсенді

ықпал етеді. Әдіснамалық принцип тұрғысынан сын әдеби үдеріске кірігіп, қоғамдық сананың қалыптасуында әдебиет тарихы мен теориясына сүйенеді. Сынның маңызы тек танымдық тұрғыда ғана емес, ол қаламгер мен оқырманның арасында дәнекерлік рөл де атқарады. Ғалым Т.Кәкішұлының еңбектері тек сын саласын ғана емес, кең түрдегі ғылыми-зерттеушілік, деректілік сипатты қамтиды. Ғалымның «Дәуір суреттері», «Сын сапары», «Оңаша отау», «Қазақ әдеби сынының тарихы» еңбектері осының айғағы. Ғалым К.Ахметтің: «XX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап, Т.Кәкішұлы қазақ кеңес әдебиеті тарихынан ұмтыла бастаған Ж.Тілепбергенов, Е.Бекенов сынды дарындар жайында арнайы мақала жазып қана қоймай, олардың еңбектерін жинау, жариялау ісімен де шұғылданды. Өз еңбегімен қатар өзгенің шығармаларын ескі газет-журналдардан тауып алып, оған қайтадан өмір беру, архив шаңын қағу машығы ғалымның өзіне ғана емес, елге де олжа салғанын көрсетеді. Ғылыми зерттеулері практикалық қажеттілікпен астарласып жатты», - деуі сыншының ғылыми ізденіс арналарын айқындап береді [3, 8].

Ғалым Т.Кәкішұлының қазақ әдебиетінің сын жанрына келуі теориялық-әдіснамалық сипаттан басталады. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығы сынның принциптерін, негізгі ғылыми қағидаттарын жүйелеп берген еңбек. Ғалымның сын жанрының туу, қалыптасу, танылу сипаттарын айқындауы да ерекше. Сынның тууын кеңес дәуірі кезеңімен қатар алып қарайтын ұшқары пікірге қарсы уәж айтқан зерттеуші эстетикалық талап биігінен табылатын туындыларды халық мұраларынан тауып, мақал-мәтел, эпостық жыр, айтыстағы көркемдікті атап, мысал келтіріп, халықтың парасат-талғамының негізі ұлттық салт-дәстүрде, ежелгі танымда жатқанын дәлелдейді. Сөйтіп, «Қыз Жібек» жырынан, «Қобыланды батыр» эпосынан мысалдар келтіріп, халықтың эстетикалық-сыни көзқарасы фольклордан бастау алғанын дәйектейді. Әдебиет – өнердің бір түрі. «Өнер» деген сөздің өзі көпмағыналы. Бұл жағдайда оның көркемдік қызметі мен нәтижесіне басымдық беріледі. Өнер – шығармашылық сипаттағы эстетикалық құбылыс. Көне грек тіліндегі «эстетика» сөзінің бастапқы мағынасы «есту және көру арқылы сезіну» дегеннен туындайды [4, 113]. Көркем әдебиетті өнердің басқа түрінен ерекшелігі оның сан қырлы, мол арналы сипатын танытады. Сол арнаның бірегейі – фольклор. Мәселен, мақал-мәтелдің мәні – өмірден туған байлам. Сондықтан оның тақырыбы да өмірдің сан алуан құбылыстарын қамтиды. Зерттеуші еңбегінде тілге қатысты халықтық топшылау, байламдар келтіріледі. Мәселен, «Тіліңді бақ, басың аман болады. Сөзіңді қысқарт, жасың ұзақ болады», «Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан жіңішке», «Тіл мен сөз – көңілдің айнасы», «Білім қадірін оқыған білер, зер қадірін тоқыған білер». Бұл халықтың таным көкжиегінің кеңдігін дәлелдейтін нақылдар. Бұл арқылы зерттеуші Т.Кәкішұлы халықтың сыни ойларының дәйектілігін, көпшілік құптаған мәнін алға тартады.

Халқымыз әрдайым сөзді ұтымды, қиыстыра, қолдануға ұмтылған. Себебі сөзге жүйрік болуды өнердің озығы деп түсінген. Сондықтан өмірдің алуан түрлі құбылыстарынан алған қорытындалары мен топшылауларын қанатты сөзге айналдырып, оның ғибратын тереңдетіп отырған. Әр қоғамның талғам-талабы мен қалыптасқан ғұрып-салтына орай, мақал-мәтелдерде қоғамда өмір сүрген топтардың, жекелеген адамдардың, жұртшылықтың көзқарастары сақталып отырған. Онда ілгерідегі құбылыс, жағдаяттарға сын айту, таразылау, кейде мақұлдау кездеседі. Халық өмірінде туған мақал-мәтелдерде тапқырлық пен жүйелілік, көркемдік пен эмоция сақталған.

Фольклорлық элементтер әр түрлі формада әдеби шығармада да қолдана отырып, белгілі бір дәрежеде өзінің эстетикалық мәнін сақтайды. Мақалдың мәні белгілі бір нәрсені үйрету, жеріне жеткізе айту, ойды бекіте түсуімен тереңдей түсетіні белгілі. Мақал-мәтелдердің осы қасиеті халықтың әрекетін, көңіл-күйі мен мінез қасиетін даралап, ойын бедерлей түседі. Тағы бір ерекшелік халықтың мақал-мәтелдерінде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар десек те, оны әрі қарай тарқатып, тобықтай ойдың тоқсан түрлі тарауын жазып, айқындауға болады. Мәселен, жоғарыда келтірілген мақал-мәтел шоғырындағы «Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан жіңішке», «Тіл мен сөз – көңілдің айнасы» дегендерге мән берсек, халқымыздың тіл өнеріне аса сақтықпен қарағанын

байқаймыз. Мәселен, ертеден ақындықты өнер ретінде ардақтаған халқымыз күнделікті өмірге тән қылыш, қыл сөздерін тілдің қасиетін ашуға қолданған. Сол арқылы да мәтелдің астары айқын, мағынасы кең шыққан. Бұл тек өрнекті нақыл ғана емес, әбден екшелген құбылыс арқылы алдағы күннің мұратын ашу, кейінгіге құлаққағыс жасау.

Халық мұрасы көпшіліктің жадында пішін, мазмұн, көркемдік тұрғыдағы ерекшеліктерімен сақталатыны белгілі. Халық сөздің киесін, көпмағыналылығын, эстетикалық, стильдік болмысын сақтап отырған. Ғалым Т.Кәкішұлы өзінің зерттеуінде «Қыз Жібектегі» көштің тізбекті суретін мысалға алады:

Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады.
Шытырма көйлек етінде,
Нұр сәулесі бетінде
Бұралып кетіп барады,
Перінің қызы секілді [5, 23].

Жанр мазмұндық, мән-мағыналық сипаттарымен қатар, құрылымдық та қасиеттер иеленеді. Неғұрлым ертерек сатыда (классицизм дәуіріне дейін) жанрлардың формалды аспектілері басымдыққа ие болды. Жанрды жасайтын бастау алдымен өлеңдік өлшемдер (метрлер), строфалық ұйымдастыру (қатаң пішіндер) және тілдік конструкциялар мен құрылым принципі болды. Әрбір жанрға көркемдік құралдардың кешені нақты бекітілді. Дәстүрлі жанрлар болашақ белгілі бір қалыпқа түсе отырып, бір-бірінен оқшау, бөлек өмір сүрді. Олардың аралық шекарасы да нақты болды. Мұндай жанрлық құрылым канон деп аталып, белгілі бір нормалар мен ережелерге бағынып, қалыпты дәстүрді орнатты. Жанр каноны жанрлық белгілердің тұрақты және берік жүйесі болды. Мұндай сипат халықтың эпостық шығармаларынан да табылады. Динамикалы тармақтар, бір-біріне жедел ауысатын суреттер жыр құрылымында тұрақты мәнге ие.

Жібектің көпті тамсантқан сұлулығы оның көштің басындағы әр қыздың перизаттай әсемдігімен салыстырылады. Бейнелеудің үдетпелілігі, қыз бейнесінің бірінен екіншісінің басым түсуі қыз баласына деген халықтың эстетикалық бейнелеу ерекшелігін аңдатады. Қазақ халқы қыз перзентін артық көрген, есімін де ерекше көркем етіп қойған, отбасында еркін ұстап, төрге шығарған, тектілік пен тәрбиені жастай ұлағаттаған. Қазақ осы танымды өзінің өлең-жырларында мейілінше дәріптеген. «Қыз Жібек» лиро-эпосындағы әр көш сайын бірінен екіншісінің көркі артқан қыздардың сұлулығы суреттеледі. Сөйтіп, ажарлау мен көріктіліктің сан алуан тәсілдерін тізбелеп, бірде бет, келбет ажарын, бірде бой, мүсін сымбатын, енді бірде мінез, қылық ерекшелігін тізбелей суреттеген халықтың сөз өнерінің аржағында сұлулыққа деген эстетикалық биік талғамы жатыр. Сол сияқты халқымыз батырды суреттесе де:

Қатуланып, қаттанып,
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз қатып [6, 22]

тұлпарды бейнелесе де:

Түлкідей көзі жайнады,
Қазандай боп қайнады.
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы,
Саз балшықтай иледі [6, 48], -

деп әбден шегіне жететіндей әдемі сурет жасап әрі ондағы бейнелеу мен теңеуді де табиғи, үйлесімді бере алған. Зерттеуші Т.Кәкішұлы сыни көзқарастың халықтың ежелгі руханиятымен өзектесіп жатқанын дәлелдейді. Сондағы зерттеушінің жасаған түйіні -

сын деген тек келеңсіз дүниені түйреу, сынау еместігіне, сын ең алдымен жақсыны, жарасымды дүниені көру керектігіне көз жеткізу. Ғалым Б.Ыбырайым: «Ғалым-ұстаздың эстетика талабын, шарты мен шындығын терең сезінуі – күллі ғылыми еңбектерінің өзекті принципіне, алтын арқауына айналған. Шығармашылық жолы – осынау арқаудың нақты мысалы, сыншылдық талғамы мен азаматтық дүниетанымының әрі нақты көрінісі, әрі бейнелі көрсеткіші. Сыншылдық, сезімталдық ғалымның адалдығымен, ауқымды пайымымен тізе қосқанда, рухани игілігімізге үлес қосатын парасатты еңбектер дүниеге келеді» [7, 111].

Зерттеуші сын жанрына деген көзқарасын одан әрі жыраулардағы кесек, көркем, терең ойлармен сабақтастырады. Жырау – елдің алдында жүретін көшбасшы ақылманы, ойшыл, данасы. Олардың сөзі киелі, ойы терең. Жыраулар дүниетанымындағы философиялық ой кеңістігін, кемелдік пен парасатты айналасынан алып, көкірегіне жинаған. Өздерін қоршаған жаратылыс пен адамның ғұмырын үйлестіріп, бір көркемдік арнаға тоғыстырған. Соның бірі – адамның жас ерекшелігіне қатысты пайымдары. Бұқар жыраудың «Жиырма деген жасыңыз, ағып жатқан бұлақтай. Отыз деген жасыңыз, жарға ойнаған лақтай. Қырық деген жасыңыз, ерттеп қойған құр аттай. Елу деген жасыңыз, о да бір көшкен ел екен. Алпыс деген жасыңыз, қайғылы, мұңлы күн екен. Сексен деген жасыңыз, қараңғы тұман түн екен. Тоқсан деген жасыңда, ажалдан басқа жоқ екен», - деп жүйелеуінде, адамның жасы ұлғайған сайын, оған айтылатын сыни көзқарас та тереңдей түседі [8, 89]. Әр жастың өзіне тән сипаты нақты бақылау, байламнан туған. Яғни адам ғұмырының бағасы әбден екшеліп, айқындалып берілген. Орыс әдебиеттанушысы М.Бахтин: «Бағалау ғана адамды өзінің дербес болмысын, тағдырын тануына жәрдемдеседі» [9, 82], - деген. Яғни адам тұлғасы – алдымен, бағалауыштық бағдар нысаны.

Әдебиеттану мен әдеби сынның үндестігі әдебиеттен туындап отыр. Екеуінің де зерттеу нысаны – әдебиет. Әдеби сын әдебиетке баға береді, әдеби шығарманы талдап, бағалап, жұртшылыққа танытады. Ақын-жырау халық алдына шыққаннан-ақ олардың талғамына, сынына жауап беретіндей болуы тиіс. Олардың дарын-талабының сыншысы – халық. Сыншының ойынша: «Озық өнерімен, ән думанымен қадірлі болған ақын өз басын асыра бағалап, қарсы ақынды кішірейте сөйлеп, мысын басуы да эстетикалық заңдылыққа бағынады [5, 38]. Себебі халық тыңдап, таныған сөзі арқылы, талғамын қалыптастырады. Сондықтан да көпшіліктің көңілінен шыққан ақынның сөзін халық жадында сақтап, айтып, таратып отырады. Бұл талғампаз, сөз ұғымын, сын талабын жақсы білген халық даналығының белгісі. Ғалым Ж.Смағұлов: «Сын жанрларын айқындаудың басты белгілерінің бірі – оның зерттеу нысаны. Әдеби сын қарастыратын негізгі объектілер – шығарма, жазушы, әдеби үдеріс. Осы үш түрлі объектіге орай, соларға сәйкес келетін рецензия, шығармашылық портрет, мақала жанрлары қалыптасқан. Сынның басқа жанрлары осы үшеуінің төңірегінде топталып, түрліше жағдайдағы көріністері іспеттес» [10,17].

Адам баласы қоғамда, тарихи дамудың әр кезеңінде адамзатпен ілесіп отыратын құндылықтар кеңістігінде өмір сүріп, адамның өмірі, әрекеті құндылық бағалауына алынады. Әлеуметтік-саяси қоғамдағы ілгерілеу, түпкілікті өзгерістер жаңа құндылықтарды талап етеді. Қазіргі жаһандану заманындағы тоғысулар бір елде қалыптасып, орныққан құндылықтарды сырттай да бақылап, баға беруге итермелейді. Яғни субъектілі-бағалауыштық аспект сыртқы бағалауға да ұшырауда. Бұл жалпы адамзат құндылығымен де ұштасады. Философия тарихында табиғи және қоғамдық құбылыстардың, адамның қызметі мен әрекеті салдарынан пайда болған сұлулық, асқақтық, ырыс, береке ұғымдары жоғары саналды. Олар тарихи дәуірлерде өзінше сарапқа салынып отырды. Мәселен, антика дәуірінде жоғары құндылық – білім, ақыл-ой саналған. Халқымыздың ұлттық коды оның болмысын, жаратылыс ерекшелігін, руханиятын айқындайды. Оның күні бүгінге дейін көнермеген бірегей қасиеттері халықтың ерекше болмысының сақталуына негіз. Яғни тіл мен мәдени құндылық ұлттық кодтың бірегей көрінісі [11]. Яғни осыдан құндылық ұғымының әр тарапты ерекшелігін байқаймыз. Сыншы Т.Кәкішұлының пікірінше: «Ауыз

әдебиетінің қай үлгісі болмасын, халықтық эстетиканы, халықтың сыншылық көзқарасы мен парасатын танытып отырады» [5, 31]. Зерттеуші халықтың эстетикалық сыншылық ой-тұжырымының бір парасын айтыстан табады.

Айтыс – ақындық өнердің биік межесі. Айтыс өнері ашық алаңда, халық алдында орындалатындықтан, оған берілетін баға да жедел болады. Көпшіліктің талап-танымына оңтайлы болған ақынның сөзі көкіректе жатталып қалады. Ендеше, ақын болу, шаршы топтың алдында сол өнерін сарапқасалу – өнерпаздың өскенін, ақындық тұрғыдатолысқанын білдіреді. Ғалым айтыс ақынының ерекшелігін былайша айқындайды: «Ақындар тек сұлулық пен асқақ сана-сезімді ғана қастерлемей, әлеуметтік қиястық пен о жарлықты, қоғамдық зорлық-зомбылықты, кем-кетікті де айтады. Әуелде тілек айту, ықылас білдіру эстетикалық сәттер ұшырасқанымен, шабыт шалқары алысты шалар кезде, сатұр-сұтыр сөз найзасы сұңғыласып жатады» [5, 36]. Ендеше, сөздің мағынасы мен эмоциясы да сыни бағалауды тудырады. Ақындардың бір-біріне сөз арқылы сын тағуы, мін айтуы да бағалаудан туады. Мәселен, «Жүз толқытып жібектей өлеңді айт», «Сусындайық өлеңнің тұнығынан» деп бір-бірінен сөздің ажарлысын естуге ынталанса, біраздан соң, «Өлеңге бейсауат сөз қосамын деп, қалтырап тон ішінде пақыр болдың»; «Әйгілі ақын болсаң ел мақтайтын, сөзіңді сөйлесеңші екі жақтап»; «Әйтеуір ақынмын деп әуектейсің, білмейсің не айтқаныңды қылжалақтап» деп ақын тілінің кемшіндігіне, мағынасының тарлығына мін айта бастайды. Бұл сөздің қадірін биік қойған ақындардың шешімі. Айтыстағы сөз, тіл өрнектеріне ғана емес, зерттеуші оның тарихи, деректілік сипатына да ерекше мән береді. «Ақындар айтысы бір жағынан эстетикалық мән-мағынасымен елдің көркемдік талап-талғамын тәрбиелесе, екіншіден, тарихи деректерге толы. Көптеген тарихи деректер хатқа түспегенімен, мүлдем ұмыт болып кетпегенін ақындар айтысынан көреміз. Көпшілік айтыста ең әуелі ақынның қай елден, қай рудан екені, оның қандай өнерпаз болғаны, тарихтан өткен билері мен батырлары жайлы айтылады. Ата-бабаларының шежіресін шертетіні қаншама» [5, 41]. Шындығында да айтыс ақындары қарсылас ақындарынан үстем шығуының бір парасын руының әлеуетінен, онда белгілі тұлғалардың болуынан тауып, мәртебесін биіктетіп отырған. Сыншы әдебиет тарихы кезеңдерін келтіре отырып, ондағы сыншылық-эстетикалық сипаттың туу, қалыптасуын дәйектеп отырады. Сын бар жерде таным, көзқарас, талғам болатындығын түйіндейді.

Қазіргі психолог ғалымдардың дәлелдеуінше, адамның болмысы үш негізгі қасиетті тірек етеді: Алдымен, адам мінез-қасиетінде оның әрі қарайғы тұрақтылығын қалыптастыруға негіз болатын бастапқы сипат сақталады; екіншіден, әлеуметтік ахуал адамның ішкі жан дүниесінің өзгерісін негізге алып, одан қандай да бір айқындылықты, бағалаудың бағдарын қажетсінеді; үшіншіден, ілім мен дүниетаным ұғымының қалыптасу тәсілі адам болмысының әр түрлі деңгейіне: рухани биіктеуге, күйзеліске немесе дағдарысқа байланысты болады. Сондықтан көркемдік ойлау эволюциялық шарықтау шегіне жете отырып, өзінің ұзақтығын шектеп, аяқталуға жақындайды да, оның көрсеткіші ретінде адамгершілік, философиялық, рухани тұжырымдар алынады. Қай халықтың да мінез-қалпы, әдет-ғұрпы оның мәдениетінің жасампаздығын аңғартады. Рухани мәдениеттің бастауы-әдебиет. Мәтін мотивациясы – мақсатқа бағындырылған, белгілі бір бағытты айқындаудан туындайтын сезім-күй, мәтіннің мотиві, концептісі. Көркем туындыны тұтас қозғалысқа келтіретін импульс ретінде ол ондағы ақпараттың берілуін, байланысын, дамуын жүзеге асырады [12]. Оның басты бағдар тұтатыны – өзі өмір сүріп отырған қоғамның этникалық-эстетикалық, идеологиялық принциптеріне сәйкес қызмет ету. Әдебиетті дамыту – сынды өрістетуге бастайтын жол. Нағыз сын шығармашылыққа айқын, дәл, шынайы талдау береді. Т.Кәкішұлы сыншы еңбегінің маңызы бірден байқалмайтынын, себебі сынды тану мен қабылдау субъектіліктен туындап жататынын айтады. Ал, өзінің «Қазақ әдебиеті сыны тарихында» сын мен эстетикалық пайымның халық мұраларынан бастау алуын зерделей отырып, мұндағы сынды қызметі өзгешелеу болатынын аңғартады. Себебі халықтың рухани дүниесі тек сөз өнерінің қасиетін ғана аңдатпайды. Мұнда тереңнен тамыр тартатын салт-дәстүр, ұлттық болмыс, этнографиялық кескіндер

бар. Осы бастауды тірек еткен халық өзінің пайымына дөп келетіндерін ауыздан-ауызға таралу кезінде-ақ танып, бағасын беріп, деңгейін айқындап қояды.

Қорытынды

Өнер - адамзат тіршілігінің маңызды бөлігі ретінде дәуірдің мәдени және уақыт-кеңістік аспектісіне қарамастан, жасай беретін құбылыс. Өнердің қасиетін айқындап, таразылап отыратын категориялар – эстетика, таным, қабылдау. Өнер объектілі және субъектілі қасиетімен эстетиканың пішіндерін қамтиды. Ол өзінің эмоцияға шапшаң әсер етуімен әр түрлі деңгейдегі талқылау мен тануды, қабылдауды туғызады. Соның ішінде әр халықтың ұлттық болмысын терең айқындайтын салт-дәстүрі, сөз өнері өзінің мәңгілік құндылығын сақтап отырады.

Әдеби үдеріс – нақты қоғамдық-саяси жағдайда қалыптасатын идеялық-көркемдік, эстетикалық фактордың, көркем сөздің шығармашылық әлеуетінің нәтижесінде жасалатын құбылыс. Әдеби үдеріс идеялық-көркемдік, дүниетаным, көзқарастар мен эстетикалық бағдарды айқындайды. Әдебиеттің әлеуметтік сипатының маңызы, шешуші сәті – біздің қабылдауымыз. Сол арқылы мәтіндегі ой түзіліп, мазмұн құралады, тұтас мәтін жасалады. Осыдан келіп мәтінді қабылдау, қаламгердің шығарма тудырудағы өзіндік ерекшелігі, оған деген оқырманның көзқарасы, бағалауы айқындалады. Мәтінді қабылдаудың маңызды кезеңі оның бейнелі-тілдік ерекшеліктерін, мазмұнын түйсініп, бойға сіңіру. Мәтінді қабылдау төңірегінде көптеген психологиялық шолулар мәтінді түсіну күрделі ой процесі екенін, ол әлденеше сатыдан өте отырып, сөздік құрылымды, оның мазмұнын белсенді қабылдауды жүзеге асыратындығын дәлелдейді. Яғни, мәтінді түсініп, қабылдап, белгілі бір нәтижеге, түйінге келесіз. Ондағы кейіпкерлердің әрекетін салмақтап, талдау бересіз. Міне, осы жағдайда мәтіннің дәлелдемесі үлкен рөл атқарады. Өзінің дәуірлік болмысында сын таза эстетикалық немесе таза тарихи сипатта болмайды. Олай дейтініміз эстетикалық болмыс сынды күнделікті өмірден алыстатып жіберсе, тарихи сипаты оны бүгінгі күннің проблемасынан алшақтатады. Қоғамның дамуымен байланысты адамның айналасына деген қатынасы, көзқарасы да өзгереді. Өзгерген қоғамдағы әдебиеттің тақырыбы да, кейіпкері де, бейнелеу амал-тәсілдері де өзгеше тұрпатқа ие болады. Осыған байланысты оқырманның эстетикалық қабылдауына да өзгеріс енеді. Осының бәрі әдебиет пен оның жанрларының идеялық-эстетикалық мазмұнына әсер етеді. Яғни, адамның жеке қабылдау болмысының жалпылану (деперсонализация) өзгерісі жаңа қоғамның бәріне тән. Ол өмірдің ілгерілеуіндегі жеке тұлғалық маңызды жойып, қалыпты бірліктің (стандартная единица) сипатын орнықтырады. Осы ретте, сын мен сыншы функциясының мәні айқындалады. Сын – белгілі бір әдеби бағыттың аясында шығармашылық принциптерін талқылап, баға береді. Ол әдебиет туралы ғылымның жалпы әдіснамасы негізінде әдебиет тарихын тірек етеді. Сын – әдебиеттің қазіргі жай-күйін, классикалық мұралардың ықпалдастығын бүгінгі қоғамдық және көркемдік мақсат негізінде саралайды. Сын осы ретте, өмірмен, қоғамдық күрес-тартыспен, дәуірдің философиялық және эстетикалық идеяларымен тығыз бірлікте болады.

Сыншы Т.Кәкішұлының әдебиет тарихы кезеңдерін айқындап, сын жанрын дамытқан ғалымдық, қайраткерлік қызметінің өресі биік. Ұлт руханиятындағы қадау-қадау маңызы терең мәселелерді алғашқылардың бірі болып қозғап, ірі зерттеулер жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Бұл ғылыми ізденістің ерекшелігі тарихилықтың, архив материалдарының молдығы болса, зерттеушінің осы әдіснамалық принципі тың деректердің ғылыми айналысқа түсуіне жол ашты. Ғалым сын жанрының қасаңдау болмысына жан бітірді, сынның тарихпен, дерекпен, көркемдікпен ұштасатын сапа-қасиетін тереңдетті. Зерттеушінің тұлғалық-бастамашылық болмысы әдебиет тарихы мен бүгінгі әдеби үдерістің арасын сабақтастырып келеді.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша авторлар мүддесі қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Ж.Қ.Смагулов мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді, мақаланың негізгі бөлігін жазды. А.С.Несипбекова материалдарды жинақтап, мақала мазмұнына қатысты деректерді жүйелеп, мақаланы рәсімдеумен айналысты. Мақаланың тұтастығы мен деректердің дәйектілігі өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. Т. 2: Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. – Астана: Фолиант, 2005. – 416 б.
2. Хализев В. Теория литературы: учебник. 4-е изд. исп. и доп. – М.: Высшая школа, 2002. – 405 с.
3. Кәкішев Тұрсынбек Кәкішұлы. Библиографиялық көрсеткіш. Құрастырушылар: Ж.Мұқалдиева, К.Ахметова, К.Абугалиева. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 179 б.
4. Бычков В. Эстетика: учебник. – М.: Кнорус, 2012. – 528 с.
5. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 2002. – 320 б.
6. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Т.3. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1986. – 304 б.
7. Ыбырайым Б. «Ұстаз» // Тұрсынбек Кәкішұлы және қазақ әдебиеті тарихы мен сынын зерттеудің келелі мәселелері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 10 қараша, 2022. – 109 б.
8. Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
9. Бахтин М. Собрание сочинений в 7-и томах. Т.5. – М.: Русское слово, 2000. – 420 с.
10. Әдеби сын. Бірінші кітап / Құраст. Л.Мұсалы. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 143 б.
11. Zhakupov Z., Sarekenova K., Aimukhambet Z., Sagidolda G. Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study// Eurasian Journal of Applied Linguistics, Volume 9 (3), 2023, Pages 238-246.
12. Байтанасова Қ. Мәтін теориясының кейбір мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - 2019. - № 4 (129). – Б. – 24-31.

Ж.К. Смагулов, А.С. Несипбекова*

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Критика и критические познания

Аннотация. Глобализация и гуманизация, происходящие в современном обществе, создали новую парадигму оценки ценностей в эстетической и духовной сфере. При этом необходимо уделять особое внимание национальной культуре и литературе, ее отраслям. Критика – особая форма, затрагивающая общественное развитие и сознание, художественное восприятие. Литературная критика как составная часть литературоведения тесно связана с историей и теорией литературы. Так раскрывается сущность литературного творчества. Литературная критика оценивает развитие литературного процесса и выделяет художественное произведение с точки зрения сегодняшнего дня. Ориентируя идейно-эстетическое качество литературного и художественного мира, критика определяет уровень его развития в конкретный период. С этой точки зрения критика также имела стадию развития и зрелости. Если мы посмотрим на исторические корни литературной критики, мы увидим, что она глубока. Объективность критики и художественно-эстетической оценки способствуют предотвращению упадка литературы и искусства. Жанр критики требует острого, пронзительного критика. Одним из признанных в развитии критики лиц является Т.Какишулы. Работы исследователя в области критики показывают его особый вклад в этот жанр.

Ключевые слова: критика, критик, ценность, эстетика, познание, вывод.

Zh.K. Smagulov, A.S. Nessipbekova*

Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

Criticism and critical knowledge

Abstract. Globalization and humanization occurring in modern society have created a new paradigm for assessing values in the aesthetic and spiritual sphere. In this case, it is necessary to pay special attention to national culture and literature and its branches. Literary criticism, as an integral part of literary criticism, is closely related to the history and theory of literature. This is how the essence of literary creativity is revealed. Literary criticism evaluates the development of the literary process and highlights a work of art from the point of view of today. By orienting the ideological and aesthetic quality of the literary and artistic world, criticism determines the level of its development in a specific period. From this perspective, criticism also undergoes a developmental phase and attains a state of maturity. If we look at the historical roots of literary criticism, we can see that it is profound. Objectivity of criticism and artistic and aesthetic assessment help prevent the decline of literature and art. The genre of criticism requires a sharp, insightful critic. One of the persons recognized in the development of criticism is T. Kakishuly. The researcher's works in the field of criticism show his special contribution to this genre.

Keywords: criticism, critic, value, aesthetics, cognition, conclusion

References

1. Tarih – adamzat akyl-oiynin kazynasy: On tomдик. T.2: Antikalyk Grekya zhane Rim tarihi oiy [History is the treasure of the human mind: in ten volumes. Vol. 2: Ancient Greece and Roman historical thought]. (Foliant, Astana, 2005, 416 p.) [in Kazakh]
2. Halizev V. Teoriya literatury [Theory of literature]. The textbook is the fourth edition. (Vysshaya shkola, Moscow, 2002, 405 p.) [in Russian]
3. Kakishev Tursynbek Kakishyly. Bibliografiyalyk korsetkish [Kakishev Tursynbek Kakishevich. Bibliographic index]. Compilers: Zh.Mykaldieva, K.Ahmetova, K.Abugalieva (Kazakh University, Almaty, 2002, 179 p.) [in Kazakh]
4. Bychkov V. Estetika [Aesthetics]. Textbook. (Knorus, Moscow, 2012, 528 p.) [in Russian]
5. Kakishev T. Kazak adebieti synynyn tarihy [The history of Kazakh literary criticism]. Training manual. (Sanat, Almaty, 2002, 320 p.) [in Kazakh]
6. Kazak halyk adebieti: Kop tomdik. Batirlar zhyry [Kazakh folk literature: multi-volume. Song of heroes]. Vol. 3. (Zhazushy, Almaty, 1986, 304 p.) [in Kazakh]
7. Ibraim B. «Ustaz». Tyrsynbek Kakishyly zhane kazak adebieti tarihy men synyn zertteudin keleli maseleleri. Halykaralyk gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary [“Ustaz”.Tursynbek Kakishuly and actual problems of studying the history and criticism of Kazakh literature. Materials of the international scientific and practical conference.] (Almaty, 2022, 109 p.) [in Kazakh]
8. Zheti gasir zhyrlaidy [Seven centuries of singing]. Vol. 3. (Zhazushy, Almaty, 2008, 400 p.) [in Kazakh]
9. Bakhtin M. Sobranie sochinenij v 7-i tomah [Collected works in 7 volumes]. Vol. 5. (Russian word, Moscow, 2000, 420 p.) [in Russian]
10. Adebii syn. Birinshi kitap [Literary criticism. The first book]. Compiler: L.Mysaly. (Abai Scientific Research Institute, Almaty, 2023, 143 p.) [in Kazakh]
11. Zhakupov Zh., Sarekenova K., Aimukhambet Zh., Sagidolda G. Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study// Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2023, 9 (3), P. 238-246.
12. Baitanassova K. Matin teoriyasynyn keibir maseleleri [Some problems of text theory] Bulletin of L.N.Gumilyov ENU. Philology Series, №4 (129), 126-133 (2019) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Смагулов Ж. – филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: jandosmagulov@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8778-1601.

Несипбекова А. – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан. E-mail: arai_nesipbekova@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9226-238X.

Смагулов Ж. – доктор филологических наук, профессор, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан. E-mail: jandosmagulov@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8778-1601.

Несипбекова А. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан. E-mail: arai_nesipbekova@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9226-238X.

Smagulov Zh. – Doctor of Philology, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: jandosmagulov@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8778-1601.

Nesipbekova A. – corresponding author, PhD student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: arai_nesipbekova@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9226-238X



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

Р.С. Тұрысбек



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
(E-mail: rst58@mail.ru)*

Қаламгер К. Тоқаев шығармашылығы: соғыс сипаты мен шындық шырағы

Аңдатпа. Мақалада майдангер-қаламгер Кемел Тоқаев шығармашылығы мен оның басты туындыларының бірі - «Солдат соғысқа кетті» романы хақында кең көлемде сөз етіледі. Романның бастапқы бөлігінде Әскери училище курсанттарының лейтенант атағын алу үшін емтихан тапсыруға дайындығы, тактикалық жаттығу сабақтары, күнделікті әдет-дағдылары, тіпті бейуақыттағы соғысқа қатысты қатаң бұйрық мәні де нанымды жеткізіледі. Бұдан басқа, романның алғашқы бөлімінен бастап соңғы бөліктерге дейін жүйелі орын алған – «Солдат күнделігінен» атты жазбалар жиынтығынан майдан даласының тынысы, соғыс шындығы, жауынгерлердің ерекше тапсырманы орындау сәттеріндегі көңіл-күйлері, өзара қарым-қатнастары, ел-жер, отан мен отбасы төңірегіндегі таным-түсініктері, сағыныш-сүйіспеншіліктері, сыйластық сырлары кең көлемде көрініс береді. Солдат өмірі, соғыс шындығы, бейбіт өмір мәні кең орын алады. Аталған романның ішкі бөліктерінен орын алған шағын жазбалар жиынтығынан – «Жауға атылған алғашқы оқ», «Ұзақ жолда», «Айқас алдында», «Олар жетеу еді», «Жау тылында», «Ерекше тапсырма», «Солдат өмірі осындай», «Ашылмай қалған сыр» атты тақырыптарға кезігіп, ондағы өмір өрімін, оқиға өрісін, соғыс шындығын, солдат сырын әр қырынан көріп-оқып, қанығуға әбден болады. Майдан өмірі, айқас мәні, солдат сыры да әр қырынан ашылып, кең түрде көрінеді. Негізінен, майдангер-қаламгер Кемел Тоқаев шығармашылығы мен «Солдат соғысқа кетті» романының табиғаты мен тағылымынан, құрылым жүйесі мен мәтін құбылыстарынан, соғыс шындығы мен солдат сырынан, диалог қызметі мен тіл мүмкіндіктерінен жазушы еңбегі мен қолтаңба мәнері, көзқарас жүйесі кеңінен көрініс береді.

Түйін сөздер: жазушы, жанр, көркемдік, мәтін, диалог, тақырып, тіл, стиль

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-194-209>

Түсті: 10.03.2024; Жөнделді: 05.04.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Ел әдебиетінің кеңестік кезеңінде соғыс шындығы мен шым-шытырық оқиғаларға негізделген, қылмыс хроникасы мен пирамидаларына толы көптеген детективті шығармалар шоғырын жазып, яки осы жанрдың бастауында тұрған қаламгер Кемел Тоқаев есімі мен шығармашылық мұрасы мәнді болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық ахуал, өмір өріміндегі келеңсіз-кереғар жағдаяттар, адамдар қарым-қатнасынан көрініс беретін жат әрекет, теріс қылықтар, сөз жоқ қылмыс хроникасын қалыңдатып жібереді. Тіпті қылмыс пен жазаның арасын айыру қиын-ақ. Ізкесуші мен күдіктінің, жәбірленуші мен қылмыскердің белгі-ерекшеліктерін танып-

түстеу де қиындық туғызады. Қылмыскерді анық аңғарып, танып-түстесең де араға аз-кем уақыт салған соң-ақ жең ұшынан жалғасып, «бармақ басты, көз қысты» қағидаты таразы басына салмақ қосады. Нәтижесінде, ауыр жазаға кесілген қылмыскер мерзімінен бұрын босап, көп ішінде емен-жарқын, беймарал жүргенін көріп, еріксіз бас шайқайсың. Қысқасы, жәбірленушінің талап-тілегі аяқасты болуы – қалың көптің наразылығын туғызатыны анық. Азаматтардың құқықтары лайықты қорғалмайтыны, сот жүйесі жабық сипат алатыны, заң үстемдігі байқала бермейтіні жұртшылықтың ашу-ызасын туғызатыны да жасырын емес. Қылмысқа жаза сай еместігін көпшілік біледі. Оның басым бағыттары әлеуметтік желілер арқылы алыс-жақынға жетіп жатады. БАҚ жүйесі арқылы жүйелі тарап жататын тұстары да жетерлік. Кітап үлгісінде, сауда нүктелері арқылы қалың көпшілікке жететін қырлары да көп. Маңыздысы, қоғамдағы артық-кем тұстар, өмірдегі келеңсіз көріністер халық жадында бар, ел аузында айтылып жүреді.

Зерттеу әдістері

Мақала мазмұны мен зерттеу-зерделеу жүйесінен әдеби талдау мен саралау, дерек-мәліметтерді жинақтау мен салыстыру әдістері кеңінен қолданылды. Тақырып мәні, жанр талабы, оқиға өрісіне сәйкес көркемдік тәсілдер де орын алды.

Нәтижелер мен талқылау

Қайта оқылатын кітаптар қатарында танымал тұлға, қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының жолын ашып, бәсін биіктетіп, кең өріске шығарған көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың шығармашылық мұрасы да бары анық. Осы орайда, қаламгер Кемел Тоқаевтың өмірбаян беттеріне назар аударсақ, Қаз ҰУ-ін бітіргеннен кейін бірқатар баспасөзде еңбек еткені анық ағарылады («Лениншіл жас» (қазіргі - «Жас Алаш»), «Пионер»(қазіргі - «Ұлан»), («Социалистік Қазақстан» (қазіргі - «Егемен Қазақстан»). Бұдан басқа, Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Ведомстволарының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының әскери-патриоттық тәрбие мен әдеби кеңесшісі сынды қызметтерді абыроймен атқарды. Бастысы, әрине еңбек етіп, шығармашылықпен айналысып, бұл бағытта әр алуан жанр, түрлі тақырыптарда көптеген туындылар жазды: «Балаларға арналған - «Жұлдызды жорық» (1954), «Тасқын» (1958), «Болашақ туралы ойлар» (1965), «Көмескі із» (1955,1958,1972, 1975), «Түнде атылған оқ» (1971,1972,1976), «Таңбалы алтын» (1977), т.б. повестер жинақтары, «Соңғы соққы» (1981), «Солдат соғысқа кетті» (1983), «Ұясынан безген құс» (1983) романдары жарық көрді. Т – сондай-ақ, детективті жанрда жазылған - «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?», «Сиқырлы сырлар» пьесаларының авторы. Бірқатар шығармалары шетел тілдеріне аударылған» [1, 504].

«Қазақстан ұлттық энциклопедиясында» жазушының өмірі мен еңбегіне, қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұрасына кең орын беріледі [2, 412].

Сонымен бірге, «Қазақ әдебиетінің тарихында» (он томдық) қаламгер К. Тоқаевтың шығармаларына да орын беріледі. Бұл ретте, атап айтқанда: «Оның «Түнде атылған оқ», «Сарқабанда болған оқиға», «Ерекше тапсырма», «Таңбалы алтын» және т.б. повестерін оқырмандар қызыға оқыды», -деп оң баға беріліп, маңыз-мәні айқындалып, нақты жазылады [3, 214].

Бастысы, қылмыс пен жаза, шытырман жайттарға толы оқиғаларды негіз еткен - детективті жанрдағы туындылары айрықша аталады. Тегінде, еске түсірсек: «Детективті әдебиет – шытырман оқиғалы, қылмысты ашудың егжей-тегжейін өзек ететін әдеби шығармалар. Әдебиеттің бұл саласына жататын шығармалар өткір сюжетті болып келеді. Яғни, оқиғаның сырын ашу, шиеленіскен жұмбақ жағдайлардың шешіміне жету Д.ә. жанрларына тән көркемдік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сөйтіп, құпия оқиғаның бет-пердесі айқындалып, сол арқылы оқырманды қызықтыра түседі» [4, 133].

Қысқа еске алсақ, «Түнде атылған оқ» повесіндегі - Черносовтың қылмыстық әрекеттері, «Тасқын» повесіндегі - Петрушкин мен Соломонның алаяқтық пен жылпостықты негіз еткен айла-тәсілдері жеңіл жүріс, оңай олжа, тегін табыс табу жолымен

мың сан амалдар жасайды. Полиция қызметкерлері - генерал Байтоқов, майор Бөгенбаев, Б. Алтаев, Кузьменко, Карпов, Майлыбаев т.б. жедел әрекет, нақты қимылдары мен мәнді-оңды шешімдері нәтижесінде қылмыстық топтың бағыттары анықталып, жат әрекеттері, жасырын һәм теріс те озбыр амал-әдістері дер кезінде әшкереленеді. Адами мұраттар мен бейбіт өмір мәні, дәстүр мен тарих тағылымы, татулық пен тыныштық маңызы айқын аңғарылады. Сондай-ақ, «Соңғы соққы» романындағы Атаман Дутов армиясының Жетісу өңіріне бағыт алып, жергілікті халыққа оқ атып, қанды қылышымен аяусыз басып-жаншуы өмірлік жайттарға негізделіп, тарих пен таным таразысына тартылып, көркемдік мәні мен нәрі айқындалып, шынайы шындықтар тұрғысынан бейнеленеді. Романның жүйе-желісінен – Ораз Жандосов бейнесі мен беделі, жауапкершілік жүгі мен ел-жер, тарихқа қатысты жанкешті әрекеттері терең танылады. Ал, «Ұясынан безген құс» (роман), «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», «Көшкен үйдің қонысы қайда?» повестері мен «Көмескі із», «Солдат қабірінің басында», «Жұлдызды жорық» әңгімелері қоғамдық жағдай мен өмір шындықтарын, адам мұраты мен еңбегін негіз етеді. Адам мұраттары мен оның асыл арман-аңсарларын, бейбіт өмір мен тұрмыс-тіршілік тынысын, дәстүр мен дүниетаным мәнін, тарих пен таным тоғысын, тәлім-тәрбие арналарын, татулық пен сыйластық сырларын кең түрде суреттейді. Елдік ұстаным, дәстүр тағылымы, татулық пен тыныштық мәні айқын. Бейбіт өмір, адал еңбек, қоғамдық келісім, достық мәні, сыйластық сыры кең орын алады.

Бұдан басқа, жазушы перзенті – Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау», замандастары мен қаламдастарының (Ә. Нұршайықов, М. Әлімбаев, А. Байтанаев, Қ.Қайсенов, Қ. Исабай, Ә. Тарази, Ш. Елеуқенов, Ә. Қалмырзаев, Қ. Сәрсекеев, Ж.Ысмағұлов т.б.) естеліктері мен жазбаларында да көрнекті қаламгер К. Тоқаевтың адами мұраттары, өмір мен еңбектегі бедерлі бейнесі, детектив жанрындағы қолтаңба мәнері, көзқарас жүйесі, басқа да өзіндік өзгешеліктері, орын-үлесі кең орын алады. Сондай-ақ, Ұ. Нұрғалымұлының Тағдыр мен майдан» атты жазушының өмірі мен шығармашылығы хақындағы әдеби зерттеуі (2018), «Кемел Тоқаев» атты библиографиялық көрсеткіш (құрастырған А.Жунусова), бірқатар БАҚ жүйесіндегі материалдар (мысалы, Б. Әлімжанов – «Детектив дидары». – Лениншіл жас», 1977, 28 шілде; А. Кеңшілікұлы – «Қазақ детективін қашан оқимыз?». – Егемен Қазақстан», 2021, 28 сәуір; Ә. Тілеужанқызы – «Омбыда Кемел Тоқаевқа мемориал тақта орнатып, М. Жұмабаев атындағы стипендия тағайындаған Махаббат Көптұров». – «Түркістан», 2023, 7 сәуір; Қ. Мұстафаұлы – «Тереңнен тартқан тектілік». – «Астана ақшамы», 2023, 25 сәуір; Қ. Әлім. – «Кемел мен Әзілхан», - «Егемен Қазақстан», 2023, 9 мамыр т.т.) белгілі жазушының өмірі мен шығармашылық қырларынан, адамгершілік мұрат пен ізгілік сипаттарынан, өнеге өрнектерінен мол сырларды алға тартады. Қазақ детективі, оның ел әдебиетінде көрнекті қаламгер – К. Тоқаевтың шығармашылық мұрасы, әсіресе өмір шындығын негіз еткен, өткір сюжетті оқиғалар, қым-қиғаш қақтығыстар, шым-шытырық жағдаяттар арқылы ізкесуші мен қылмыскердің әрекет-қимылдарын көп ұзамай-ақ құрықтауы, қылмыс пен жазаның қоғамдағы орыны т.т. сөз етіледі.

Бүгінгі әдеби үдерісте, алыс-жақын елдер әдебиетінде мұның мысал-деректері көп-ақ. Кезекті тұста: «...жұмбақ жағдайлардың шешіміне», «құпия оқиғаның» сырына қанығу мақсатында қайыра оқып, жіті танысқан қаламгер Кемел Тоқаевтың бес томдық шығармалар жинағын қолға алдық. Алғашқы кітаптың бастапқы беті – құрастырушы Ж. Дәуренбековтың «Қаламгер көкжиегі» атты алғы сөзімен ашылады. Автор өмір мәні, дәстүр нәрі мен тарих тағылымына еркін еніп, нәтижесінде елдік пен ерлік орнын, сын сағаттағы сыр-сипаттарын кең көлемде ашады. Әсіресе, бейбіт күн мен сұрапыл соғыс тұсындағы ел-жерді қорғауға қатысты өмір мен өлім айқасы, оқ пен от ортасындағы арпалыс-жанталастар мәнін соғыс тақырыбына тұрақты қалам тербегендердің белортасындағы көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың өмірі мен кезеңі, қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұрасымен нақты да нанымды, жүйелі байланыстырады. Жазушы еңбегі мен шығармашылығына байланысты ерекшеліктерді, әсіресе өмір шындығы, оқиға желісі, кейіпкерлер жүйесіне қатысты ақиқат жайттар мәніне ден қояды. Түйінді тұста: «...Кейіпкерді қиялдан іздеген

жоқ, өзі бастан кешкен қаһарлы күндерден тапты, куәгер болған солдат ерлігінен алды, көргенін көркемдікпен сомдады...Әрбір шығарма қаламгердің жан толқынысынан барып туады» деген қорытындыға келеді. Біздіңше, екі бет көлеміндегі – «Қаламгер көкжиегі» атты алғы сөз орнына берілген жазбаның қаламгер К. Тоқаевтың шығармашылық мұрасы хақындағы қысқа шолу ғана емес, жазушы еңбегін байыпты баяндауға құрылған, әдеби-ғылыми сипаты бары да анық аңғарылады.

Қаламгер К. Тоқаевтың шығармалар жинағының алғашқы кітабына - «Солдат соғысқа кетті» романы және екі повесі енген [5, 384].

«Солдат соғысқа кетті» романының бастапқы бөлігінде – «Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлік өліммен қаза тапқан политрук Қасым Болтаевқа арнаймын», - деген эпиграф (ұлағат, өнеге сөздер) берілген. Кейінгі кезекте - «Солдат күнделігінен», - деген қысқа жазбалар орын алып, онда Әскери училищенің курсанттарының лейтанант атағын алу үшін емтиханға әзірлігі, жаттығу сәттері, майдан алдындағы дайындықтары баяндалады. Тіпті соғыс алдындағы мазасыз да қарбалас сәттерге, адам өмірінің қилы қатпарларына, жан-жүрек жалыны мен көңіл толқынына да едәуір орын беріледі. Мұхамед пен Мейірманов арасындағы қарым-қатнас, бір взводтағы әрекет-қимылдары, көзқарас жүйесі, өз ара түсіністік қырлары да тиісінше сөз етіледі. Соғыс алдындағы жаттығу, тактикалық сабақ мәні де қысқа баяндалады. Сталинград майданына бағыт алған эшелонға мінген училище курсанттары шағын разьездерге аялдап, түпкі мақсаттары - майданға бет алған сәттері кезең көріністерімен, өмір өрімімен байланыс-сабақтастықта өріс алады.

Осы орайда атап өтер жайт: аталған романның «Бірінші бөлімінен» басталған – «Солдат күнделігінен» атты шағын жазбалар (мысалы, 6-9 бет; 29 бет; 50-51 бет; 61-62 бет; 96-98 бет; 118-120 бет; 150-168 бет; 198-206 бет) ішкі бөліктердің бастапқы тұсынан беріледі. Көлемі шағын, мазмұны бай, айтары мен берері бар аталмыш жазбалар сырынан автордың көрген-түйгені жүйелі жеткізіледі. Майдан даласы, айқас алаңы, солдат сыры, соғыс шындығы, тіпті жыл мезгілдері мен табиғат көріністерінің ұрыс тұсындағы сипат-сыры, әсер-ықпалы да кең орын алады. Әсіресе, сұрапыл соғыс суреті, солдаттардың «ерекше тапсырманы» орындау жолындағы жанкеші әрекет-қимылдары, өз ара қарым-қатнастары, отан қорғау ісіне берілгендігі, өмірге құштарлықтары т.т. нақтылы әрі нанымды сипат алады. Негізінен алғанда, «Солдат күнделігінен» атты жазбалар автордың қойын дәптеріне түскен көңіл күнделігінен өзге, өмір өріміне қатысты тәлімді тәжірибелер жиынтығын, майдан даласы мен солдат сырын, соғыс шындығын, әр қилы тағдырлар талқысын, басқа да көрген-түйген жағдаяттардың қысқа-нұсқа үлгі-жазбасы болып табылады. Майдан даласы, соғыс шындығы, солдат сырлары, тіпті өз ара қарым-қатнас, көзқарас жүйелеріндегі әр қилы сәттер, ауыз екі әңгімедегі түрлі қабылдау мен қорытындылар да кезең шындықтарымен байланыста беріледі. Бастысы, роман құрылымы, мазмұн жүйесі, өмір өрімі, оқиға өрісі, қаһарман келбетін даралау һәм сипаттау тұстарында – «Солдат күнделігінен» атты шағын жазбалар топтамасының ақпараттық-танымдық маңыз-мәні, бағыт-бағдары, тіпті жан-жүрек қозғалысын, көңіл толқынын тап басып, алдағы әрекет-қимыл жайы да айқындала түседі. Бастапқы бөліктен соңғы қайырымға дейінгі аралықтағы өмір өрімі, оқиға желісі, соғыс шындығы, солдат тынысы, бәрі-баршасы белгілі бір арна, жүйе негізінде дамып отырады. Заман шындығы, соғыс мәні, солдат әрекеті де тиісінше ішкі бөліктердің бағыт-арнасына сай өріс алады. Әрбір күн, жыл мезгілдері, табиғат көріністері дара да нақты беріледі. Жанр талабы, көркемдік өріс мәнді.

Шағын жазбалар жиынтығын – «Жауға атылған алғашқы оқ», «Ұзақ жолда», «Айқас алдында», «Олар жетеу еді», «Жау тылында», «Ерекше тапсырма», «Солдат өмірі осындай», «Ашылмай қалған сыр» атты романның ішкі бөліктерінен оқып-танысуға әрі өмір өрімін, оқиға өрісін, соғыс шындығын, солдат сырын әр қырынан ашады. Әр бөлік жеке өмір, оқиғалар желісін құрайды. Өмір шындығы, солдат сыры анық көрінеді. Өмір өрімі, оқиға өрісі, уақыт рухы да айқын.

Романның алғашқы бөліміндегі – «Жауға атылған алғашқы оқ» атты бөлікте әскери дабылдан кейінгі батальон, взвод, ротаның айқас алдындағы әрекет-қимылдары, ел-жер

жайлы толғам-толғаныстары, отан мен отбасы төңірегіндегі сағыныш-сүйіспеншіліктері кең орын алады. Бөлімше командирі Котов, взводтың алғы сапындағы Мұхамед пен Мейірманов, старшина Власов, ефрейтор Демин, мұғалім Сатрапинский және басқалар да әр тұстан әңгіме-дүкен құрып, ортаны қыздыра түседі. Еске түсірсек, мұғалім Сатрапинский мен Власов арасындағы қысқа тілдесуден олардың өмір-тұрмыс, тіпті маамандық хақындағы таным-түсініктері әр қырынан көрініс береді. Сатрапинскийдің ой-сөз жүйесінен білгірлік мен білімділік, кеңдік пен кішілік, ұстаздық ұлағаты терең танылса, Власов сөзінен қызбалық пен кекесін, өзімшілдік пен ой жұтаңдығы аңғарылар еді. Керісінше, Мұхамед пен Мейірманов арасындағы өз ара әңгіме өрісінен ортақ мақсат-мүдде бірлігі, өткен күн мен қилы кезең, сындарлы уақыттың елесті тұстары, белгі-ерекшеліктері, отбасылық тарих, тағдыр талқысына көп мән беріледі. Екеу ара әңгімеден өз ара түсіністік, күрделі кезеңнің келеңсіз көріністеріне байыппен қарау, өмір тағылымы мен тарих талқысына жіті көз, сергек көңілмен мән беру, байыпты бағалау-саралау сынды сипат-сырлар айқын аңғарылады. Тиісті тұста Мұхамед пен Мейірманов отбасылық ахуал, жастық кезеңнің ауыртпалықтарын да еске түсірді. Әулиеата, Мерке, Пішпектегі өмір, тұрмыс суреттерін де, ондағы жақын-жуық, бауыр-туыс төңірегіндегі өкінішті-өксікті жағдаяттар жөнінде де едәуір сөз етті. Бастысы, Мұхамед пен Мейірманов арасындағы адами қарым-қатнас, достық көңіл, сыйластық сырлары, басқа да ұнамды сипаттар романның мазмұн жүйесінен, оқиға желісінен, даму үрдістерінен де терең танылып, кең өріс алып отырады. Екі дос – Мұхамед пен Мейірманов өмірі, ерлік істері, ортақ мұраттары ұлағатты мәнімен көпке үлгі.

Күндіз-түні дамылсыз жүрген поезд кенеттен жедел тоқтаған-ды. Лейтенант Коршуновтың жанталаса айқайлағанынан аңғарылғаны, жау самолеті жер бауырлап ұшып, вагондарға, солдаттарға қарсы оқты тоқтаусыз жаудырған екен. Ұзын составтың бойымен жанамалай ұшып, жүгері алаңына қарай бет түзегені байқалады. Өз кезегінде Мұхамед жау самолетін, ұшқышын да анық аңғарды. Жақындағанын, оңтайлы сәтті күтті. Мұхамедтің жауға атқан алғашқы оғы мүлт кетпеді. Осы сәтте: «Жалын аралас қара түтін бұрқ етіп аспанға көтерілді». Анығында: «Бұл оның жауға атқан алғашқы оғы еді. Мұхамед тактикалық сабақтарда талай мәрте жылжымалы нысананы атқаны бар ғой. Кең тыныс, жіті көз, қайратты қол атқан оғын айнытқан емес. Бұл жолы да қателеспеді. Жауға атқан алғашқы оғының дарығанын байқады. Ұшқыш бір сәтке самолетті игере алмай бұлталаңдап, шайқалып барып-барып шапшаң көтерілді. Ұшқыш өзін атқан нысананы анық байқаған секілді. Ызалана шүйіліп пулеметтен оқты боратып өтті. Мейірманов пен Мұхамед қатарласа үсті-үстіне атып жіберді. Ұшқыштың жарқыраған көзілдірігін қан жауып кетті» (22-23 беттер). Қысқа уақыт аралығында Власов жүгері арасынан шығып: - Жау самолетін қираттым. Атып түсірген мына мен!-деп атын шығарып, мадақ сезімге бөлене бастады. Бастапқы тұста төңірегіндегілер сеніп, өз ара дауыс қосып, көтермелеген еді. Бүкіл батальонға - «Власов ерлігі» тарап та үлгерген-ді. Алайда, Мұхамед старшина Власовтың айтқаны өтірік, ерлігі жалған екенін дәлелді дәлдіктермен жүйелі жеткізіп, байыпты баяндайды. Тіпті тиісті тұста: - Ствол таза, оқ атылмаған!-деп дәлелін көпшілік алдында анық-қанық жеткізеді. Өз кезегінде: «Ал, мынау сержант Мейірмановтың винтовкасы. Дәрінің ізі де, иісі де бар!»-деп бастапқы ойларына екпін түсіріп, байыпты баяндап, нақтылы сөз етеді. Ақиқат жайттар мәні, ерлік сипаты мен шындық сырлары кең орын алады.

Майдан шебіндегі алғашқы ұрыс, жау самолеті төңірегіндегі жалған ерлік, лақап-дақпырт пен шындық шырағының көрініс-сипаттарының бірі осыған келіп саяды. «Власов ерлігі» жауынгерлер алдында аяқасты етіледі. «Өтірік – өрге баспайды»,-деген халық даналығының қыр-сыры ашылады.

Роман оқиғасының өрісті өрнектерінің бірі ретінде батальонның майдан даласында күндіз-түні тоқтаусыз алға жылжыған сәттерін еске алар едік. Негізінен, батальон күндіз окоп қазады. Бой жасырып, аз-кем тыныс алады. Түнімен тоқтаусыз жүреді. Солдаттар қажып, шаршаған-ды. Тамақ та тапшы. Осындай қиын да қилы сәттердің бірінде ефрейтор Демин жерлесі Власовтың тіліне еріп, бой тасалап, қатардан қалып қояды. Дезертир,

қашқын ретінде солдаттар арасында аты шығады. Амал-айласы әшкере болып, солдаттар арасына қайта оралғанда жан-жүрегімен езіліп, көптен кешірім сұрап, қалған өмірін жауға қарсы арнайтынын айтып, ант-су ішеді. Ақиқат мәні ашылып, өмір сыры ашылып, шындық шырағы жанады.

Атқыштар дивизиясы тоқтаған жерлерінің бірі – Пичуга деп аталатын терең сай еді. Мұнда да дамылсыз қозғалыс, тынымсыз әрекеттер жүріп жатты. Аспан асты, жер үстін қара бұлт торлап, соғыс өрті төңіректі түгел жайлағаны анық-ты. Әсіресе, 0, 85 биіктікті алу, берік бекініс ету жолындағы жанкешті әрекет, қимыл-қозғалыстар да аса ауыр болды. Отан қорғау жолындағы жауынгерлердің әрекет-қимылдары, өз ара сенімдері жүйелі, оңды сипат алды.

Романның «Ұзақ жолда» бөлігінде батальонның айқас алдындағы қарбалас шақтары, күндіз-түні майдан шебіндегі тоқтаусыз жүрген мазасыз сәттері, азап-бейнетпен қазылған окоптар мәні де кең орын алады. Бұдан басқа, жауынгерлер арасында, әсіресе Қойбағаров пен Бабахуновтың қиын кез, сындарлы сәттердегі ортақ түсіністігі, Власов, Рогов, Демин сынды азаматтық борыш пен жауапкершілік жүгін терең сезінбейтіндердің астыртын әрекеттері, ауырдың үстімен жүруге бейім «қабілеттері», ұсақ сөз, арзан құлыққа жақын жат қылықтары сәт сайын сезілді. Бас шайқап, бармақ тістеп, кеш түсінген дәрменсіз халдері де танылады. Жалған атақ, әсіре мадақтың «жалын-жылуы» жоқ «қысқа ғұмыры» да жұртқа белгілі болады. Өтіріктің - қысқа өрісі, жалған сөздің - жарға жығар қуаты да танылады. Маңыздысы, Власов сынды «астыртын әрекет, жымысқы жүрісті» жауынгерлердің өмірдегі қалпы, соғыстағы сиқы сәт сайын әшкереленіп, алға басқан аяқтары кері кетіп, адымдарын аштырмайды. Қоғамға керексіз, адамдар арасында жат, ортақ мұрат жолында- «көлеңкелі адам», ұнамсыз бейне ретінде де есте қалып қояды.

Бұдан басқа: «Терең окоп – қауіпсіз ұяң!», - деген қағидат та жауынгерлер арасында кең тараған (35-бет). – Окоп бір күрек терең қазылсын! - деген Коршунов сөзі де жауынгерлер санасына әбден-ақ сіңген еді. Окопты терең қазу – аспан асты, жер үстіндегі бомба жарылысы мен оқтан сақтайды. Әрі бір мезет бел жазып, еркін тыныс алатын орын екені де анық-ты. Оның үстіне: «...Аялдаған жердің бәріңде аз да болса жау көзінен тығылатын, жасырынатын, бүркейтін пана керек», - екенін де жұрт біледі. Бұған күндізгі һәм түнгі тоқтаусыз маршты қоссақ, майданға бара жатқан жауынгерлердің жай-күйін аңғаруға әбден болар еді. Ал, жол үстіндегі батальон арасында ефрейтор Деминнің болмауы, оны Мұхамед пен Сарапинскийдің іздеп шығуы да батылдық пен жауапкершіліктің, сақтықтың үлгілі үрдісі еді. Жарқабақ түбінен, қалың жыныс арасынан дәрменсіз де шарасыз Деминді табуы да мәнді құбылыстардың бірі болды. Бөлімшеден бөлініп, майданнан қашудың қам-қарекетін жасаған дәрменсіз Демин әрекеті - жауыздық пен опасыздықтың мың сан мысал-деректері қатарына жатады. Дезертир, қашқын! - деген жаманатты атаққа да ілінді. Бөлімшеден қашып, жасырынып жатқан Деминнің бет-бейнесі, түр-түсі де өзгеріске енген еді: «...Бір түннің ішінде өңі қатты құбылып, өзгеріп кеткен. Кесек ақшыл-сарғылт жүзі қарауытып, маңдайының ортасына білеудей әжім түсіпті. Кеуделі, кең иықты денесі шөгіп, кәдімгідей мыжырайған шал болған. Екі жақ самай шашының ұштары сол қою қалпында қалайы қасықтың сабындай аппақ боп ағарыпты. Бір түннің ішінде қатты кәртейіп кеткен» (47-бет). Кейінгі кезекте ефрейтор Деминнің айыбын мойындап, жазасын алғы шепте: - Қанмен жуам! - деп ант-су ішуі де сенімді сөз етіледі (49-бет). Десе те, отанға опасыздықтың, жауынгерлер ортасындағы қадірсіздіктің белгі-бедері ретінде де көптен шеттеп, теріс бағыттағы жат әрекеті, жауапкершілік жүгін терең түсініп-сезінбеуі ұнамсыз көрініс ретінде қабылданғаны анық. Майдан талабы, соғыс шарты, солдат анты тұрғысынан келсек, ортақ мақсатқа жат, отанға опасыздық екені анық. Роман желісі, оқиға өрісінен мұндай тұстар ақиқат мәнін терең танытады, әрі шындық шырағындай шымыр да тартымды, сенімді суреттеледі. Соғыс шындығы бар қырынан көрінеді.

«Айқас алдында» атты бөлікте соғыс шындығы, от пен өрт көріністеріне кең орын беріледі. Батальон комиссары Алиев пен Мұхамед арасындағы қысқа әңгімеде солдат өмірі, соғыс шындығы мен суреттері сөз етіледі. Әңгіме арасында Мұхамед ағасы туралы

бірқатар деректерді Алиев аузынан естиді. Онда: «...Мен училищені бітіріп сонда сабақ беріп жүргенде ол курсант болатын. Ерекше естияр, салмақты жігіт еді. Оқығандарын жадында түгел сақтайтын, қай кітаптың бетінде не жазылғанын жатқа айтатын. Қайсы бетте әріп қателерінің кеткенін де білетін. Осылай жүріп достасып кеттік. Неміс самолети жайында әңгіме қозғалғанда сені алғаш рет көрдім ғой. Жүзің таныс көрінген. Екеуің бір-біріңнен айнымайсыңдар», - дегені оны өзіне жақын тартып, жан жылуын таратып, бауыр-дос тұтып, ортақ мүдде бірлігі басым бағыттарға ие болғандай оң әсер етеді (54-бет).

Келесі кезекте екі дос – Мұхамед пен Мейірмановтың өз ара әңгімесі өмір мен өлім төңірегінде болады. Мейірманов училищедегі тактикалық сабақтар тұсында - «Тұла бойына тұтас ақ жамылған» бейтаныс бейнені жиі көретінін ауызға алады. Қайсыбір тұста: «Балам, 28 октябрьге дейін мәулет берем. Одан әрі қарғыстан арашалап ала алмаймын!» - деген сөзі жадынан шықпайды (58-бет). – Жазмыш мәні, тағдыр ісі! - дегенге ден қояды. Адам мұраты, өмір мәні төңірегінде едәуір уақыт маңызды ойларға негізделген сыр-сұхбат құрады. Адам орны, дүние дидары, дін сипаты жөнінде де ортақ ойларға беріледі. Жер-жаһан, дүние дидарындағы жұмбақ әлем, сирек құбылыстар хақында да ордалы ойлар өрбітіп, әңгіме-дүкен құрады. Елік пен ерлік, ортақ мақсат, мүдделер жайын да кеңінен қозғайды.

Романның «Олар жетеу еді» атты бөлігінде – 0, 85 биіктікті бағындыру, бекіністі басып алу жөніндегі арнайы тапсырма бөлімше командирі Мұхамедке жүктеледі. Бастапқыда – 0, 85 биіктік немістердің бақылау пункті болса, кейінірек нағыз ұрыс алаңына айналады. Сол себепті: «Өшіккен жау ызалы, үздіксіз шабуыл жасауда көрінеді...Немістер тынымсыз атқылап жатыр. Ракета жиі көтеріледі». Осындай сын сағаттарда Мұхамед және оның төңірегіндегілер өз ара берік байланыс орнатып, ортақ жауға қарсы күресте бірлік-береке мен жауапкершілік жүгін терең сезініп, табандылық пен төзімділік танытады. Басқан қадамдарына сақ болып, атқан оқтарын қатаң бақылауға алды. Ауызбірлік артып, отанға берілгендік анық аңғарылды. Қырағылық – басты өлшем етілді. Жеңіс жалауы – басты ұстанымға айналды.

«Арнайы тапсырма» алған Мұхамед бөлімшесін баяу болса да алға бастап келеді. Әр тұстан көтерілген ракеталар, пулеметтің сақылдаған үні, үздіксіз атқылаған оқ пен өрттің алау-жалыны да алға басқан аяққа кедергі келтіріп, тұсау болады. Алға жылжу, қадам басу қиын. Әрекет-қимыл, өзгеше амал-тәсілдерге де мүмкіндік жоқ. «Айналаның бәрі бір түсті көріністер: қираған танктер, машиналар, жыпырлаған кісі өлігі...».

Мұхамед бөлімшесіндегілер жау жақты қырағы бақылап, әр қадамын аңдып басты. Әр оқтың нысанаға дөп тиюіне жауапты болды. Әрбір әрекет, қимыл-қозғалыс қатаң бақылауға алынды. Көкке көтерілген ракеталар, танк маңы мен солдаттар қатары да назардан тыс қалмады. Фрицтердің бағыты, әрекет-қимылдары да жіті бақыланды. Әсіресе, «Катюша» алғаш атылып, немістер жан сауғалап, кері шегініп, құты қашқан сәттер мәнді әсер етеді. Сержант Мейірмановтың «шартты күні», яғни өмір сапарының аяқталуы көптің көңілін алаң етеді. Әркім әрқалай жорыды. Түрліше көзқарас болды. Мұның мәнісін, «шартты күні» өлімнің себеп-сырына: «...Мұхамед командованиенің ерекше тапсырмасын орындау кезінде, Польша жерінде, Ломда қаласының түбінде Мейірмановты өлтірген жаудың жаназасымен бетпе-бет кездесті» (95-бет).

Соғыс кезіндегі берік байланыс, батыл әрекет, ел-жерге, отанға берілгендік пен құштарлық, «ғажайып оқиғалар» мәні шындық шырағы мен сырының бір көрінісі еді.

Анығында, 0, 85 биіктікті алу жолындағы жанкешті ұрыста лейтенант Коршуновтың жауынгерлермен берік байланысы, Қойбағаров, Демин, Фаткуллиннің ерлік өлімі, Бабахунов, Исаев, Иванов, Чумаков т.б. соғыстағы ерлік-істері, өз ара қарым-қатнастары сенімді суреттеледі. Майдандағы жеті өлшеп, бір кесетін дәлдік пен нақтылық, батыл әрекет, жауапкершілік жүгі, сабырлылық пен шыдамдылық, ұстамдылық сынды ерекшеліктер кеңінен көрініс береді.

Романда сталинград шайқасынан кейін де майдан жорықтары, қилы көрініс-оқиғалар кең өріс алды. Мұхамед командованиесінің ерекше тапсырмасын төңірегіндегі жауынгерлермен бірге әлденеше рет орындады. Алдыңғы шепте де болды. Жау тылына

да барды. Майдан даласында лейтенант Кароев пен оның жақтастары Власов пен Роговтың жағымсыз да жылпостығы, опасыздығы да белгілі болды. «Жұмбақ әйел» - Елена Горшкова мен майор Решетников, лейтенант Головинмен байланысы ер-әйел қатнасы, арман-аңсардан өзге қаржы-қаражатқа да қатысты болады. Ал, кездесу болса, межелі жерде болмайды. «Шартты жер», «таңбалы шырша» орны өзгерген. «Оның орнына арамен қырқылған түбір жатыр. Ағаштың өзін қырқып жойып жіберген» (223-бет). «Жау жақ та қалғымайды», - деген сөзде шындық бар. Амал-айланың қыр-сыры көп. Қатпары, иірімі де мол. Қылмыс құрығы ұзын. «Жұмбақ әйелдің» сыры ашылмай қалды» (223-бет). Маңыздысы, қылмыс пен жазаның ден қойып, назар аударатын тұстары көп-ақ. Қоғам болып ойласатын, көп болып жұмылатын тұс та осы. «Ашылмай қалған сыр» мәні, «Жұмбақ әйелдің» құпиясы, ондағы «көлеңкелі тұстар» сыры да осыған келіп саяды.

Анығында, роман табиғатынан, өмір өрімі мен оқиға өрісінен, кейіпкерлер жүйесінен майдан даласы мен жорық жолдарының нақтылы көрініс-құбылыстары, жауынгерлердің елдік-ерлік шежірелері, бірқатар мінездеме-сипаттамалары, ай-күн, жыл мезгілдеріне қатысты сәтті де сырлы суреттеулерге кең орын беріледі. Ойға алсақ, поезд тоқтаған станция тұсындағы вагон маңында кезіккен қартаң әйел мен жас қыз бейнесі қысқа кездесу-қауышу, тілдесу болса да есте қалып қояды. Әсіресе, жас қыздың: «Соғыстан қайтқан соң ауылға келіңіз. Аға екеуіңізді күтем!» - деген балаң көңілі, сезім ұшқыны, ұяң үні жан-жүрекке берік ұялап қалады. Әрі: «Қыз ойы қандай ұшқыр, дереу сезе қояды», - деп таңданысын да жасырмайды. Бұдан кейінгі тұста: «Вагонға кіріп бара жатып еріксіз бұрылдым. Қыз көзін алмай тесіле қарайды. Қарақат көзінде айтылмаған көп сыр жатыр. Көңілім жадырап мен де жылы шыраймен қараймын. Кемпірге ренжігенімді лезде ұмытып кеттім. Қыз осылай тұра берсе екен, поезы құрғыр қозғалмаса екен деп тілеймін. Әншейінде іш пыстырып ұзақ тұратын поездың асыққанын қайтерсің. Вагондар сақыр-сұқыр қозғала бастады. Қыз мойнына салған шымқай қызыл орамалын алып жоғары көтерді. Поезд ақырындап ұзап барады. Маған артта шоқ гүл жанып тұрғандай көрінді...», - деп (8-бет) жан-жүрек жылуын, көңіл толқынын да бүкпесіз жайып салады. Майдан алдындағы солдат өмірі мен сағыныштың бір қыры, сыры осы еді.

«Солдат күнделігінен» майдан өмірінің бір сәтін, жауынгерлердің мазасыз шаққа толы тынымсыз әрекет-қимылдарын, мың сан бояулы бейне-бедерлі көрініс-суреттерін байқауға болады: «Бүгін алтыншы күн. Солдаттар жөнді көз шырымын алған жоқ. Біздің батальон полктың басқа бөлімшелеріне қосылмай алда оқшау, бөлек келеді. Барлаушы бас колонна іспетті. Түні бойы сарт-сұрт жүріс. Аялдау, тоқтау аз. Түн қараңғысында немістің самолеттеріне көрінбей ұзақ жер жүріп қалу керек. Бұйрық солай. Күндіз тоғай арасына, бұталы, қалың жынысты терең сайға кеп паналайды. Тыным жоқ. Күні бойы тырбанып окоп қазады. Тамақ тапшы. Күндік норма – жарты котолек ботқа, төрт сухари, екі шақпақ қант. Эшелонды бомбалағанда мол запас жойылып кетсе керек.

Түнгі ұзақ жүріс, күні бойы тырбаңдап окоп қазу солдаттардың титығына жетіп келеді. Жол азабы қашан бітеді? Оны ешкім білмейді...» (29-бет).

Ал, қос өкпесі қабынған, демі бітіп, тынысы тарылған жаралы жауынгер, солдат сырқаты былай беріледі: «...Ұрты солып, жүзі қатты тотығып кеткен. Бет-аузын сидиган мұрт, қалың сақал басқан. Көзі әрмен кетіп шүңірейе түскен. Шинелінің омырау мен жағасы қап-қара сірне. Саусақтарының буындары баттасқан күс. Созылмалы кесел мен тамақ тапшылығы әбден қажытқан» (31-бет).

Қиын кез, қиналған мезетте жауын суын дәкеден өткізіп, шай ішкен тұстар, тіпті: «... Қайнаған суға тұз қосса жүрек жалғарлық нәрі, құдіреті бар. Көз қарауытпайды», - деген жолдардан (32-бет) қиын кезең, қилы жағдаяттар, соғыс шындығы, солдат өмірі, сергелдең сәттер кеңінен көрініс береді. Елдік мәні, жауапкершілік жүгі, айқын. Халық қағидаты мен өмір тағылымының бір сыры осы.

Лейтенант Коршуновтың адами әлемі, елдік сыны, өмір мәні, өлім сиқы төңірегіндегі таным-түсініктерінен көрген-түйгені, тәлім-тәжірибесі жан-жақты танылар еді: « - Кісінің тағдыры шешілер қиын шақта оған болысу, шама-шарқынша көмектесу, төнген қатерден

құтқарып алу – әрине, жақсы қасиет. Арыстан жүректі арлы жігіт солай істей алады. Сенің қисық істеріңді түзі ғып ұғатыным, бәлкім осы мінезіңді білгенім шығар. Бірақ, кейде отпен ойнап кетесің. Тәуекел түбі жел қайық емес, әрдайым өтіп кете бермейсің. Бір сәтте, өзің ойламаған кезде басыңа үлкен мін тағылып, өмірден біржола өшіп, жоғалып кетуің мүмкін. Тіпті ескерген күннің өзінде абыройдан айрылып, мұқалып, шаншылып қаласың. Соғыс заңы, соғыс тәртібі дегеніміз осындай, бауырым! Соғыстың лайсаң толқыны жалмап, жұтып әкетпесін деймін. Ал бізге өмір сүру керек. Шынын айтсам, өлгім келмейді. Өлсең де қор өлімнен аулақ бол!» (50-бет).

Роман мазмұны мен мәтін құбылысынан мұндай тұстарды, үзік-үзінділерді көптеп кездестіруге әбден болады. Майдан даласы мен жорық жолдары, жауынгерлердің ерлік-істері, өз ара қарым-қатнасы мен оларға берілген мінездеме-сипаттамалар да кезең көріністерінен, соғыс шындығынан мол деректер береді. Сондай-ақ, романдағы әскери дабыл, ерекше тапсырма мәні, жауынгерлер бейнесі мен әрекет-қимылдары (мысалы, батальон комиссары Алиев, майор Стальский, лейтенант Коршунов, Кароев, капитан Сергеев, Федоров, старшина Власов, ефрейтор Демин, Мұхамед пен Мейірманов, Бабахунов, Қойбағаров, Иванов, Рогов, Чумаков, Фаткуллин т.б.), айқас алаңы, майдан жорықтары, қилы ұрыс сәтіндегі қарым-қатнас, ортақ түсінік сипаттары т.с.с. өмір көрінісі, соғыс сипаты сенімді өріс алып, шындық шырағындай әсер етеді. Сонымен бірге қиын-қыстау кезеңдегі өмір өрімі, оқиға желісі, соғыс шындығы мың сан көрініс-суреттермен есте қалады. Аспан асты, жер үстіндегі бас көтертпестей орын алған жойқын шабуыл, атыс-шабыстар, қилы жорық жолдары да соғыс сипаты мен шындық шырағының әсер-ықпалын анық аңғартады. Сүрінсең де жығылмай, жеңіс туын қолдан шығармай, бастысы кедергі-қиыншылықтары мол, шырғалаң-сергелдеңге толы толассыз ұрыс-шайқастардың көрініс-суреттері де сенімді сипат алады. Бұл тұстардың да өмір оқиғасы мен шындығына құрылғаны анық әрі алапат соғыстың сыр-сипатын, жеңіс пен өмірге құштарлықтың басым бағыттарын кең түрде көрсетуімен де мәнді. Бұдан байқалатыны, жоғарыдағы жағдаяттардың бәрі-баршасынан жазушы еңбегі, яғни майдан даласы мен айқас алаңындағы соғыс шындығы хақындағы көрген-түйгені, әскери дайындық пен жауынгерлік тапсырманы орындау аралығындағы жауынгерлердің жауапкершілік жүгі мен жанкешті әрекет-қимылдары, өз ара қарым-қатнас, ортақ түсіністік сыр-сипаттары нанымды өріс алып, оқиға желісі бейнелі баяндалады. Жазушы-майдангер Қ. Исабаев айтқанындай: «Солдат соғысқа кетті» повесінде «солдат күнделігінің» әр күнін даралап, талдап, соғыстың мән жайын өзінің көруі, сезінуі бойынша жаза білген». Бұдан басқа, әдебиетші-ғалым Ш. Елеуқенов: «Бірсыпыра соғыс тақырыбына қалам тербеген майдангер, майдангер емес жазушылардан айырмашылығы, Кемел Тоқаев соғыс романтикасына берілмейді.

Шығармасындағы адамдар арақатысы жәй кәдуілгі қарабайыр өмірдегідей: жақсылық, жамандықтары аралас-құралас жүреді. Бір минуттық ғұмыры бар ма, жоқ па, онымен санаспайды. Біреуінің атып түсірген самолетін екіншісі иеленіп кеткісі келеді. Ұрыс-керіс, жау тұрсын, бір-біріне қараптан-қарап өшігетінін айтсаңшы.

Әрине, адамгершілік қасиеттері, жаумен жолбарысша алысатыны, бір-біріне қиын сәттерде көмекке келуде жаңылмайтыны – ол жағы басымырақ. Өйтпесе, Жеңіс күні туар ма еді, тумас па еді.

Соғыс уақытының күнгейі де, теріскейі де романда бірқалыпты басыңқы сарында жазылуы тегін емес. Автор сол кездегі баспасөзге тән даңғазалық, бос шелектей қаңғырлаушылық, қызыл сөзділік, жағымпаз жылмақайлық әуенге қарсылық білдіргендей», - деп жазады [6, 205].

Бұл тұстардан да роман оқиғасы, кезең шындығының көріністері, майдан даласы мен солдаттарға қатысты алуан жайттар мәні мен сыры кең орын алады. Ал, роман табиғаты мен тағылымы туралы баспагер-қаламгер Ж. Дәуренбеков: «...Көлемді шығарманың құрылымдық жүйесі де «Солдат күнделігінен» үзінділерімен тұздықтала отырып, майдандағы қаһарлы күндер психологиясы мен панорамасы тәптіштей таратылады. Оқиғалардың желісі майдандағы өмірді жан-жақты суреттеу арқылы бар қырынан көрінеді.

Соғыстың өртіне кеп түскен өрімдей жас жауынгерлердің образы көз алдына келеді, соғыстың қайғы-қасіреті мен қатігездігі жаныңды түршіктіреді. Жаралы жауынгерлер өмірі, оның жан қиналысы, ажал аузындағы арпалыс көріністерінің қаз-қалпында берілгені сондай сол сұрапыл шайқастың куәгеріне айналасың. Жарылған бомба мен жауған оқтың ортасында жүрген жауынгерлердің сын сағатта өзін қалай ұстап, қалай көрсететіні, олардың әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын көзқарасы, өмірге құштарлығы, батылдығы мен батырлығы, соған қоса кейбір кейіпкерлерінің қорқақтығы мен пұшайман пенделігі секілді әйтеуір адамда болатын қасиеттердің бәрі романда шынайы суреттеледі. «Солдат соғысқа кетті» романын ерекшелеп тұратын да осы шыншылдығы, осы ұстанымы», - деп романның бірқатар белгі-ерекшеліктеріне мән беріп, басым бағыттарын айқындап, мазмұн жүйесін, оқиға өрісін кең ашады [5,3].

Сондай-ақ, романдағы соғыс шындығы мен Отан қорғау ісіндегі әр ұлт өкілдерінің жоғары жауапкершілігі, ортақ мұраттары туралы ақын-қаламгер Б. Қанапияновтың толғам-түйіндерінен де көп жайттардың анық-қанығына көз жеткізуге болады: «...Соғысқа жаңадан аттанғандар мінген эшелонды, олардың ішінде сержант Кемел Тоқаев та бар, жау ұшақтары майдан шебіне жете бере оқтың астына алды. Жиырмаға да толмаған жас жауынгерлердің көпшілігі үрей мен қорқыныштан бір уыс болып бүрісті де қалды, жаңбырша жауған снарядтардың азынаған үні мен ысқырығы жер жарады, жараланған сарбаздар айғайлап, тіпті еңкілдеп жылай бастады. Қайраттанып, тас-түйін бекінген Кемел басқа да полктастарымен бірге вагонды тастай қашып, ашық даладағы дөңестің баурайына бой жасырды. Жау ұшақтарының бірі жер бауырлай ұшып, Кемелдің үстінен пулемет оғын төпелетті. Зулаған оқтар жас сержантты жанамалап өтіп, топыраққа бұрқ-бұрқ сіңіп жатты. Бұл соғыстағы алғашқы жауынгерлік сынақтың нақ өзі еді. Отты қырғыннан аман қалған командирлер полк штабымен байланысқа шығып, әскери бөлім орналасқан жерге бару үшін топтасуға бұйрық алды.

Кемел Тоқаев «Солдат соғысқа кетті» кітабында өзі құрамында соғысқан полктің көп ұлттан құралғанын жазады. Басым көпшілігі орыстар болғанымен, украин, белорус, өзбек, қазақ, татар және басқа да халықтардың өкілдері де бар еді. Барлық жауынгерлердің басын біріктірген ортақ мақсат – Отанды қорғау, фашистерді тізе бүктіру болатын.

Сержант Кемел Тоқаев шайқасқан бөлімше танк десанты тобының құрамына қарайтын. Олардың міндеті жүйткіп келе жатқан танктен секіріп түсе қалып, атакаға шығу, автоматтан оқ жаудырып, шынжыр табандылар өтіп кеткеннен кейін ұрыс даласында жаяу шұбырған жаудың көзін жою еді. Егер танкистер қорғана алатын бронь астында болса, ал жаяу әскердің шабуылға шығуын күтіп тұрған десантшылар бастырмалата берілген жауап-соққы кезінде мүлдем қорғансыз қалатын...» [7].

Романдағы соғыс шындығы, жауынгерлердің қарапайым қарым-қатнасы, майдан шебіндегі әр қилы көрініс-суреттер жүйесінен де өз ара байланыс, сабақтастық сырлары терең танылады. Роман тақырыбы мен ондағы оқиғалар өрімі, көркемдік ұстаным мен реализм үлгілері хақында жазушы Н. Ақыш төмендегіше түйін жасайды: «...жазушының «Солдат соғысқа кетті» романының тақырыбы мен ондағы бір-бірімен қабаттаса дамып жататын оқиғалар тізбегі. Өзі де соғысқа қатысқан майдангер жазушы бұл шығармасында Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес жауынгерлерінің ерлік істерін суреттеуді мақсат етеді. Бірден ашып айту керек, басқа повестеріндегідей емес, осы туындысының тілдік тіні көркем образдылық жағынан жұтаңдау, бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға онша құлшыныс танытпаған тәрізді. Бәлкім, бұл асығыстықтың да ізі болуы ықтимал.

Бірақ романды оқу барысында соғыстың қатыгез кескінін көрсететін баталдық көріністер сол бір қанды жылдарға қарай жетелеп әкетеді. Қарапайым әскерилер мен командирлердің ерлік қимылдарын шиыршық атқан оқиғалар арқылы суреттеу соғысы шындығынан алшақ кетпеген сыңайлы. Өйткені, кейбір бояуы қалың туындылардағыдай мұндағы Кеңес жауынгерлері адам сенбес ерлік жасап жатпайды немесе өнебойы кеңестік идеологиямен суарылған мінсіз жауынгер болып көрінбейді. Кейіпкерлердің бойында табиғилық басым. Майдан рухын аңғартатын ситуациялар мен оқиғалардың дамуы да логикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да сендіре алады.

К.Тоқаев бұл туындысында да өзінің детективші қаламгер екенін еріксіз салып отырады, оқиғаны ширықтыруға қызмет ететін, былайша айтқанда бестселлер жанрына тән жұмбақшылық сипаттағы үлгілер де жоқ емес. Оқырманның көз алдынан көлденеңдеп өтетін орта деңгейдегі командирлер мен қатардағы жауынгерлік құрамның ала-кұла бейнесі. Қан майданда жүрген әр адамның «Өлмей, аман қалсам екен» деген тілегін жазушы кейіпкерлерінің адами психологиясынан шығарып, ішкі тартыстың негізіне айналдыра біледі.

Ұлы Отан соғысына арналған прозалық туындыларымыздың басым көпшілігінде Кеңес жауынгері Отанына шын берілген қаһарман әрі интернационалист болып суреттелмеуші ме еді. Бір қызығы Кемел Тоқаев кеңес адамдарының мінсіз бейнесін жасауға ұмтылмайды, жалаң интернационализмді насихаттаудан аулақ.

Автор шығарманың идеялық астарына соғыс жағдайындағы әділетсіздік көріністерін, ұлтаралық түсініспеушілік сияқты шетін мәселелерді де кіргізіп отырады. Кейбір орыс әскерілерінің қыр елінен келген қазақ жігіттеріне үстем көзқараспен қарауы оқиғаны жалаң қоюлату мақсатында алынбаған, соғыс кезіндегі ұлтаралық, нәсілдік теңсіздікті білдіретін ащы да болса өмір шындығының үшқындары. Мысалы, Власов сияқты кеудемсоқ, мақтаншақ жауынгердің Мейірманов деген қазақтың атып түсірген самолетін өзіне жазып алуға тырысуы, кейбір офицерлердің ұлты орыс емес жауынгерлерге күдікпен, астамшылықпен қарауы романның мазмұнын байыта түспесе, жұтаңдатпайды.

Бұдан шығатын қорытынды – өзі детективист болғанымен, К.Тоқаевтың көркемдік ұстанымы реализм ауылынан алыс кетпей, шынайылық арнасынан табылатындығы» [8].

Роман мазмұны мен табиғатынан танылатын соғыс шындығы, ел мен ердің сынға түскен сындарлы сәті, айқас алаңы мен жорық жолдарындағы әр қилы жағдаяттар мен мың сан көрініс-суреттер сырын ақын-қаламгер Р. Ниязбек «Детектив жанрының атасы» атты толғам-толғаныстарында төмендегіше жазады: «...К. Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейге көтеріліп, шиыршық атқан аса шебер үлгіде жазған көлемді туындысының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы. Қанға бөккен майдан даласы жан-жақты суреттеліп, ара-арасында солдат күнделігімен тұздықталып отыратын бұл көлемді туындыны көкірегің ызы-кекке толып, қызынып, буырқанбай оқу мүмкін емес.

Researchers from different countries have noted that “... audiovisual texts are polysemantic. Recipients of audiovisual materials are both viewers, listeners, and readers. They process information at several decoding levels at once. The activity of perceiving an audiovisual work is most often carried out in a semi-automatic mode of continuous semantic synthesis.” [3].

The audio-visual translator (as well as the viewer) processes, analyzes and re-synthesizes data received simultaneously via 4 channels that are equally significant and compete within the cognitive process:

- non-verbal visual flow (image series, frames);
- non-verbal sound series (noise and music accompaniment that significantly affects the emotional perception of the viewer);
- verbal sound sequence (dialogues, voiceover – what text-centricists are trying to reduce audio-visual translation to);
- verbal visual flow (subtitles, meaningful captions in the frame).

Summarizing the above, an audiovisual translator should be able to recreate a work in their native language without losing its meaning, as well as the dynamic equivalence of the work.

Within the framework of audiovisual translation, the following terms appear: Film language is a means of expressing a certain artistic reality, creating an emotionally and ideologically rich author’s space-time unity.

Also, the objects of pre-translation analysis and components of audiovisual discourse are:

A frame is a minimal object of pre-translation analysis.

Movie event – i.e. a scene. Cinema discourse – i.e. the film as a whole.

The frame, scene, and film are analyzed as polysemantic integral contexts. And the verbal component may or may not be present in them, but without understanding their structure as integral units, the translation of the verbal component is impossible.

A movie event is polysemiotic, i.e. elements of different sign systems are used to create it. It follows that in a film event, nonverbal units carry a much greater load than verbal ones, and their ratio directly depends on the genre of the film event (feature, documentary, thriller, or fantasy).

In modern society, the audiovisual principle of obtaining information should be considered a priority, especially if we mean people with special cognitive needs. S.N. Vanshin writes that “with the onset of blindness, a person loses 70-90% of information from the surrounding world”. “Vision loss becomes a tangible information barrier for visually impaired people when they visit museums and exhibition halls, theaters and cinemas, sports and other cultural events, and does not allow them to fully perceive the beauty of works of art, architecture, literature, and what is cultural and historical heritage.”

Results and Discussion

The audiovisual principle of obtaining information is the basis for obtaining education. Modern research has shown that only combining audio and visual teaching methods contributes to the rapid perception of information, its memorization and reproduction. Audiovisual practices are also used for entertainment purposes. All this means that people who have certain problems on the audiovisual spectrum (the audience of the blind and visually impaired) are at an increased risk of being excluded from the socio - cultural context.

According to Jorge Diaz-Cintas, media accessibility is a form of audiovisual translation, or vice versa-audiovisual translation can be considered as a form of accessibility of information, since the goal of the translator in both cases is to facilitate access to the source of information [4]. Thus, we come to the idea that the audio description refers directly to the audiovisual translation. There are several ways to explain the term “audio description”. Here are some of them:

1. Audio description - an audio recording of a description of an object, space, or action. As noted by one of the largest experts in this field, J.R.R. Tolkien. According to J. Snyder, this description is used not only by people with visual impairments, but also by those who prefer to perceive information by ear.

2. Audio description – a verbal description of significant visual components of a work of art or audiovisual works in such a way that a blind or visually impaired person can fully understand the form and content of the submitted work.

3. Audio description – an auxiliary service that has a set of special equipment, the purpose of which is to compensate for insufficient perception when viewing any audiovisual work by providing the necessary information in the audio version. This can be a translation or explanation written in such a way that a blind or visually impaired person can perceive the work in harmony as a sighted person does.

Translation and its types Although, according to the dictionary definition, translation is basically “the transmission of information contained in a given work of speech by means of another language”, linguists distinguish several of its varieties. The outstanding Soviet (and later American) linguist Roman Osipovich Jakobson proposed the following classification: “We distinguish three ways of interpreting a verbal sign: it can be translated into other signs of the same language, into another language, or into a different, non-verbal symbol system. These three types of translation can be given the following names:

1) Intra-language translation or renaming – interpretation of verbal signs using other signs of the same language.

2) Interlanguage translation, or translation proper, is the interpretation of verbal signs by means of some other language.

3) Intersemiotic translation, or transmutation, is the interpretation of verbal signs by means of nonverbal sign systems.”

Recently, the definition of the third type of translation (intersemiotic or intersemiotic) has expanded somewhat and it is understood not only as the translation of verbal signs into nonverbal ones, but also as the reverse process. It is the intersemiotic type of translation that also includes audio description, and some authors believe that an audio descriptor (tifikommenter) can better cope with the task if it takes this fact into account in its work.

Audio description as a type of intersemiotic translation According to the definition given by Pujol, referring to the work of R. Jakobson, audio description is “a form of narration based on the principles of intersemiotic translation with phatic and poetic elements”, since, firstly, audio description performs “the function of maintaining contact (phatic function, instilling the blind viewer is sure that he does not miss anything important)”, and also “expresses the beauty of the image in words (a poetic function that allows words to compensate for the aesthetic pleasure of contemplating the image)”. An audiovisual work is a polysemiotic product consisting of both visual and audio elements. When compiling an audio description, all this diversity must be translated into a monosemiotic text. Thus, the number of semiotic systems in the “source language” and “translation language” differs significantly, which allows some authors to call the audio description “hyposemiotic translation”. In addition, audio description does not allow us to translate with absolute accuracy from the “source language” (images) to the “translation language” (words), so some experts also call it the term “inspirational translation”. The exact equivalent of this term does not yet exist: it can be conditionally called “translation under inspiration”, in which the translation result conveys the original “in a somewhat free form and less predictably than in a normal translation”. Thus, an audio description is a type of translation for a special category of viewers (target audience — people with visual impairments, the blind and visually impaired - with a special purpose-to convey the content of an audiovisual work that would otherwise be inaccessible to this category of viewers [5]. Like any translation, the audio description should be as clear as possible for the target audience. At the same time, as a kind of audiovisual translation, audio transcription should follow the “theory of Skopos”. If the audio descriptor describes absolutely everything that it sees without highlighting the main thing, then the description will turn out to be accurate (since it describes all the elements), but incomprehensible and unacceptable from the point of view of the end user. Too detailed description “blurs” the scene and confuses the audience [6]. At the same time, too brief description can lead to the same result. Therefore, the audio descriptor should focus on the significance of the information, helping the viewer to follow the plot. It should also be taken into account that if the film was originally shot in another country, the audio descriptor serves as an “intermediary” not only between visual images and people who do not see them, but also between the two cultures. From a practical point of view, the audio descriptor should know “what information needs to be added, changed, or removed during the translation process”. However, the fundamental difference between the concept of tifo commentary and audio description is that its author does not consider tifo commentary to be a type of translation. In this regard, some experts enter into a scientific controversy with Russian tifo commentators. For example, M. Motsazh, referring to the classification of R. Jakobson, writes: “In the framework of intersemiotic translation, an audio descriptive translation is considered, in which the narrator-audio descriptor describes in words what the viewer sees on the screen. Thus, the audio description becomes a visual-verbal translation. Therefore, it is considered appropriate to also use the term “typhloper translation”, or audio-descriptive film translation. In addition, the term “tifo comments” itself causes complaints. First, one of the main principles of audio description is an unbiased verbal description without personal interpretations and explanations. At the same time, the word “commentary” contains an element of interpretation, often critical observations”. Secondly, according to recent data, more and more people without visual disabilities prefer to watch movies with audio descriptions. Thus, a verbal description prepared for this audience can hardly be called a “tifo comment” (after all, the Greek root “tifo - ” means “blind”).

Conclusion

Thus, we observe a discrepancy with world practice, which is compounded by the deliberate displacement of the word “audio description” from the Russian-language scientific literature and media space. This has led to the fact that some experts do not know what a similar process is called in other countries of the world. Translated articles use artificial English words *typhlo commentary*, *typhlo commentator*. This does not allow Russian-speaking specialists to get acquainted with world experience, and also does not allow foreign colleagues to learn the rich history of adapting audiovisual works for the blind in our country. In 2017, state standard “Tiflokommentation and tiflokommentary. Terms and definitions” was developed. The preface establishes a link between the Russian terms and their English equivalent: “The terms “Typhlo commentary” as a process and “Typhlo comments” as a result of this process are the result of translating the basic concept of “Audio description” from English. The definition of audio description given in this document and approved as a standard differs from the “canonical” one [5]. According to state standard, this is “a creative process of speech description of visual information, taking into account the psychological characteristics and needs of visually impaired people, allowing them to perceive visual information that is not available to them”. In this definition, the word “creative” appears, which brings it closer to the term “inspirational translation”, which we discussed above. This evolution in the definition allows us to hope that over time the existing terminological barrier in the field of audio description and typhlo commentary will be eliminated, which will improve the quality of the finished work.

Conflict of interest

The article contains no conflict of interest.

Acknowledgements and funding information

This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP19679666 “Audio description as a socially-oriented type of translation activity: training of translators of audio description”).

Authors’ contribution. G.I. Kuldeyeva worked on the concept of the research paper and made the analysis of the empirical part. A.M. Akhmetbekova contributed in translating materials, critically reviewing the content of the text, and designing articles. The authors are equally responsible for all aspects of the work, and the issues of its study, presentation and resolution of the integrity of the article, the correctness of the data were scientifically carried out on the basis of mutual discussion, exchange of views.

References

1. Stephen W. Bush. Lectures on Moving Pictures. The Moving Picture World, August 22, 1908. [Electronic recourse]. – Available at: <https://onlinebooks.library.upenn.edu/webbin/serial?id=mpworld> (accessed: 03.05.2023)
2. Yeskindirova, M., Zadorozhnaya, L., & Korogod, N. (2024). Audiovisual translation and audio description: history and development. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series*, 148(3), 203–210. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-203-210> (accessed: 28.09.2024)
3. Pujol, J. Audio description or Audio narration? That is the Question. Paper delivered at MuTra Conference 2007 in Vienna [Electronic recourse]. – 2007. – URL: https://www.euroconferences.info/2007_abstracts.php (accessed: 03.05.2023)
4. Saveria, A. The language of filmic audio description. A corpus-based analysis of adjectives. PhD Thesis, Napoli, 2011. [Electronic recourse]. – Available at: https://aplicacionesua.cpd.ua.es/tra_int/usu/vercompleto.asp?txtId=69180 (accessed: 03.05.2023)
5. Gottlieb, H. Multidimensional Translation: Semantics turned Semiotics. In S. Nauert, & H. Gerzymisch-Arbogast (Eds.), *Proceedings of the Marie Curie Euroconferences MuTra: Challenges*

of Multidimensional Translation (EU High Level Scientific Conference Series), Saarbrücken, 1-29 (2007) [Electronic recourse]. – Available at: https://www.translationconcepts.org/pdf/MuTra_2005_Proceedings.pdf (accessed: 03.05.2023)

6. Akizhanova D., Tulegenova, A., & Kairova, M. (2024). Audio description as a special form of translation activity. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 148(3), 195–202. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-195-202> (accessed: 28.09.2024).

Г.И. Күлдеева¹, А.М. Ахметбекова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

² Astana IT University, Астана, Қазақстан

Аудиодескрипция интерсемиотикалық аударма түрі ретінде

Аңдатпа. Кинопродюсерлерді мемлекеттік қолдау алатын фильмдерді аудиодескрипциямен қамтамасыз етуге міндеттейтін заңның қабылдануымен осы саладағы мамандарды даярлау мәселесі туындады. Дегенмен, ресейлік және халықаралық аудио сипаттау тәжірибесі (тифлокомментарийлер беру) арасындағы бар терминологиялық кедергі көптеген жолдармен мамандар арасындағы тәжірибе алмасуды қиындатады. Мақалада аудиодескрипцияның даму кезеңдері және аудиовизуалды туындыларды ауызша сипаттау процесін белгілеу үшін қолданылған терминдер қысқаша қарастырылады. Дыбыстық сипаттаманы интерсемиотикалық аударманың бір түрі ретінде талдау келтірілген. Орыс тіліндегі «тифлокомментирование» терминінің эволюциясы және оның халықаралық аналогтармен үндесуі көрсетілген.

Түйін сөздер: аудиодескрипция, интерсемиотикалық аударма, ауызша аударма, аударма, тифлокомментарий

Г.И. Кульдеева¹, А.М. Ахметбекова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

² Astana IT University, Астана, Казахстан

Аудиоописание как вид интерсемиотического перевода

Аннотация. С принятием закона, обязывающего кинопроизводителей снабжать фильмы, получающие государственную поддержку, аудиодескрипцией, встал вопрос о подготовке специалистов в этой области. Однако существующий терминологический барьер между российской и международной практикой аудиодескрипции (тифлокомментария) во многом затрудняет обмен опытом между специалистами. В статье кратко рассматриваются этапы развития аудиодескрипции и термины, которые использовались для обозначения процесса вербального описания аудиовизуальных произведений. Дается анализ аудиодескрипции как вида интерсемиотического перевода. Показана эволюция русского термина «тифлокомментарий» и его сближение с международными аналогами.

Ключевые слова: аудиодескрипция, межсемиотический перевод, интерпретация, перевод, тифлокомментарий.

Information about the authors:

Kuldeyeva G.I. – corresponding author, Doctor of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gulnara.kuldeyeva88@gmail.com, ORCID: 0009-0004-6495-3246.

Akhmetbekova A.M. – PhD, Assistant Professor, Astana IT University, Astana, Kazakhstan. E-mail: assel_am@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1478-3718.

Күлдеева Г.И. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының докторы, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: gulnara.kuldeyeva88@gmail.com, ORCID: 0009-0004-6495-3246.

Ахметбекова А.М. – PhD, ассистент-профессор, Astana IT University, Астана, Қазақстан. E-mail: assel_am@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1478-3718.

Кульдеева Г.И. – автор для корреспонденции, доктор филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: gulnara.kuldeyeva88@gmail.com, ORCID: 0009-0004-6495-3246.

Ахметбекова А.М. – PhD, ассистент-профессор, Astana IT University, Астана, Казахстан. E-mail: assel_am@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1478-3718.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 16.01.45
Ғылыми мақала

Б.С. Бейсенбаева¹ , А.Қ. Рауаңдина² , Г.К. Жылқыбай^{*3} 

^{1,3}Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан

(E-mail: bbs7682@mail.ru, aitzhamal@bk.ru, zakiton24@mail.ru)

Оқушылардың монологтік сөз мәдениетін дамытуда подкаст әдісінің тиімділігі

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың монологтік сөз мәдениетін дамытуда оқу подкасттарын қолданылу тиімділігі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық әдістердің бірі ретінде подкасттар оқу процесін интерактивті әрі қызықты ету үшін кеңінен қолданылуда. Подкасттардың білім беру үдерісіндегі артықшылықтары, атап айтқанда, ақпараттың қолжетімділігі, сөздік қорды байыту және тілдік дағдыларды дамыту мүмкіндіктері талданады. Оқу подкасттары білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың сөйлеу мәдениетін және коммуникативтік дағдыларын дамытуға оң әсер етеді. Бұл мақала педагогтарға подкасттарды оқу процесінде тиімді қолданудың жолдарын ұсыну арқылы қазақ тілін оқытудың сапасын арттыруға бағытталған. Мақаланың басты мақсаты – білім беру подкасттары арқылы оқушылардың сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытудың ғылыми негізделген және эксперименталды түрде дәлелденген әдістемелік жүйесін ұсыну. Сонымен қатар подкасттардың оқу процесіндегі рөлі анықталып, оларды білім беруде қолданудың ерекшеліктері мен тиімділігі талданады. Мақалада подкаст әдісінің оқушылардың мәтіндерді түсіну, талдау және интерпретациялау қабілетіне әсері зерделенеді. Оқу процесінде подкасттарды қолдану оқушылардың тілдік дағдылары мен сөйлеу мәдениетін дамытуға қалай ықпал ететіні анықталады. Зерттеу жұмысының мақсатына сай білім беру процесінде білім беру подкасттарын тиімді пайдалану жолдары анықталып, педагогикалық тәжірибеде оның мүмкіндіктеріне баға беріледі. Зерттеу барысында алынған деректер мен талдау нәтижелері негізінде подкасттарды оқу процесіне интеграциялаудың артықшылықтары жан-жақты талданады. **Түйін сөздер:** сөйлеу мәдениеті, подкаст, білім беру, тілдік дағдылар, тыңдалым, айтылым, оқу үдерісі, тілдік дағдылар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-224-238>

Түсті: 25.11.2024; Жөнделді: 04.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Цифрлық технологиялардың білім беруде қолданылуы – бұл бүгінгі күні маңызды әрі өзекті тақырыптардың бірі. Заманауи білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру, олардың жеке тұлғалық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету. Бұл мақсатты жүзеге асыруда цифрлық технологияларды білім беру саласына интеграциялау маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологияларды білім беруде қолдану – бұл тек білім беру үдерісін автоматтандыру ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістерін жаңарту, оқу сапасын арттыру және оқушылардың оқуға деген қызығушылығын жоғарылату жолдарын ұсынады. Цифрлық технологиялар білім беру ресурстарын кеңінен қолжетімді етеді. Онлайн платформалар, оқу материалдарының электронды нұсқалары және виртуалды кітапханалар арқылы білім алушылар әлемнің кез келген нүктесінен қажетті ақпаратты ала алады. Сондай-ақ цифрлық технологиялардың негізінде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға көп мүмкіндік туады.

Цифрлық технологиялар оқу процесін белсендендіруге көмектеседі. Виртуалды және аралас оқыту құралдары, ойын элементтері, білім берудегі мультимедиялық технологиялар мен жасанды интеллект элементтері білімді визуалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, материалды жақсы меңгеруге ықпал етеді. Цифрлық технологиялар оқу материалдарын әртүрлі форматта ұсынады. Мысалы, электрондық кітаптар, бейнемазмұндар, подкасттар мен интерактивті оқулықтар оқушыларға білім алудың түрлі тәсілдерін ұсынады, олардың оқу процесінде деген қызығушылығын арттырады. Цифрлық технологияларды білім беруде қолдану – бұл білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың білім сапасын жақсартуға және оқу үдерісін инновациялық тұрғыдан жаңартуға бағытталған маңызды қадам. Оқушылардың монологтік сөз мәдениетін қалыптастыруда және сапалы сөйлеуге дағдыландыруда цифрлық контенттердің қажеттілігі айқын. Сөз мәдениетінің негізгі аспектісі дұрыс сөйлеу мен ойын дұрыс жеткізу десек, подкасттарды оқу нәтижесіне жетудегі тиімді әдістердің бірі ретінде қолдануға болады.

Оқушылардың монологтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларымен тығыз байланысты. Сол себепті де монологтік сөз мәдениетін жетілдіру әдеби тілдің нормаларын дұрыс меңгеруден басталады. Сөйлеу шеберлігінің деңгейі де сөз мәдениетінің қалыптасуына бірден бір негіз болады. Олай болса сөз мәдениетін қалыптастыру үшін тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфографиялық және орфоэпиялық нормаларын меңгеру керек. Сөз мәдениеті – жеке адамның сөйлеу мәдениетінің маңызды бөліктерінің бірі. Сөздерді нормаларға сәйкес, дұрыс және орынды қолдану сөз сапасының деңгейін байқатады. Ғалым Н. Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты монографиясында қазақ сөз мәдениеті тілдік аспектімен қатар, коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдени, этикалық және лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырылып, қазақ сөзінің коммуникативтік сапаларын объективті түрде анықтаудың және тілдік нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздерін құрайтын концепциялық тұжырым ұсынды [1]. Ғалымның «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде «Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған, әдеби тіл нормаларына төселген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір-бұдырсыз болып, жатық шығады. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымауы сөз жатықтығы деп түсінуге болады. Тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсауға, сөз жатықтығына ғана қанағат етіп қою жеткіліксіз. Сөйлеушінің сөзі әдеби тілдің нормасына сай, дұрыс жұмсалуды және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей», ой мен сезімді дәл жеткізе алатындай әсерлі болуы да қажет. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен қарым-қатынас жасаудың мақсатына сай келетін аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сөзді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі – сөз мәдениетінің биік шыңы. Мұндай шеберлік ең алдымен тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай, дұрыс қолданудан, сөз жатықтығынан басталады. Ондай қасиетке ие болғанда ғана барып сөйлеуші, жазушы сөз байлығын, сөз тазалығын, сөз дәлдігін, сөз әсерлігі тәрізді т.б. сапалармен тыңдаушысын я оқушысын баурап алып

отырады» [2, 5-6]. Ғалым Н. Уәли «Қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасы: тілтанымдық үзіктер» атты жинағында ғалымның қазақтың сөзсаптамасы, сөз мәдениеті, әдеби тіл нормасы, тіл заңдылығы, тіл тазалығы және т.б. мәселелерін сөз еткен мақалалары жинақталған [3]. Жалпы қазақ тіл білімінде қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздеріне байланысты зерттеулер жасаған ғалымдардың бастауында Ахмет Байтұрсынұлы тұрғандығы белгілі. Ғалым «Сөз өнерінде жұмсалатын зат – сөз» дей келе, тіл қисыны, сөз талғау, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі деген мәселелерге «Әдебиеттанушы» еңбегінде тоқталып өтеді [4, 162-165]. Тіл мәдениетін зерттеу нысаны ретінде Р. Сыздықованың еңбектерін атап өтсек болады. Ғалымның «Сөз қолданысы және әдеби норма» [5], «Сөз құдіреті» [6], «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» [7], «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» [8], «Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары)» [9] т.б. атты еңбектерінде сөз мәдениетінің мәселелері қарастырылады.

Ғалым Ф. Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» [10] еңбегінде тілдік қатынас (коммуникация) мәселелері теориялық тұрғыдан жан-жақты қарастырылады. Ф.Оразбаева тілдік қатынас жалпы адамзаттың ойына, ойлау жүйесіне тікелей байланысты құбылыс екендігін айтады. «Ол ең алдымен, сыртқы объективті шындықты қабылдаудан, жеткізейін деген хабарды пайымдаудан тұрады» [10, 50]. Тілші ғалым тілдік қатынасты хабардың пайда болуы, хабардың сыртқа шығуы, хабардың жеткізілуі, хабардың қабылдануы, хабардың жауабы деп бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. «Тілдік қарым-қатынас болу үшін, хабарды қабылдап алумен ғана шектелу біржақты процесс болып қалады, енді тілдік қатынас жүзеге асу үшін, қабылданған хабарға көңіл аудару, яғни оны сарапқа салу, бағалау, түсіну, сосын жауап қайтару шарт. Яғни түсіну арқылы оған жауап қайтару қажеттілігі туады. Сөйтіп, хабар жаңарып, келесі сатыға өтеді, яғни жаңа хабар шығады. Сонымен хабар жауапқа ие болып, жаңа қарым-қатынасқа жол ашады» [10, 21]. Айтылуға тиіс хабар сөйлем, диалог, монолог арқылы сыртқа шығады. Тілдік қарым-қатынас ауызша да жазбаша да жүзеге асады.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде цифрлық технологиялар мен жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырудың тиімділігі айқын. «Цифрлық білім беру ресурстары сабақ мазмұнын жаңа технологиялар арқылы толықтыруға, түрлі тапсырмалар арқылы түрлендіруге, ақпараттарды есте сақтауға, білім алушының пәнге деген қызығушылығын аудиовизуалды материалдар арқылы дамытуға мүмкіндік береді» [11, 103]. Оқу жүйесінде цифрлық ресурстарды пайдалану – білім сапасын көтеріп, заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға дайындауға жағдай жасайды.

Сөз саптау тәсілдері мен сөйлесім түрлерінің теориялық негіздерін зерттеп, бір жүйеге түсірген, оларды сөз мәдениеті тұрғысынан қарастырған зерттеулердің бірі – Ж.Т. Дәулетбекованың «Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі» атты монографиясы, «Сөйлей білу – өнер» атты еңбектері. Ғалым «Сөйлей білу – өнер» атты еңбегінде: «Сөйлесім түрлерінің ауызша және жазбаша түрге бөлінуі, монологтік сөз, диалогтік сөз, полилогтық сөз деп ажыратылуына, сөйлеудің функционалдық қатысымдық типтері деп топтастыруына бірнеше фактор негіз болады» деп [12, 19] сөйлесім түрлері мен олардың ішкі жіктелімдерін анықтап, ерекшеліктерін талдайды.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық қабілеттері мен монологтік сөз мәдениетін дамыту – маңызды мақсаттардың бірі. Білім беру саласындағы инновациялар мен жаңа технологиялар білім беру үдерісін тиімді әрі қызықты етуге бағытталған көптеген құралдар мен әдістерді ұсынады. Соның бірі – оқу процесіне білім берудегі подкасттарын қолдану. Оқу подкасттары тыңдау және ақпаратты қабылдау жолымен білім беру процесін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім берудегі подкасттар сөйлеу әрекеттерін, адамның айтпақ ойын дұрыс тұжырымдап жеткізуге үйренудің бірден-бір тиімді жолы. Подкасттар – бұл аудио немесе бейнемазмұнды файлдар. Олар интернет арқылы таратылады және тыңдаушыларға түрлі тақырыптарды еркін түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Подкасттар білім беру саласында өзекті құрал ретінде қарастырылып, оқушылардың тыңдау дағдыларын дамытуға, ақпаратты сараптау мен интерпретациялауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар подкасттар оқушылардың монологтік сөз мәдениетін

дамытуға, сөздік қорларын байытуға, коммуникативтік және танымдық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Олай болса сөз мәдениетін қалыптастырудың жаңа құралдарының бірі ретінде подкасттарды оқу үдерісіне пайдаланудың тиімділігі айқын.

Оқушылардың монологтік сөз мәдениетін қалыптастыруда қарым-қатынастың ауызша түрінің, мәлімет беру мен ақпарат алмасудың маңызы зор. Сөйлеу процесі есту, есте сақтау, болжау, зейін және ой қорытындылау сияқты күрделі психологиялық әрекеттердің болуымен сипатталады. Сөйлеу үш кезеңмен сипатталады. Олар: жоспарлау кезеңі, іске асыру кезеңі және бақылау кезеңі. Сөйлеу кезеңіндегі ой сөздік қор, ана тілінің грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сөйлемдерді дұрыс құру және ой қорыту арқылы қалыптасады. Сөйлеуде сөйлеудің мазмұндылығы мен оның мәнерлілігіне назар аудару маңызды болып келеді. Сөздің мағыналылығы ойдың айқындығы, ал сөздің мәнерлілігі сөйлеу интонациясы мен артикуляциялық аппаратқа тығыз байланысты. Монологтік сөйлеу адамның, баяндамашының, мұғалімнің, оқушының сөзі. Монологтік сөз алдын ала жоспарланып, белгілі бір жүйемен баяндалған сөз. Монологтік сөйлеуде логикалық ойлау жағына қатаң талаптар қойылады. Сонымен қатар, мағыналылығы, түсініктілігі, мәнерлілігіне де көп көңіл бөлінеді. Монологтік сөйлеудің белсенді және ерікті түрін қалыптастыруда подкасттарды қолданудың тиімділігі айқын.

Әдіснама

Зерттеу мақсатына орай, мақала жазуда эмпирикалық зерттеу әдісі қолданылды. Эмпирикалық зерттеу – бұл нақты деректер мен тәжірибеге негізделген ғылыми зерттеу әдісі. Мақаланы жазу барысында эмпирикалық зерттеу әдістері бойынша зерттеу мәселесін анықтау, гипотеза қою, зерттеу әдісін таңдау кезеңдері бойынша жұмыстар жүргізілді. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың монологтік сөз мәдениетін қалыптастыру барысын анықтау мақсатымен бақылау эксперименті жүргізіліп, білім беру подкасттарын қолдану тиімділігіне сараптама жасалынды. Оқушылар арасында зерттеу сұрағына байланысты сауалнама алу арқылы зерттеуге қатысты мәселе анықталды.

Тәжірибелік-эксперименттік алаң ретінде Шымкент қаласындағы «Жалын» жалпы орта мектебі таңдалып алынды. Оқушылардың монологтік сөз мәдениетін подкаст материалын пайдалану арқылы арттыру мәселесін зерттеу барысында әдістемелік экспериментке осы мектепте оқитын барлығы 35 оқушы қатысты.

Нәтижелер мен талқылау

Монологтік сөйлеудің *монолог-хабарлама, монолог-сипаттама, монолог-талқылау, монолог-пайымдау, монолог-суреттеу, монолог-сендіру, монолог-әңгімелеу, монолог-пікір* сияқты түрлерін атап кетсек болады. Монологтік сөйлеу ауызша және жазбаша түрде көрініс береді. Ауызша (тыңдау және сөйлеу), жазбаша (оқу және жазу) қарым-қатынас негізінде құрылады. Қазақ тілін оқу үдерісінде монологтік сөйлеуді қалыптастырудың ең басты мақсаттарының бірі – білім алушыларды сөйлеуге үйрету. Сөйлеу адамдар арасында өз ойын жеткізу, дәлелдеу, сендіру, эмоционалды сезімдерін білдіру түрінде қалыптасатын тілдесудің түрі. Сөйлеу диалогтік және монологтік деп екіге бөлінеді. Монолог сөйлеу белгілі бір адамның өз ойын, оқиғаны баяндауын, хабар не ақпарат айтуын білдіреді. Қазақ тілі сабақтарында білім алушыларды монолог түрінде пікір айтуға үйрету, өз ойын дұрыс жеткізуге дағдыландыру мұғалімнің алдындағы негізгі міндеттердің бірі.

Монологтік сөз репродуктивті сөйлеу және продуктивті сөйлеу түрінде келеді. Оқушылардың бойына дайындалмаған продуктивті сөйлеуді дамыту қазіргі таңда оқыту үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі. **Монологтік сөйлеудің негізгі коммуникативтік функцияларына мыналарды атап өтсек болады:**

- **Ақпараттық** – тыңдаушыларға белгілі бір оқиға, іс-әрекет, пәнге байланысты тақырыптар төңірегінде ақпарат беруге бағытталған. Монологтік сөйлеуге үйретудің ақпараттық қызметі сөйлеуші адамға өз ойын түсінікті әрі анық жеткізуді талап етеді. Монологтік сөйлеуде ақпаратты дұрыс әрі сөйлеу шеберлігімен жеткізу үшін оған оқушыларды дағдыландыру қажет.

- **Ықпалды** – тыңдаушысын өзіндік ой-пікіріне, көзқарастарына немесе әрекеттердің дұрыстығына сендіру;

- **Эмоциялы-бағалау** – оқиғалар мен сюжеттерді баяндауда, белгілі бір тақырып төңірегінде өзіндік пікір білдіруде монологтік сөйлеушінің эмоциясын, ішкі-көңіл күйін байқату. Бұл функция сөйлеудің тыңдаушыларға әсерін күшейтуге көмектеседі.

Монологтік сөз мәдениетін қалыптастыруда төмендегідей критерийлерді ескерген жөн:

- 1) Монологтік сөйлеудің түрлерін тиімді пайдалану;
- 2) Ойын жүйелі, қисынды жеткізу;
- 3) Тақырыптың ашылу деңгейінің жоғары болуы;
- 4) Ауызша баяндауда сөйлемдерді лексикалық-грамматикалық, синтаксистік жағынан дұрыс құру;
- 5) Монологтік сөйлеудің шығармашылық сипатының басым болуы;
- 6) Сөз мәдениеті мен қазақ тіліне тән орфоэпиялық заңдылықтарды, сөз мәнерлігін сақтау.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың монологтік сөз мәдениетін дамытудың әдістемелік жүйесін ұсыну тілдік тұлғаны қалыптастырудың бірден бір тиімді жолы. Қазақ тілі сабақтарында 9 сынып оқушыларына монологтік сөз мәдениетін меңгертуге білім беру подкасттарын пайдалану өз нәтижесін байқатты. Подкасттарды сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін тиімді пайдалану бірнеше маңызды аспектілерге негізделеді. Подкасттарды білім беру мақсатында қолдану сөйлеу дағдыларын жетілдіру және коммуникативтік қабілеттерді арттыру үшін қажетті әдістердің бірі. Бұл мақсаттарға жету үшін бірнеше негізгі қағидаларға назар аудару керек.

Біріншіден, тақырыпты дұрыс таңдау қажет. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін қызықты әрі өзекті тақырыптарды таңдау оқушылардың назарын өзіне аударады. Бұл тыңдаушының қызығушылығын арттырады және сөйлеу материалдарын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Екіншіден, подкасттарды тыңдау барысында әртүрлі сөйлеу мәнерін, интонацияларға мән берген дұрыс. Ол оқушының сөйлеу мәнерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Үшіншіден, подкасттағы айтылған ойларды қайталау сөйлеу дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Осылайша оқушылар өз ойларын дұрыс жеткізуге дағдыланады.

Төртіншіден, подкаст тыңдау кезінде тақырып бойынша айтылған сөздер мен терминдерді тереңірек түсінуге көңіл бөлу керек. Бұл сөздердің және терминдердің нақты мағынасын түсінуге көмектеседі және сөйлеу кезінде оларды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, сөйлеу жаттығуларын жасап, оқушы өз даусын жазып алса, бұл сөйлеу қабілетін бағалап, қажетті түзетулер енгізуге жағдай туғызады.

Алтыншыдан, подкаст тыңдаған кезде тыңдаушының рөлінде болу арқылы сөйлеу мәдениетінің өзіндік қыр-сырын, сөздердің дұрыс қолданылуын және сөздердің лексика-семантикалық және когнитивтік сипаттарын тереңірек түсінуге қалыптасады.

Подкасттарды сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда тиімді пайдалану сөйлеу дағдыларын дамытуға және коммуникативтік қабілеттерді арттыруға ықпал етеді. Подкасттарды тыңдау, оларды оқу мақсатында қолдану сөйлеу тәжірибесін шыңдауға және тілдік дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі таңда әңгімелесу подкасттары ең танымал подкасттардың бірі. Әңгімелесу подкасттары бір немесе бірнеше адам тақырыпты талқылайтын аудио немесе видео жазбалардан тұрады. Мұндай подкасттарда жаңалықтар не өзге де өзекті мәселелер талқыланып, қатысушылар өз ойларын ортаға салады. Подкасттардың келесі бір түрі көркемдік подкасттар көркем аудио мәтіндердің жиынтығынан тұрады. Жалпы подкасттың түрлерін төмендегідей типтерге бөліп қарастырсақ болады:

- *Chitchat* (достық әңгіме немесе достық чат) – бұл берілген тақырыптағы әңгіме, мысалы, қатысушылар белгілі бір тақырып бойынша пікірлеседі. Мұндай подкастты 3-4

адам біріге отырып жазады. Бұл подкасттарда тыңдаушының назары талқыланып жатқан тақырыптағы мәселеге ауып, тыңдаушы назарын өзіне аударады. Осылайша тыңдаушының қызығушылығын тудырады.

- *Interview (сұхбат)* – подкасттарды қызықтыратын тақырып бойынша сарапшы адаммен әңгіме.

- *Storytelling, сторителлинг немесе нарратив* – белгілі бір оқиға туралы, әдетте сюжетті оқиғаны тізбектей баяндау.

- *Monologue (монолог)* – берілген тақырып бойынша еркін форматта сөйлеушінің сөзі. Әдетте тыңдаушың назарын өзіне аудару үшін және тыңдаушысын шаршатып алмау үшін монологтік подкасттар 5-7 минуттан аспай жазылуы тиіс.

Білім беруде подкасттарды әртүрлі пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

Подкасттарды пайдаланудың тиімділігі мен мүмкіндіктері:

1. Көп функционалдылық. Біріншіден, подкасттар белгілі бір пән бойынша шағын лекция немесе тыңдау жаттығулары ретінде оқу құралы қызметін атқара алады.

Екіншіден, подкасттар арқылы көтерілген мәселені бейресми талқылау сәтті болуы мүмкін.

2. Медиа құзыреттілігі, яғни подкаст ақпаратты тасымалдаушы және таратушы ретінде заманауи электронды және цифрлық кеңістікке сәйкес келеді. Ақпаратты үнемі тыңдау сөйлеу дағдыларын дамытуға септігін типізеді.

3. Интерактивтілік. Білім алушылар аудио жазу арқылы өз ойларын білдіруге мүмкіндік алады. Көтерілген мәселе бойынша дәлелдер келтіреді және оқу мәселелерін шеше алады.

4. Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере білу. Оқушылар подкастты кез келген ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде тыңдай алады. Олай болса, оқу подкасттары инклюзивті оқытуда да тиімді әдіс ретінде қолданыс табу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ мұғалім оқу бағдарламасы бойынша өзінің аудио сериясын құрып, оларды оқу материалы ретінде пайдалана алады.

Подкасттарды білімділік мақсатта пайдалану, ең алдымен, сөйлеу және тыңдау дағдыларын жақсартуға әсер етеді. Педагогика ғылымдарының докторы П.В. Сысоев «Шет тілін оқытудағы подкасттар» атты мақаласында подкаст әдісінің 3 кезеңнен (орнату, процедуралық, бағалаушылық) және 11 қадамнан тұратын дағдыларды дамыту алгоритмін атап көрсетеді. Подкасттарды П.В. Сысоев ана тілінде сөйлейтіндер үшін жасалынған және білім беру мақсатында жасалынған подкасттар деп бөліп классификациялауды ұсынады [13]. Төмендегі келтірілген кестеде П.В. Сысоевтың ұсынған подкаст әдісі арқылы дағдыларды дамыту алгоритмі көрсетілген.

Кесте 1. Подкаст арқылы оқушылардың әртүрлі дағдыларын дамыту алгоритмі

1-қадам. Жұмысты жоспарлау	5-қадам. Подкаст тақырыбын таңдау және мәтінін дайындау	9-қадам. Подкасттарды сыныпта талқылау
2-қадам. Подкаст қызметінде подкасттарды орналастыру және интернет-пікірталас ұйымдастыру ережелерімен танысу	6-қадам. Подкастты дыбыстық жазу	10-қадам. Өзін-өзі бағалау
3-қадам. Мұғаліммен бірлесе отырып, белгілі бір тақырып бойынша подкаст парақшаларын таңдайды	7-қадам. Оқушылар жазған подкасттарды тыңдау	11-қадам. Мұғалімнің бағалауы
4-қадам. Мұғалім оқушыларға подкаст жасауда интернет желісін пайдаланудағы ақпараттық қауіпсіздік туралы ақпарат береді.	8-қадам. Подкасттарды желіде талқылау, пікірлер жазу	

Подкастарды білім беру мақсатында қолдану ең бірінші оқушының тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар подкастармен жұмыс жасау барысында оқушылар өз ойларын жүйелеуге, сыни тұрғыдан ой айтуға, тілдік нормаларды сақтап сөйлеуге, қазақ тілінің өзіндік орфоэпиялық заңдылықтарын сақтауға үйренеді. Подкастарды қолдану арқылы сабақтарды ұйымдастыруды үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші, аудиомәтінмен жұмыстың мәтінге дейінгі кезеңі,

Екінші, аудиомәтінмен жұмыстың мәтіндік кезеңі,

Үшінші, аудиомәтінмен жұмыстың мәтіннен кейінгі кезеңі.

Подкаст материалдарының тілдік мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

– оқушылардың жас ерекшелігін ескеру;

– оқу бағдарламасы мен оқу мақсаттарына сәйкес болуы;

– ұсынылатын подкасттардың дыбыстық дизайнының сапасы (сөйлеудің табиғи қарқыны, дикцияның анықтығы және интонацияның мәнерлілігі) жоғары болу керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері үшін подкасттарды қолдану ерекше назар аударуды қажет ететін әдіс. Подкастары қолдану мәтіндер мен әдеби шығармаларды тереңірек түсінуге және талдау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ шығармашылық ойлау мен сыни пікірлерді қалыптастыруға жағдай туғызады. Подкасттар осы міндеттерді орындауға тиімді көмекші құрал бола алады.

Цифрлық жазбалар болып табылатын подкасттар монологтік сөз мәдениетін қалыптастырудың өте танымал техникалық құралы. Тілді оқыту, тіл мәдениеті дағдыларын қалыптастыруда компьютерлік технологиялар оқытудың бірден-бір тиімді әдісі. Подкаст мұғалімдер білім беру мазмұнын жетілдіру және сыныптан тыс оқытуды ынталандыру үшін пайдаланатын жаңа құралдардың бірі ретінде қолданылуда. Подкаст білім алушылардың тыңдалым, айтылым дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Подкасттардың тілдік дағдыларды қалыптастырудағы қызметі туралы шетелдік ғалымдардың зерттеулерін атап көрсетуімізге болады. Масудул Хасан «Тілді оқытудағы подкаст қосымшалары: соңғы зерттеулерге шолу» [14] атты мақаласында тілді оқытуда подкасттарды қолдану арқылы білім беру мазмұнын жетілдіру, сыныптан тыс оқуды ынталандыру мәселелерін сөз етеді. Сонымен қатар подкасттардың тек сөйлеу мен тыңдауда ғана емес, басқа да тілдік дағдыларды қалыптастырудағы тиімділігін анықтайды. Биргит Филлипп «Тілді үйренудегі студенттер шығарған подкасттар – студенттердің подкасттарды қабылдауын зерттеу» [15] атты мақаласында подкасттар тілді меңгеру параметрлерінде сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған пайдалы құрал болып табылатынын атап өтеді. Мақалада білім алушылардың өздері жасаған подкастары олардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың бірден-бір негізгі көзі екендігін алға тартады. Михаэла Г. Рамирестің «Тілді оқыту үшін подкастарды пайдалану: әдебиеттерге жүйелі шолу» [16] атты зерттеуінде подкасттарды пайдалану жас ұрпақ үшін қызықты әрі тиімді екендігіне шолу жасайды. Әсіресе подкасттарды пайдалану тіл үйренуге арналған өте танымал техникалық құрал екендігі талданады. Мариса Йоэстара, Заяна Путридің «Подкаст: EFL студенттерінің тыңдау және сөйлеу қабілетін жақсартудың балама жолы» атты мақаласы [17] тыңдау мен сөйлеу өнімділігін жақсартуда подкастты пайдаланудың тиімділігін қарастыруға бағытталған. Хабиб Алви Жамалул Лайель, Эди Сусеноның «Жасөспірім білім алушыларға арналған подкаст материалын пайдалану арқылы сөйлеу шеберлігін арттыру» атты зерттеуінде [18] подкасттар оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Ғалымдардың тұжырымдауынша, подкаст контенттерін пайдалану білім алушылардың сөйлеу мәдениетін жақсартады. «Тіл үйренуде айтылым мен интонацияны жақсарту үшін подкасттарды пайдалану» атты М.Л. Харрис, С.Ж. Уильямстың мақаласында зерттеушілер подкасттардың айтылым мен интонация мәселелерін шешудегі тиімділігін талқылайды. Л.Б. Томпсон, Х.К. Лидің «Подкасттарды тіл білімінде тыңдау және сөйлеу дағдыларын арттыру құралы ретінде пайдалану» атты зерттеуінде оқу подкасттарын тыңдау және сөйлеу дағдыларын арттырудағы тиімді білім беру құралы ретінде пайдаланылуды

ұсынады. Бұл мақалаларда подкасттардың сөйлеу мәдениетін және тіл үйренуді жетілдіру жолындағы мүмкіндіктері қарастырылған.

Подкаст – оқушылардың тіл мәдениетін дамыту үшін өте күшті құралдардың бірі. «Тіл мәдениеті дегеніміз – оқыту үдерісінде, отбасында, жалпы адамдардың қарым-қатынасы негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ойды дұрыс, түсінікті, анық, дәл, әсерлі әрі әдеби нормасын сақтай, тіл тазалығын сақтай жеткізе білу шеберлігі» [19, 250]. Подкасттарды білім беру саласында тиімді құрал ретінде қолдану, оларды оқыту әдісі ретінде пайдаланудың тиімді жақтарын атап өтсек:

1. Қолжетімділік және икемділік. Оқушылар подкасттарды кез келген уақытта, кез келген жерде тыңдай алады. Бұл олардың оқу процесін өздерінің кестелеріне сәйкес реттеуге мүмкіндік береді.

2. Сабақ мазмұнын әртүрлі тәсілдермен ұсыну. Подкасттарды ұймдастыруда әңгімелесу, сұхбат немесе баяндау арқылы ақпараттар беріледі. Бұл оқу үдерісінде әртүрлі тақырыптарды түсіндіруде пайдалы болып келеді.

3. Өзара әрекеттестік және талқылау. Подкасттарды тыңдағаннан кейін оқушылар өз ойларымен бөлісу үшін топтық жұмыстар жасайды. Кейбір подкасттарды тыңдау арқылы білім алушылар тақырып бойынша туындаған сұрақтарға жауап алады.

4. Мотивация және қызығушылықты арттыру. Подкасттарды білім алу процесіне қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

5. Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырады. Подкасттарды тыңдау тыңдаушылардың аудио тыңдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Подкасттарда талқыланған мәселелер бойынша пікір айту, ой қорыту, талдау жұмыстарын жүргізу оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Подкасттарды білім беру процесіне тиімді әрі дұрыс пайдалану маңызды. Оқытушылар подкасттардың мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін олардың мазмұнын, мақсатын және оқу жоспарымен сәйкестігін ескеруі қажет.

Қазақ тілін оқытуда подкасттарды пайдалану – бұл оқытудың заманауи тәсілдерінің бірі. Подкасттар әртүрлі дағдыларды дамытуға септігін тигізеді. Мысалы:

- Тыңдалым және айтылым дағдылары қалыптасады. Подкасттар тыңдалатын форматта болғандықтан, олар оқушылардың тыңдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Подкасттарды тыңдау арқылы білім алушылар белгілі бір тақырып төңірегіндегі сөздермен, терминдермен танысады.

- Сөздердің мағыналарын түсіну, сөздік қорды байытады. Подкасттарда әр түрлі тақырыптарды тыңдау білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге мүмкіндік береді.

- Грамматикалық құрылымдар. Подкасттар арқылы оқушылар сөйлемдердің түрлі грамматикалық құрылымдарда жасалуын табиғи контексте байқап, дұрыс сөйлеуге үйренеді.

- Қызығушылықты арттыру, мотивация беру. Подкасттардың мазмұны білім алушылардың қызығушылығын оятып, білім алу мотивациясын арттырады.

- Интербелсеңділік. Кейбір подкасттар сұрақтар қою немесе пікірлер қалдыру арқылы оқыту үдерісін белсендіреді.

- Адаптивті оқу. Оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін, сонымен қатар олардың қызығушылығы мен әртүрлі жағдайларға бейімделуін барынша ескеру.

- Қайта тыңдау мүмкіндігі. Білім алушылар подкасттарды бірнеше рет тыңдай отырып, қиындық туғызатын жерлерін қайта түсінуге мүмкіндік алады.

Подкасттар – тыңдалатын медиа контент түрі ретінде білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ұсынып отыр. Қазақ тілін оқыту мен басқа да пәндерде подкасттарды қолдану оқушылардың айтылым дағдысын дамытуда тиімді құрал ретінде қолдануға болады. «... сөйлесім әрекетінің бір құраушысы болып саналатын айтылым монологтік сөзбен толық сәйкес келеді. Сондықтан айтылым мәдениеті мәселесін тек диалогтық тұрғыдан емес, монологтік сөйлеу мәдениетімен байланыстыра қараған дұрыс. Себебі айтылымда нақты қойылып отырған мәселе туралы адам өз ойын түсінікті, жүйелі етіп айтуы тиіс. Оның

үстіне монологтік сөз тілдің ауызша және жазбаша формасының екеуіне де қатысты. Ол жазбаша дайындалып, жұртшылық алдында ауызша айтылады» [20, 43].

Монологтік сөйлеу – бір адамның ойын баяндау, әңгімелеу, пайымдау, талдау, тұжырым және қорытынды жасау сияқты сөйлеу дағдыларын байқататын ойды дұрыс жеткізудің бірден-бір жолы. Монологтік сөйлеу кез келген тілді меңгеруде ең маңызды аспект болып табылады. Олай дейтініміз сөйлеусіз тіл дамымайды. Шешендік шебер сөйлеу үшін, әрбір тілдің өзіне тән грамматикалық құрылымы, фонетикасы, сөздік құрамы сияқты ерекшеліктерін меңгеру керек. Оқушыларды өз ойларын еркін жеткізе алуға дағдылану үшін сөйлеу қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар қажеттілігі туындайды. Осы орайда оқушылардың монологтік сөз мәдениетін дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін саралап, монологтік сөздің түрлерін меңгерудің әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәйектеу осы мәселені шешудің бірден бір жолы. Осыған байланысты монологтік сөйлеуге үйретудің мақсаты – адамның ойын логикалық жүйелі, дәйекті, толық және дұрыс жеткізу арқылы сөйлеудің монологтік дағдыларын қалыптастыру. Бақылау экспериментінің алғашқы кезеңінде Шымкент қаласындағы «Жалын» жалпы орта мектебі оқушыларынан монолог, монологтік сөз және монологтік сөз мәдениеті туралы білім, білік, дағдыларын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Оқушылардың монологтік сөз мәдениеті бойынша алған білімдері мен қалыптасқан дағдылары тексерілді.

Кесте 2. Бақылау кезеңіндегі сауалнама

№	Сұрақ	Жауап нұсқалары
1	Монолог дегеніміз не?	Екі немесе бірнеше адамның әңгімелесуі Бір адамның ішкі ойы, пікірінің көрінісі
2	Монологтік сөйлеу дегеніміз не?	Басқа адамға немесе өзіне қарата айтылған жалғыз адамның сөзі Бірнеше адамның пікірлесуі, сөйлесуі
3	Сөз мәдениеті дегеніміз не?	Әдеби тілдің нормаларын сақтап сөйлеу, тіл тазалығы Күнделікті өмірде қолданылатын ауызекі сөйлеу үлгісі
4	Монологтік сөз мәдениеті деген ұғымды білесіз бе?	Иә жоқ
5	Подкаст дегеніміз не? (ашық сұрақ)	(Берілген ашық сұраққа өз ойларыңды жазыңдыр)
Аннотация. Цель исследования – обосновать применение скаффолдинга как особого вида погружения в цифровую образовательную среду вуза. В статье раскрываются сущность, функции и приемы, а также формы погружения студентов при изучении иностранного языка; рассматриваются особенности электронного учебного курса по иностранному языку на основе принципов скаффолдинга в электронной образовательной среде; проверяется эффективность внедрения принципов скаффолдинга в образовательный процесс для развития иноязычной коммуникативной компетенции студентов на примере электронного учебного курса FutureLearn. Научная новизна исследования заключается в определении трех основных форм скаффолдинга, таких, как индивидуальный скаффолдинг, партнерский скаффолдинг и компьютерный скаффолдинг. В результате был разработан и внедрен электронный курс иностранного языка FutureLearn, основанный на принципах скаффолдинга.

Ключевые слова: языковая личность филолога, скаффолдинг, педагогическое погружение, цифровая образовательная среда высшего образования.

Сведения об авторах:

Кылышпаева С.Х. – эксперт Департамента науки, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sarbi_barbie@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4912-5010

Кылышпаева М.Х. – преподаватель-лектор, Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Талдықорған, Казахстан. E-mail: madina_6709@mail.ru, ORCID: 0009-0004-0141-6910.

Кылышпаева С.Х. – ғылым департаментінің сарапшысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sarbi_barbie@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4912-5010.

Кылышпаева М.Х. – оқытушы-дәріскер, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан. E-mail: madina_6709@mail.ru, ORCID: 0009-0004-0141-6910.

Kylyshpayeva S. – Expert of Science Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sarbi_barbie@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4912-5010.

Kylyshpayeva M. - Teacher-lecturer, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Tal dykorgan, Kazakhstan. E-mail: madina_6709@mail.ru, ORCID: 0009-0004-0141-6910.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

А.С. Набидуллин , Ж.Т. Дәулетбекова¹ 
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан
(E-mail: ¹aibosha@mail.ru, ²*zh.dauletbekova@mail.ru)

Жоғары білім беру жүйесінде «Жалпы тіл білімін» лингвистиканың ғылыми-теориялық базасы ретінде оқыту

Аңдатпа. Мақала жоғары білім беру жүйесіндегі «Жалпы тіл білімін» оқытудың өзектілігін талдауға және «Жалпы тіл білімі» пәнін лингвистиканың ғылыми-теориялық базасы ретінде дәйектеуге арналған. Зерттеудегі талдау нәтижелері мен ұсынылған қорытындылар ғылыми-теориялық базаны құрайтын пәндерді оқытудың студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін қалыптастырудағы рөлін бағалауға мүмкіндік береді. Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде мамандарды даярлаудың тиімді тұжырымдамасын ұсыну үшін білімнің сапасына басымдық беру қажеттілігі айқын көрініп отыр. «Жалпы тіл білімі» пәнінің білім мазмұнында лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасу, даму сатылары, кезеңдері, әдістері-тәсілдері, ғылыми парадигмалары сияқты ең маңызды ғылыми ақпараттар қамтылады. Осымен байланысты бұл пән студенттердің лингвистика бойынша ғылыми-танымдық әлеуетін арттыратын іргелі білімдер жүйесі болып табылады. Мақаланың басты мақсаты – жоғары білім беру жүйесінде «Жалпы тіл білімін» лингвистиканың ғылыми-теориялық базасы ретінде оқытудың өзектілігін анықтау және осы саладағы назар аударылуы тиіс негізгі мәселелерді жүйелеу.

Түйін сөздер: жоғары білім беру жүйесі, «Жалпы тіл білімі» пәні, лингвистиканың ғылыми-теориялық базасы, іргелі зерттеулер, оқулықтар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-247-260>

Түсті: 20.11.2024; Жөнделді: 05.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдей отырып, жоғары білім беру жүйесін реформалау – Қазақстандағы білім беру саясатының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсат-міндеттерінің қатарындағы маңызды тармақтардың бірі. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, зияткерлік капиталды дамытудың табыстылығы қоғамның әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалын жақсартуға тікелей ықпал ететіндігі белгілі. Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың ең маңызды нысанасы – жоғары білім беру жүйесін тұрақты дамытуды қамтамасыз ету.

«Ғылымжәнеғылыми-техникалыққызметсаласындағымемлекеттіксаясат–мемлекеттің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке қатынасын бiдiретiн, ғылым мен техника саласындағы әртүрлі ұйымдар қызметінің, ғылыми-техникалық жетістіктерді іске

¹ Хат-хабар үшін автор

асырудың, жаңа технологиялар жасаудың, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы негізгі басымдықтарын, мақсаттарын, бағыттарын, қағидастарын, нысандары мен әдістерін айқындайтын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі» [1] екендігін ескерсек, еліміздегі жоғары оқу орындары мемлекеттік саясаттың аталған бағытына тиесілі мақсат-міндеттердің жүзеге асырылуында аса ауқымды қызмет атқарады және маңызды рөлге ие. Бұл әсіресе білім алушылардың кәсіби тұрғыдан ғылыми-танымдық, зерттеушілік, бастамашылдық, креативтік әлеуетін қалыптастыруда және одан әрі дамытуда айқын көрінеді.

Жаңа білім беру жүйесіне қойылып отырған халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім беру моделін қалыптастыру – Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйін сипаттайтын ең басты межелердің бірі.

Қоғамның негізгі әлеуметтік-мәдени, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларының қарқынды жаңғыруы, қоршаған болмысты мәдени-антропологиялық жақтан игеруге арналған озық технологиялардың дамуы қазақстандық білім беру жүйесіндегі, соның ішінде жоғары оқу орындарындағы инновациялық тенденцияның басым бағыт-бағдарларын анықтап отыр.

Тұлғаның ғылыми-танымдық әлеуеті оның түрлі ақпарат көздерін талдау, жіктеу, бағдарлау, пайдалану және репрезентациялау қабілетінің даму деңгейін айқындайды. Осы тұрғыда студенттің ғылыми-танымдық әлеуетін мақсатты түрде дамыту ақпараттық қоғамдағы ауқымды білімді меңгерген, өзбетінше жаңа идеялардың бастамашысы бола білетін «зерттеуші – студент» тұлғасының қалыптасуына ықпал етеді.

Қазір қазақстандық жоғары оқу орындарындағы білім беру қызметі студенттердің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал ететін білім беру бағдарламаларының кең спектрін ұсына алады. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Жоғары білімнің мақсаты белгілі бір мамандық бойынша дербес жұмыс жасау үшін жоғары білімі бар мамандардың сапасына қойылатын заманауи талаптарға сай келетін білікті, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауды қамтамасыз ету болып табылады» [2] деп көрсетілген. Сондай-ақ студенттердің білім деңгейіне қойылатын талаптар былайша топтастырылған:

- ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) пәндері саласында базалық білімінің болуы;
- заманауи техниканы қолдану дағдысының болуы, кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды қолдана білуі;
- күнделікті кәсіптік қызметке және магистратурада білім алуды жалғастыруға қажетті жаңа білімді меңгеру дағдысының болуы [2].

Ал әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптардың қатарында «ғылым және ғылыми ойлау туралы жалпы түсінігінің болуы», «қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу» және «кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылу» сияқты сапалық белгілер аталады. Бұл ретте «ғылыми ойлау» деген ұғым-түсінік білім алушылардың ғылыми-танымдық әлеуетіне тікелей қатысты. Ал ғылым – қоғамның, әлеуметтік өмірдің үлкен саласы, ал ғылымның дамуына ілесе отырып, ғылыми-танымды кеңейту – білім алушының кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуіне апаратын негізгі жол.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің жаңа стандарттарында студенттің оқу және ғылыми-зерттеушілік әрекетін тоғыстыруға баса назар аударылады, мұндағы мақсат:

- өзіндік бейімін түсіне отырып дамытатын, еркін сыни ойлай алатын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру;
- ізденісін, зерттеушілікке бейімділігін дамыту, қандай да бір нақты міндеттің шығармашылық тұрғыдан шешімін табуға бейімдеу, сондай-ақ практикалық міндеттерді жүзеге асыру үшін зерттеу әдістерін қолдану білік-дағдысын қалыптастыру.

Осы аталғандар түптеп келгенде, білім берудегі жаңа сапаның жетістіктері ғылыми-танымдық (зерттеушілік, шығармашылық, өзбетінше белсенділік) тәжірибені қалыптастыруға негізделетінін айқын танытады.

Әдіснама

«Жалпы тіл білімі» – филология мамандықтарында білім алатын студенттердің кәсіби маман ретінде қалыптасуына бірден-бір ықпал ететін іргелі, классикалық, базалық пән; лингвистиканың ғылыми-теориялық негізі қамтылған білім мазмұнының жиынтығы. Жалпы тіл білімі пәні әлемдік тілдердің әмбебап, барлығына ортақ мәселелерін зерттеуге бағытталады, соның негізінде жалпы тілдік теорияларды қалыптастырады, ол туралы нақты білім береді [3, 3].

Әрбір ғылым саласының теориялық платформасы саналатын, сол салаға сәйкес жинақталған іргелі білімдер жүйесін ұсынатын негізгі пәні болады. Айталық, математика үшін алгебра мен геометрия, физика үшін механика мен кванттық теория, биология үшін эволюция теориясы, жасуша теориясы мен генетика ең басты ғылыми-теориялық тұжырымдарды қамтитын пәндер ретінде танылады. Бұндай пәндер анағұрлым аясы тар салалардың және пәнаралық зерттеулердің негізін қалыптастырады.

Тұтастай алғанда, ғылым салалары үшін ғылыми білімді жинақтап, жүйелеп ұсынатын пәндер төмендегідей параметрлерді қамтиды:

- зерттеу нысанасы – белгілі бір ғылым саласы зерттейтін нысана;
- зерттеудің әдістері – зерттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін амал-тәсілдер;
- теориялық база – пән бойынша қорытындылар жасауға негіз болатын теориялар мен тұжырымдардың жиынтығы;
- практикалық қолданысы – алынған білімнің қолданылатын салалары;
- тарихи және философиялық негіздері – пәннің қалыптасуына тірек болған белгілі бір тарихи және философиялық дәстүрлер, осы арқылы пәннің зерттеу шекарасы белгіленеді.

Тіл білімі немесе лингвистика – тұтастай адамзаттың табиғи тілі туралы және жалпы әлем тілдері туралы ғылым.

Тіл білімі жалпы және жеке тіл білімі ретінде ажыратылады. Жалпы тіл білімі кез келген тілге тән сипаттарды қарастырса, жеке тіл білімі нақты бір тілді немесе ареалдық немесе типологиялық тұрғыдан белгілі бір туыстас тілдер тобын зерделейді, айталық, қазақ тіл білімі қазақ тілінің, түркітану түркі тілдерінің мәселелерімен айналысады.

Жалпы тіл білімі жеке тілдерді зерделеу үшін қажетті теориялық және әдіснамалық негізді ұсынады, бұл тілдік құбылыстар туралы жүйелі және жаһандық ғылыми тұжырымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жалпы тіл білімі мен жеке тіл білімінің айырмашылығы мынадай аспектілерде көрініс береді:

– *теориялық базасы* – жалпы тіл білімі тілдің жүйе ретіндегі қызметін түсіндіруге мүмкіндік беретін әмбебап түсініктер мен заңдарды анықтайды және қарастырады. Бұл заңдылықтар фонология, морфология, синтаксис, семантика және коммуникация қағидаттарына қатысты. Жалпы тіл білімінің осындай әмбебап теориялары болмаса, жеке тілдерді зерттеу дәйексіз, құрылымдық тұрғыдан әлсіз болар еді.

– *салыстырмалы талдау* – жалпы тіл білімі тілдер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға көмектесетін типологиялық зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді. Бұндай сипаттағы ізденістер жеке тіл білімі үшін пайдалы, нақты айтқанда, тілдердің жіктемесін жасауға, олардың дамуын кең шеңберде түсіндіруге жол ашады. Мәселен, 19 ғасырда пайда болған салыстырмалы-тарихи әдіс жалпы лингвистикалық әдіске негізделді.

– *әдіснама* – жалпы тіл білімінің аясында пайда болған әдістер жеке тілдерге қатысты ізденістерде қолданылады. Мәселен, құрылымдық лингвистикадағы және Ной Хомскийдің әмбебап грамматикасындағы әдістер нақты бір тілдің құрымылына терең талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Сол сияқты жалпы тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистикалық әдістер арқылы нақты бір тілдің қоғамдағы қызмет етуін түсіндіруге болады;

– *әмбебап үрдістер* – жалпы тіл білімінің шеңберінде тілдердегі әмбебап үрдістерді анықтауға көмектеседі, жалпы грамматикалық құрылымдарды немесе тілдердің дамуындағы ұқсас қағидаттары анықталады. Бұл жеке тіл білімі салаларындағы зерттеушілер үшін нақты сол тілді әмбебап аспектілерде талдаумен қатар жаһандық тілдік процестер тұрғысынан қарастыруға жол ашады;

– қолданбалы мәні – жалпы тіл білімі жеке тіл білімінің қолданбалы аспектілері үшін маңызды рөл атқарады, мәселен, жалпы тіл білімінің ғылыми қағидаттары компьютерлік лингвистикада кеңінен қолданылады.

Нәтижелер мен талқылау

«Жалпы тіл білімі» пәні – тілтанымның ғылыми бағыт ретінде қалыптасуында және лингвистикалық бағыттардың дамуында айрықша орын алатын негізгі лингвистикалық пән. Осы пәннің ғылыми-теориялық және педагогикалық аспектіде негізгі мазмұн қалыптасуына ықпал еткен еңбектерді екіге бөліп қарастыруға болады:

1. Жалпы тіл білімінің ғылыми-теориялық базасын қалыптастырған іргелі зерттеулер;

2. «Жалпы тіл білімі» пәнінің білім мазмұнын қалыптастырған зерттеу оқулықтары.

Ең алдымен лингвистиканы ғылым ретінде қалыптастыратын, зерттеу нысаналары мен әдістерінің ерекшеліктерін нақтылайтын ғылыми-теориялық зерттеулер мен ғылыми тұжырымдарға шолу жасау маңызды. Бұл жалпы тіл білімінің лингвистиканың ғылыми-теориялық платформасы ретіндегі мәнін дәйектейді.

Орта ғасырларда тіл білімі философияның тармағы ретінде қарастырылып, тек XIX ғасырдың басында қалыптасқан салыстырмалы-тарихи тіл білімімен байланысты жеке ғылым саласы ретінде бөлінді. Тұтастай алғанда, лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуы – гуманитарлық ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының дамуымен байланысты бірнеше ғасырдың жемісі. Жалпы тіл білімін лингвистиканың негізі деп тануда тіл білімінің ғылым саласы ретінде қалыптасуындағы негізгі кезеңдерге тоқталған жөн. Бұны қысқаша төмендегідей жинақтауға болады:

– *антикалық кезең* – тіл туралы алғашқы зерттеулер Көне Грецияда және Үндістаннан бастау алады. Платон мен Аристотель тілдің табиғатын, оның болмыспен және ойлаумен байланысы туралы алғашқы философиялық пайымдауларын айтса, 5 ғасырда үндістандық грамматика саласының маманы Панини санскрит тілінің ең алғашқы жүйеленген грамматикасын жасады. Бұлар лингвистикалық ғылымның ең ерте кезеңдерін құрайды;

– *орта ғасыр және ренессанс кезеңі* – Еуропада тіл философия мен теория контексінде зерделенді. Қайта өрлеу дәуіріндегі ежелгі ескерткіштердің мәтініне деген қызығушылықтан филологияның, соның ішінде лингвистиканың аясында классикалық тілдердегі мәтіндерге талдау жасау қолға алынды;

– *19 ғасыр және салыстырмалы-тарихи әдіс* – лингвистиканың жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы 19 ғасырда салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуымен байланысты болды. Неміс ғалымдары Якоб Гримм мен Франц Бопп – осы әдістің негізін салушылар, бұл әдіс әртүрлі тілдерді салыстыруға және олардың ортақ ататілін анықтауға мүмкіндік берді, сондай-ақ салыстырмалы-тарихи әдіс тіл эволюциясы деген түсініктің пайда болуына және лингвистиканың ғылыми жүйе ретінде қалыптасуына жол ашты;

– *қазіргі лингвистиканың қалыптасуы (20 ғасыр)* – өткен ғасырдың басында швейцарлық лингвист Фердинанд де Соссюр тілдерді синхронды және диахронды өлшеммен ажыратуды ұсынды, бұл тіл білімі үшін концептуалды мәнге ие болды. Ғалым тілді таңбалар жүйесі мен осы жүйенің қызметін индивидуалды түрде жүзеге асуын қамтамасыз ететін сөйлеудің арақатынасын ажыратты. Фердинанд де Соссюрдің ғылыми тұжырымдары тілді құрылым ретінде қарастыратын құрылымдық лингвистиканың негізін салды;

– *құрылымдық лингвистиканың дамуы* – өткен ғасырдың орта тұсында Р. Якобсон мен Ной Хомский зерттеудің шеңберін одан әрі кеңейтті. Хомский тілдің ішкі тетіктеріне, әмбебап грамматикалық қағидаттарға назар аударта отырып, әмбебап грамматиканы ұсынды;

– *антропоэзектік лингвистика* – қазіргі таңда тіл білімі когнитивтік лингвистикадан әлеуметтік лингвистика, нейролингвистика және қолданбалы лингвистикаға дейін көптеген бағыттар мен әдістерді қамтиды. Компьютерлік технология мен жасанды интеллект мүмкіндіктері тілді талдаудың жаңа перспективті бағыттарын дамытуға ықпал етті.

Кейінгі кезеңдерде қарқынды дами бастаған «постнеоклассикалық лингвистиканың жетекші белгілерінің бірі – тіл туралы ғылымда жалпы тіл жүйесіндегі және оның жеке ішкі жүйелеріндегі шоғырланудың тетіктерін түсінудің жаңа тәсілдерін жасауға бағытталған лингвосинергетикалық әдіснаманың нығаюы» [3, 29].

Демек, лингвистиканың ғылым саласы ретінде қалыптасу тарихи тіл туралы философиялық тұжырымдардан бастап, қазіргі пәнаралық бағыттарға дейінгі кезеңдерді қамтиды және зерттеудің әралуан әдістерін ұсынады.

Тілші ғалым С. Исакованың пайымдауынша, «филолог мамандардың ғылыми ой-өрісін қалыптастыруда тіл білімі тарихының ғылым ретінде пайда болуы ерекше рөл атқарады. Тіл білімінің негізін салушы ғалымдар, олардың негізгі еңбектері мен тұжырымдарын білу – әрбір филолог маманның міндеті» [4, 3].

Жалпы тіл білімінің ғылыми-теориялық базасын қалыптастырған іргелі зерттеулердің ең маңыздылары ретінде төмендегі тілші-ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына, олардың жалпы тіл білімінің дамуына қосқан үлесіне тоқталуды жөн көреміз.

Вилгельм фон Гумбольдт – тұтастай тілді ерекше құбылыс ретінде түсіндіруге, тілдің ғылыми мәнін анықтауға ғана емес, лингвистиканың жеке ғылым саласы болып қалыптасуына ықпал еткен ғалым. Жалпы тіл біліміндегі негізгі ғылыми тұжырымдары төмендегідей:

– *тіл ойдың көрінісі*: Гумбольдт тілді жай ғана қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, адамның ойлауы мен мәдениетінің сыртқы көрінісі деп анықтады. Ғалымның пайымдауынша, тіл адамның әлемді қабылдауын қалыптастырады және әрбір тілдік жүйесі болмысқа қатысты бірегей көзқарасты танытады.

– *тілдің динамикалық табиғаты*: Гумбольдт тілді тірі жүйесі ретінде қарастыра отырып, онда үздіксіз өзгерістер мен дамуға назар аударды. Тілдегі динамиканы *тілдік шығармашылық* және *тілдік өзгеріс* тұрғысынан қарауды ұсынды. Тілдік шығармашылықты жаңа бірліктердің жасалуы, ал тілдік өзгерістерді уақыт өте келе тілде орын алатын табиғи өзгерістер деп түсіндірді.

– *тілдегі әралуандылық*: Гумбольдт тілдердің мәдени контекстегі әралуандылығы туралы пайымдай келе, әртүрлі тілді үйрену әралуан халықтың ойлауы мен қабылдауындағы айырмашылықты түсінуге мүмкіндік береді дейді.

тіл философиясы: Гумбольдтың зерттеулері тіл философиясының одан әрі дамуына ықпал етті, әсіресе Фердинанд де Соссюр мен өткен ғасырдағы тілші-ғалымдардың ізденістеріне негіз болды [5].

Швейцариялық лингвист Фердинанд де Соссюр – құрылымдық тіл білімінің негізін қалаушы, ғалымның тіл біліміндегі негізгі ғылыми тұжырымдарын былайша топтастыруға болады:

– *тіл – құрылым*. Соссюр тілді таңбалар жүйесі ретін қарастырып, әрбір сөз (таңба) таңбаланушы (ұғым) және таңбалаушы (дыбыстық форма) деген екі компоненттен тұрады дейді. Бұл екі компоненттің арақатынасы тілдің табиғилық табиғатының негізі деген тұжырым жасайды;

– *синхрония және диахрония*: Соссюр тілді зерделеудің екі деңгейін ұсынды: синхронды (тілдің қазіргі өмір сүріп отырған кезеңдегі жай-күйін, қалпын зерттеу) және диахронды (белгілі бір уақыт ағынында орын алған тілдегі өзгерістерді зерттеу). Бұл әдіснама тілші-ғалымдардың тілдің статикалық және динамикалық тұрғыдан талдауына жол ашты;

– *ланг (langue) және пароль (parole)*: Соссюр “langue” және “parole” ұғымдарының арақатынасын ажыратты, нақты айтқанда “langue” – тіл – абстрактілі жүйе, “parole” – нақты бір тілді сөйлеуде пайдалану. Бұл тұжырым тілді индивидуалды тіл иесінен тәуелсіз, ережелер жүйесі ретінде зерттеуге негіз болды;

– *структурализм*: Соссюр – тіл біліміндегі структурализмнің негізін қалаушы. Структурализм – тілді өзара байланысты бөлшектердің / элементтердің жиынтығы ретінде қарастыру. Бұл бағыт тұтастай лингвистиканың, антропологияның және өткен ғасырдағы тіл білімінің ішкі салаларын дамытуға ықпал етті [6].

Фердинанд де Соссюрдің «Курс общей лингвистики» деп аталатын іргелі зерттеуі заманауи тілтаным үшін де іргелі еңбектердің бірі ретінде бағаланады.

Жалпы тіл білімінің пән ретінде қалыптасуы мен білім мазмұнының одан әрі жетілдірілуінде фонология ғылымының негізін салушы, ресейлік тілші-ғалым Н.С. Трубецкойдың «Основы фонологии» деп аталатын зерттеуі өзіндік орын алады. Еңбекте жалпы тіл біліміндегі тілдің дыбыстық құрылысы бойынша негізгі ғылыми теориялық тұжырымдар ұсынылған.

Фонология – тілдегі фонемалар мен олардың тіркесімін зерделеумен айналысатын тілтанымның саласы. «Основы лингвистики» деп аталатын зерттеуде фонологияның теориялық негіздері жасалған. Н.С. Трубецкой ең алғаш рет *фонема* түсінігін ғылыми айналымға енгізіп, сөз мағынасын өзгертуге қабілетті тілдің дыбыстық деңгейдегі ең кіші бірлігі ретінде анықтама берді. Осыдан кейін фонема фонологиядағы орталық ұғымға айналды және тілдің дыбыстық табиғатын анағұрлым терең зерттеуге жол ашты. Әсіресе ғалым тілдегі дыбыстың функционалдық рөліне, дыбыстың сөз бен сөйлемнің құрамындағы мәніне назар аударды. Сондай-ақ фонеманы тіл жүйесінің бөлшегі ретінде қарастыру лингвистикадағы «тіл-жүйе» тұжырымын дамытуға мүмкіндік берді.

Н.С. Трубецкойдың жалпы тіл білімінің ғылыми-теориялық іргетасын қалыптастырудағы бұл зерттеулері әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика сияқты пәнаралық бағыттардағы ізденістерге ықпал етті [7].

Жалпы тіл білімі пәнінің ғылыми-теориялық базасын құрайтын іргелі еңбектердің бірі – америкалық тілші-ғалым, Прага лингвистикалық мектебінің негізін қалаушылардың бірі Р.О. Якобсонның тұтастай алғанда жалпы тіл теориясы саласындағы зерттеулері. Р.О. Якобсон XX ғасырда тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосқан зерттеулерінің аясы өте кең, соның ішінде фонология, семиотика, поэтика және әлеуметтік лингвистика салаларын ерекше атауға болады.

Р.О. Якобсонның «Жалпы тіл білімі» пәні үшін маңызды тұжырымдарын былайша топтастыруға болады:

– *тілдің қызметі* – Р.О. Якобсон тілдің алты қызметін көрсетеді, олардың әрқайсысы коммуникацияның белгілі бір аспектісіне тиесілі: 1) референциалды қызмет – сыртқы әлем туралы ақпаратты беру; 2) эмоционалды-экспрессивті қызмет – сөйлеушінің эмоциясы мен сезімдерін көрсету; 3) конативті қызмет – адресатқа ықпал ету (бұйрық беру, өтініш жасау және т.б.); 4) фатикалық қызмет – коммуниканттар арасында тілдік қатынасты орнату және жүзеге асыру; 5) метатілдік қызмет – тілді арнайы мақсатта қолдану; 6) поэтикалық қызмет – тілдің формасы мен эстетикалық аспектідегі ерекшелігі.

– *фонема тұжырымы* – Р.О. Якобсон Н.С. Трубецкойдың ғылыми пайымдауларын одан әрі тереңдете түсті, фонеманың бірнеше жіктемесін ұсынып, тілдегі қызметін негіздеді және фонемалардың тілдің басқа қабаттарымен өзара байланысын зерттеді;

– *тілдің моделі* – Р.О. Якобсон тілді өзара байланысты элементтердің жүйесі ретінде қарастыра отырып, тілді зерделеудің құрылымдық тәсілін ұсынды. Бұл ретте ғалым тілді фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және семантикалық деңгейлерге бөліп, олардың өзара ықпалын көрсетті.

– *семиотика* – Р.О. Якобсон тілді таңбалық жүйе ретінде зерттеп, оның таңбалар жүйесі туралы ғылым саласы – семиотикамен байланысына, тілдің мәдени және әлеуметтік аспектілердегі қызметіне назар аударды [8].

Америкалық лингвист, генеративті грамматика теориясының негізін қалаушы Н. Хомскийдің «Синтаксистік құрылымдар» деп аталатын зерттеуі тілдің грамматикалық құрылымына қатысты тың пайымдауларды ұсынып, когнитивтік лингвистиканың дамуына жол ашты. Ғалымның тұжырымы бойынша, адамдар туылғаннан бастап тілге қабілетті болады және белгілі бір саны жағынан шектеулі ережелер грамматикалық жақтан дұрыс көптеген сөйлемдерді құруға мүмкіндік береді. Осы тұжырымға негіздей отырып, Н. Хомский «Генеративті грамматика» деп аталатын модельді ұсынды және лингвистикалық құзыреттілік ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Лингвист ғалымның бұл ғылыми

жаңалығы тілге қатысты көзқарасты өзгертті, нақтырақ айтқанда, тіл – жай ғана үйренуге болатын дағды емес, адамның когнитивтік қабілеттерінің бір бөлшегі [9].

Сонымен қатар Н. Хомский грамматиканы екі деңгейге ажыратты, бірі – үстіңгі құрылымдар, екіншісі – терең құрылымдар. Үстіңгі құрылымдар – нақты сөйлемдер, ал терең құрылымдар – осы сөйлемдерді құруға негіз болатын басты ережелер. Мұндай анықтама тілдер арасындағы айырмашылықты әмбебеп қағидаттар арқылы ажыратуға мүмкіндік берді және Н. Хомскийдің «Әмбебеп грамматика» аталатын тағы бір іргелі тұжырымын ұсынуға әкелді. Ғалымның айтуынша, барлық тілдерге ортақ бірыңғай әмбебап грамматика бар және бұл адамның миына салынған (яғни табиғи құбылыс). Бұл теория барлық тілдердің негізі бір дегенге саяды және когнитивтік ғылымдар мен психолингвистиканың дамуына айтарлықтай ықпал етті [9].

Ресейлік лингвист ғалым, фонетика, лексикология және морфология саласының белгілі маманы Л.В. Щербаның оқулығы жалпы тіл білімі бойынша кеңестік және ресейлік тілтанымдағы классикалық зерттеу ретінде бағаланады. Л.В. Щербаның фонема теориясы – сөздің мағынасын айыратын ең кіші дыбыстық бірлік ретінде фонема туралы алғашқы нақты теориялардың бірі. Ғалымның орыс тілінің және басқа тілдердің фонетикалық жүйесі туралы зерттеулері тілдің дыбыстық табиғатын тануға жол ашты.

Л.В. Щерба эксперименталды фонетиканың негізін қалады, нақты айтқанда, сөйлеу дыбыстарының артикуляциясы мен оларды қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеуді ұсынды. Осылайша ғалым тілдің дыбыстық жүйесін ғылыми тұрғыда талдаудың әдістерін ұсынды [10].

Л.В. Щербаның жалпы тіл білімінің ғылыми-теориялық базасы үшін қосқан үлесі – лингвистикалық лексика теориясы. Ол алғаш рет тілдің сөздік қоры туралы идеяны ұсына отырып, сөзді тілдің динамикалық элементі ретінде анықтады, зерттеушінің пайымдауынша, сөз контекстке қарай өзгереді [11].

Л.В. Щерба шет тілдерін оқыту бойынша инновациялық әдістемесін ұсынды. Ғалымның тілді оқытуға арналған оқу құралдары тілді контексте және күнделікті практикада қолдануға бағытталған [12].

Бұл аталған зерттеулер жалпы тіл білімі бойынша қазіргі оқулықтардың білім мазмұнын қалыптастыруға негіз болды және олардың ғылыми идеялары мен тұжырымдары әлем бойынша лингвистика саласындағы ғылыми курстарда кеңінен пайдаланылады.

Жоғары оқу орындарында филолог мамандарды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларының аясында оқытылатын «Жалпы тіл білімі» пәніне арналған классикалық және қазіргі оқулықтар бар. Бұл оқулықтардың білім мазмұны жалпы тіл білімі бойынша іргелі ғылыми-теориялық білімдер жүйесін ұсынады. Солардың бірқатарына талдау жасап көрелік.

Жалпы тіл білімі бойынша білім мазмұны жинақталған оқулықтарды жариялау белгілі швейцариялық лингвист Фердинанд де Соссюрдің «Курс общей лингвистики» деп аталатын еңбегінен басталады. Бұл еңбек ғалымның Женева университетінде оқыған дәрістері негізінде шәкірттері тарапынан құрастырылғаны белгілі және іргелі еңбек ретінде құрылымдық лингвистиканың ғана емес, тілтанымның заманауи бағыттарының дамуына негіз болды [6].

Ю.С. Степановтың «Основы общего языкознания» деп аталатын оқулығы – жалпы тіл білімі бойынша танымал оқулықтардың бірі. Автор лингвистиканың негізгі теориялық бағыттарын жүйелейді. Оқулықтың білім мазмұны мынадай тақырыптарды қамтиды:

- тілдің табиғаты және оның қызметтері – тіл әлеуметтік жүйе ретінде қарастырылады; тілдің таңбалық табиғаты сөз болады; қарым-қатынас процесіндегі тілдің рөлі талданады. Сондай-ақ тілдің танымдық, коммуникативтік және экспрессивті т.б. қызметтеріне назар аударады;

- тіл жүйесі – тілдің құрылымы, оның ішінде фонетика, морфология, синтаксис және семантика бойынша жан-жақты түсіндіріледі; тіл деңгейлеріне тән қағидаттар мен өзара байланысы қарастырылады;

– тілдің тарихи дамуы – уақыт бойындағы тілдегі динамикалық өзгерістер талданатын, жеке тілдердің эволюциясы сөз болады;

– әлеуметтік лингвистика және психолінгвистика – тілдің әлеуметтік аспектідегі мәселелеріне және тіл мен қоғамның арақатынасына байланысты сұрақтарға тоқталады; тіл ойлауды қалай қалыптастырады және ол қалай көрініс табады деген проблемалар психолінгвистика мен когнитивтік лингвистиканың аясында қарастырылады;

– лингвистикалық зерттеулердің әдіснамасы – автор лингвистикалық талдау әдістерін тереңірек түсіндіреді, соның ішінде салыстырмалы-тарихи әдіс, тілдердің типологиясы және құрылымдық лингвистика әдістеріне баса назар аударады.

Бұл оқулық тіл туралы ғылым жайлы базалық тұжырымдардан бастап, күрделі теориялық проблемаларға дейінгі тұтас әрі жүйелі түсініктемелерді қамтиды [13].

Б.А. Серебринниковтың «Общее языкознание» деп аталатын оқулығы лингвистикадағы дәстүрлі және қазіргі жаңа бағыттарды қарастырып, тілдің құрылымдық аспектілеріне және қолданыс аясына қатысты бағыттарға назар аударады. Оқулықта автор тарапынан жалпы тіл білімінің бірнеше мәселелері жинақталған, атап айтқанда, Б.А. Серебринников тілдің ішкі құрылымын фонетика, морфология, синтаксис және семантикадан тұратын тұтас жүйе ретінде қарастырады. Оқулықта аталған әрбір тіл қабатының өзара байланысы тілді тұтас және функционалды жүйе ретінде қалыптастыруға ықпал ететіндігі тұжырымдалған. Сондай-ақ тілдің бірнеше қызметі талданып, тіл динамикалық жүйе ретінде анықталған. Құрылымдық ерекшеліктері бойынша тілдерді жіктеу мәселелері көтеріліп, тілдер арасындағы типологиялық айырмашылықтар сөз болады. Оқулықта тілдің әлеуметтік аспектідегі сипаты, әсіресе әлеуметтік сәйкестік пен мәдениетті қалыптастырудағы тілдің рөлі талданады. Б.А. Серебринниковтың «Общее языкознание (Внутренняя структура языка)» деп аталатын оқулығы жалпы тіл білімінің теориялық және қолданбалы аспектілерін тоғыстырумен ерекшеленеді [14].

И.А. Бодуэн де Куртенэнің «Общее языкознание» деп аталатын оқулығында тілдің табиғаты, құрылымы және дамуы туралы іргелі білім ұсынылған және морфология мен фонетикаға баса назар аударылған. Бұл оқулық – тіл теориясының және құрылымының маңызды аспектілерін қамтыған лингвистика тарихындағы ең маңызды еңбектердің бірі. Бодуэн де Куртенэ қазіргі лингвистикалық зерттеулердің негізін салушылардың бірі, әсіресе фонология мен морфология саласындағы тұжырымдары тілтанымның ғылыми іргетасын бекіте түсті. Бодуэн де Куртенэ зерттеулері құрылымдық лингвистика мен типологиялық лингвистиканың дамуына айтарлықтай ықпал етті. Ғалымның осы зерттеулері өзінің «Жалпы тіл білімі» деп аталатын оқулығында жинақталған. Оқулықтағы негізгі тақырыптарды былайша жүйелеуге болады:

- теориялық тіл білімінің негіздері және лингвистикалық талдау әдістері;
- фонетика және фонология, ғалымның фонемаға қатысты тұжырымы;
- морфология және синтаксис, сөздің құрылымы мен қызметін талдауға арналған;
- тілдік өзгерістердің ықпалы және салыстырмалы-тарихи тіл білімі [15].

И.А. Бодуэн де Куртенэнің ғылыми тұжырымдары қазіргі лингвистиканың ғылыми-теориялық базасы үшін әлі де маңызды деп бағаланады.

Соңғы жылдары әлемдік деңгейде жалпы тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуын сипаттауға арналған ізденістер арнасы жаңа зерттеулермен толықты. Солардың бірі – америкалық зерттеуші Дж. Фредрик Ньюмейердің “American linguistics in transition: From post-Bloomfieldian structuralism to generative grammar” / «Өтпелі кезеңдегі американдық лингвистика: блумфилдтен кейінгі структурализмнен генеративті грамматикаға дейін» деп аталатын еңбегі. Бұл зерттеу Америкалық лингвистикалық қоғам (LSA) құрылған 1924 жылдан 1960 жылға дейінгі америкалық тіл білімінің эволюциясын талдауға арналған. Зерттеудің алғашқы үш тарауы құрылымдық бағытқа арналған, атап айтқанда, «Америкалық лингвистикадағы структуристердің өрлеуі» деп аталатын бірінші тарауда Ньюмейер америкалық тіл біліміндегі құрылымдық бағыттың қарқынды дамуын қарастырады. Ғалымның басты назар аудартқысы келгені – лингвистиканың ғылыми

мәні, нақты айтқанда, құрылымдық бағыт тілтанымның ғылым саласы ретінде қарқынды дамуына және басқа салалармен байланысына мүмкіндік берді. “American structuralism and European structuralism: How they saw each other” / «Американдық структурализм және еуропалық структурализм: олардың арақатынасы» деп аталатын екінші тарау америкалық структурализм мен еуропалық структурализмнің арақатынасы мен байланысын талдауға арналған. Ньюмейер американдық лингвистиканың Еуропада терең тамыры бар екенін атап өтеді [16]. Дж. Фредрик Ньюмейердің аталған еңбегі жалпы тіл білімінің ғылыми-теориялық базасының ауқымын кеңейтуге үлес қосады.

Бұл оқулықтар – жалпы тіл білімі пәнін оқытуда жоғары білім беру жүйесінде де, жалпы тіл білімінің негізгі тұжырымдарын өзбетінше зерделеуде де сұранысқа ие еңбектер.

Қазақстандық жоғары оқу орындарындағы филология факультетінің студенттеріне арналған «Жалпы тіл білімі» бойынша оқулықтарды жариялау, тілдің құрылымдық-жүйелік сипатына қатысты зерттеу нәтижелерін жинақтап, ғылыми-көпшілікке ұсыну қазақ тілтанымның негізін қалаушы А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады [17]. Ұлт ұстазының «Тіл – құрал» деп аталатын еңбегі қазақ тілінің қазақ тіл білімінің зерттеу нысанасы ретінде алғаш танылуына жол ашты.

Зерттеу нысанасына қатысты нақтылай түсу үшін қазақ тіл білімінің қалыптасуына, дамуына және одан әрі қарай зерттелуіне үлес қосқан іргелі, классикалық зерттеулерге жеке тоқталмай, қазіргі таңда жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылып келе жатқан «Жалпы тіл білімі» пәнінің білім мазмұнын қамтитын оқулықтарға тоқталуды жөн көреміз.

Ғалым Б. Қалиұлы «Жалпы тіл білімі – ғылыми пән. Ол тіл білімінің жалпы теориясын қарастырады. Бұл пәннің негізгі мақсаты – студенттерді негізгі тілдік теориялармен қаруландыру» дей отырып, «жалпы тіл білімі» дегеніміз – тіл туралы ғылымның өткен жолын, тарихын, бағыт-бағдарын, әдістерін белгілейтін жалпы теориялық пән. Оның басты мақсаты – тіл білімінің ең өзекті, ең негізгі мәселелеріне (проблемаларына) жүйелі түрде талдау жасап, олардың өзіндік сипаттарын айқындау [18, 3-4].

Б. Қалиев жалпы тіл білімінің білім мазмұнын үш тарауға бөліп қарастырады:

- 1) тіл білімінің тарихы;
- 2) тіл теориясы;
- 3) тіл білімінің зерттеу әдістері.

С.С. Исакова мен М.Т. Куштаеваның авторлығымен жарық көрген «Жалпы тіл білімі» деп аталатын оқу құралы «жалпы тіл білімінің негізін қалған классиктер және олардың негізгі еңбектері, әлем тіл білімінің жаңа бағыттары, жалпы тіл білімінің мазмұнын ашатын тірек сызбалар, глоссарий, тест тапсырмаларын» қамтиды [4]. Оқу құралында аталғандай, бұл пән «филолог мамандарды даярлаудағы мемлекеттік стандартқа енген міндетті компонент болып есептеледі» [4, 3].

«Жалпы тіл білімі» оқу құралы «Тіл білімінің тарихы», «Тіл теориясы», «Тіл біліміндегі зерттеудің әдістері мен тәсілдері» және «Әлем тіл білімінің жаңа бағыттары» деп аталатын тарауларға жинақталған [4].

Оқу құралының негізгі мазмұнына тақырыптар бойынша негізгі терминдік ұғым-түсініктер (240-қа жуық) глоссарий түрінде жинақталған. Ұсынылған глоссарийді студенттерге өтілген тақырып бойынша негізгі терминдер туралы ғылыми ақпаратты ұсынатын шағын түсіндірме сөздік деп бағалауға болады [4, 244-272].

Оқу құралының білім мазмұнына негізделген тест тапсырмаларының 15 нұсқасы ұсынылған. Әр нұсқа 25 сұрақты қамтиды, әр сұраққа бес жауап нұсқасы берілген. Бұл тестілік тапсырмалар оқытушы үшін де, студенттер үшін де өтілген тақырыптар бойынша білімді бекітуге пайдалы болары сөзсіз.

Ж. Қоңыратбаеваның құрастырумен жарық көрген «Тіл білімі ғылымының теориясы мен тарихы» – «жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттері мен магистранттарына ұсынылып отырған оқу құралы. Ж. Қоңыратбаеваның «Тіл білімі ғылымының теориясы мен тарихы» деп аталатын оқу құралының құрылымы теориялық және практикалық бөлімдерімен ерекшеленеді. Оқу құралының мақсаты – «Лингвистика

ілімінің тарихы» және «Жалпы тіл білімі» курстарының басты мәселелерін кешенді түрде тұжырымдап талдау. Кешен болашақ филологтарға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, негізгі теориялық бағыт-бағдарынан, ғылым алдында тұрған басты-басты мәселелерден оқу бағдарламасы талабына сай жүйелі білім береді» [19]. Бұл оқу құралының білім мазмұны тіл білімінің тарихы мен теориясына, зерттеудің әдістеріне қарай 20 тақырып түрінде жүйеленген және тақырыптарға байланысты 20 бөлімнен тұратын практикалық жұмыстар ұсынылған. Әрбір тақырып *жоспар, негізгі әдебиеттер, реферат тақырыптары, тест сұрақтары, тапсырмалар* мен *бақылауға арналған сұрақтарды*, сондай-ақ *терминологиялық минимумды* қамтиды.

Жалпы тіл білімінің ғылыми-теориялық базасын қалыптастырған іргелі зерттеулер мен оқулықтар қатарын талдауды әрі қарай жалғастыра беруге болады. Өйткені лингвистикалық ғылым саласы болып қалыптасуына ерекше үлес қосқан ғылыми ізденістердің қатары өте көп. Бұл бағыттағы талдауларды толықтыру зерттеудің келесі кезеңдерінің міндеттерімен сабақтастықта жалғасын табады.

Қорытынды

Теориялық білім және оның дамуы – заманауи ғылымға тән сипаттардың маңызды бөлігі. Заманауи ғылым адамның дүниені танымдық және практикалық тұрғыдан игеру көкжиегін үздіксіз кеңейтіп отыр. Мәдени-тарихи феномен ретінде ғылым мен теориялық білім өркениет пен мәдениеттің тарихи дамуымен сабақтастықта пайда болады. Заманауи өркениет ғылымның жетістіктерімен тығыз байланысты. Ғылымның жетістіктері мен олардың өндіріске енуі арқылы адамзат өткен ғасырдағы және жаңа мыңжылдықтағы технологиялық прогреске қол жеткізіп, өмір сүрудің жаңа сапасын қалыптастырды. Бұл мәселе ғылым дамуының негізгі үрдісіне және оның артықшылықтарына талдау жүргізуді қажет етеді [20, 8].

«Жалпы тіл білімі» пәні болашақ филолог мамандар үшін іргелі лингвистикалық ғылыми білімдер жүйесі болып саналады. Бұл, ең алдымен, жалпы тіл білімі тілдің табиғаты туралы іргелі түсінікті қалыптастыруымен байланысты. Нақты айтқанда, тіл қандай элементтерден тұрады және тілдің әртүрлі қабаттары (фонетика, морфология, синтаксис, семантика) өзара қалай байланысады деген сұрақтарға жауап береді. Бұл әрі қарай нақты бір тілге қатысты ғылыми талдаулар жүргізу үшін маңызды.

«Жалпы тіл білімі» пәні – лингвистиканың барлық бағыттары үшін теориялық базаны ұсына отырып, салыстырмалы-тарихи тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика және тағы басқа тілтанымның ішкі салаларына негіз болатын жалпы теориялық платформаны қалыптастырады.

«Жалпы тіл білімі» пәні студенттердің «тілдік әралуандық» туралы ғылыми түсінігін қалыптастырады. Филолог мамандар әралуан тілдерді зерттейтіндіктен, тілдерге тән ортақ, жалпы заңдылықтарды білуі тиіс, бұл тілдерді салыстыра талдауға мүмкіндік береді, тілдер арасындағы айырмашылықтарды ғана емес, ұқсастықтарды анықтай отырып, тілдің эволюциялық табиғатын және өзара ықпалдастығы туралы ғылыми танымы кеңейеді.

«Жалпы тіл білімі» пәні студенттердің аналитикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді, яғни әртүрлі деңгейдегі тілдің құрылымы мен қолданыс аясын талдауда логикалық тұрғыдан ойлауға және жүйелі пайымдауға дағдыландырады. Бұл оқыту үдерісінде, аударма жасауда немесе ғылыми зерттеулер жүргізуде тілді кәсіби тұрғыдан талдауға жол ашады.

Тілдердің тарихи дамуы туралы ғылыми білімді меңгерту – «Жалпы тіл білімін» оқытудағы маңызды міндеттердің бірі. Филолог мамандар уақыт ағынында тілдер қалай дамидыны және қандай өзгерістерге ұшырайтынын білуі тиіс. Жалпы тіл біліміндегі ғылыми теориялар ежелгі және қазіргі тілдік формаларды зерделеу үшін маңызды болып саналатын тіл эволюциясын бақылауға мүмкіндік береді.

«Жалпы тіл білімін» оқытуда студенттердің ғылыми-танымдық әлеуетін арттыру лингвистиканың пәнаралық байланыстары туралы ғылыми біліммен тығыз байланысты. Белгілі ғалым А.Е. Кибрик тіл ғылымының басқа ғылым салаларымен байланысын

«лингвистикалық экспансия» ретінде бағалады. Лингвистика психология, философия, медицина, әлеуметтану, география сияқты әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының түрлі салаларымен тоғысып, тілтанымның пәнаралық бағыттары қалыптасты. Бұл бағыттар әсіресе тілтанымның антропоэзектік парадигмасы аясында дамытылып келеді. Тіл білімінің басқа ғылым салаларымен арақатынасынан туындайтын ғылыми проблемаларды білу филолог мамандардың ғылыми зерттеудің аспектісін дұрыс негіздеуіне мүмкіндік береді.

«Жалпы тіл білімі» пәнін оқытуда филолог мамандар теориялық зерттеулермен ғана емес, *тілді оқыту, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу, компьютерлік лингвистика саласында, мәтінді талдау бойынша, аударма жасау және т.б.* практикалық міндеттерді де жүзеге асыруға жол ашатын дағдыларды меңгереді.

«Жалпы тіл білімі» пәні болашақ филолог мамандар – студенттердің барлық деңгейде тілге қатысты зерттеулер мен талдаулар жүргізу үшін маңызды негізгі білімді және инструменттерді меңгеруін қамтамасыз етеді.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. А.С. Набидуллин мақаладағы талдауларды жүзеге асырып, негізгі тұжырымдамалар мен қорытындыларды ұсынды және мақаланың негізгі бөлігін жазды. Ж.Т. Дәулетбекова зерттеу нысанына қатысты проблемаларды талқылау жұмыстарына үлес қосты. Мақаладағы қорытындылардың түпнұсқалығына және шынайылығына авторлар тең дәрежеде жауапты.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Ғылым туралы Заңы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407> (қаралған күні: 13.08.2024)
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (қаралған күні: 13.08.2024)
3. Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б. Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №1 (122). – С. 20-31. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-122-1-20-31>
4. Исакова С.С. Жалпы тіл білімі (5B020500-«Филология: қазақ филологиясы» мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы). – Алматы: «Эпиграф» баспасы, 2019. – 404 б.
5. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 2000. – 400 с.
6. Соссюр Ф. Курс общей лингвистики: Изданный Ш. Балли и А. Сеше при участии А.Ридлингера. Пер. с фр. – Москва: URSS, 2023. – 256 с.
7. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. Пер. с нем. – Москва: URSS, 2012. – 336 с.
8. Якобсон Р.О. Лингвистика и поэтика // Структурализм «за» и «против». – Москва, 1975. – С. 193-230.
9. Хомский Н. Картезианская лингвистика: глава из истории рационалистической мысли. Пер. с англ. – Москва: URSS, 2021. – 228 с.
10. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Изд. 4. – Москва: URSS, 2008. – 432 с.
11. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. – Москва, 2016. – 352 с.
12. Щерба Л.В. Преподавание иностранных языков в школе. – Москва: Издательство Юрайт, 2024. – 148 с.

13. Степанов Ю.С. Основы общего языкознания. – Москва: URSS, 2020. – 272 с.
14. Серебрянников Б.А. Общее языкознание (Внутренняя структура языка). – Москва, 1972. – 566 с.
15. Бодуэн де Куртенэ И.А. Общее языкознание. Избранные труды. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 329 с.
16. Frederick J.N. American linguistics in transition: From post-Bloomfieldian structuralism to generative grammar. – Oxford: Oxford University Press, 2022. – 412 p. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0022226723000166>
17. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 3. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
18. Қалиұлы Б. Жалпы тіл білімі: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, 2004. – 120 б.
19. Қоңыратбаева Ж. Тіл білімі ғылымының теориясы мен тарихы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 308 б.
20. Степин В.С. Теоретическое знание. – Москва, 1999. – 393 с.

А.С. Набидуллин*, Ж.Т. Даулетбекова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Преподавание дисциплины «Общее языкознание» в системе высшего образования как научно-теоретической базы лингвистики

Аннотация. Статья посвящена анализу актуальности преподавания дисциплины «Общее языкознание» в системе высшего образования и аргументации дисциплины как научно-теоретической базы лингвистики. Результаты анализа и представленные выводы в исследовании позволяют оценить роль преподавания дисциплин, составляющих научно-теоретическую базу в формировании научно-познавательного потенциала студентов. В современной системе высшего образования очевидна необходимость приоритета качества образования для представления эффективной концепции подготовки специалистов. Содержание дисциплины «Общее языкознание» содержит наиболее важную научную информацию, такую, как этапы становления и развития лингвистики как отдельной отрасли науки, методы и приемы, научные парадигмы. В связи с этим данная дисциплина является системой фундаментальных знаний, повышающих научно-познавательный потенциал студентов по лингвистике.

Основная цель статьи – определить актуальность преподавания «Общего языкознания» в системе высшего образования как научно-теоретической базы лингвистики и систематизировать основные проблемы, на которые следует обратить внимание в данной области.

Ключевые слова: система высшего образования, дисциплина «Общее языкознание», научно-теоретическая база лингвистики, фундаментальные исследования, учебники.

A.S. Nabidullin*, Zh.T. Dauletbekova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Teaching of “General Linguistics” in the higher education system as a scientific and theoretical basis of linguistics

Abstract. The article is devoted to analyzing the relevance of teaching “General Linguistics” within the higher education system and justifying this discipline as the scientific and theoretical foundation of linguistics. The results of the analysis and the conclusions presented in the study allow for an assessment of the role that disciplines forming the scientific and theoretical base play in developing the scientific and cognitive potential of students. In the modern higher education system, the need to prioritize educational quality is evident in order to present an effective concept for training specialists. The content of the “General Linguistics” discipline includes critical scientific

information, such as the stages of the formation and development of linguistics as a distinct scientific field, along with its methods, techniques, and scientific paradigms. As such, this discipline serves as a fundamental knowledge system that enhances students' scientific and cognitive potential in the field of linguistics.

The main purpose of the article is to determine the relevance of teaching "General Linguistics" in the higher education system as a scientific and theoretical foundation of linguistics, and to systematize the key issues that should be addressed in this area.

Keywords: higher education system, discipline "General Linguistics", scientific and theoretical foundation of linguistics, fundamental research, textbooks.

References

1. Kazakstan Respublikasynyn Gylym turaly zany [Law of the Republic of Kazakhstan on Science]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407> (accessed 13.08.2024) [in Kazakh]
2. Zhogary zhane zhogary oku ornynan keyingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinin 2022 zhylygy 20 shildedegi №2 buyrygy [Order of the minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan On approval of State Mandatory Standards of Higher and Postgraduate Education dated July 20, 2022 No. 2]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (accessed: 13.08.2024) [in Kazakh]
3. Aliferenko N.F., Nurtazina M.B. Modern trends in the science of language: vectors of scientific research. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 122(1), 20-31 (2018), DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-122-1-20-31> [in Russian]
